

А.А. САТБЕКОВА

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Алматы 2013

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

А.А.САТБЕКОВА

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Алматы 2013
«Қыздар университеті» баспасы.

УДК
ББК
С

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Редакциялық баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

Г.Н.Смағұлова – филол. ғыл. докторы, профессор;

Р.С.Рахметова – педаг. ғыл. докторы, доцент.

Сатбекова А.А.

С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы:
Оқу құралы./ Сатбекова А.А. – Алматы: «Қыздар университеті»
баспасы. 2013. - 210 бет.

ISBN

Оқу құралында жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақ тілін жобалау технологиясы арқылы оқыту мәселелері теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылады. Жобалай оқыту технологиясы студенттердің танымдық қызығушылығын дамытуды да көздейді. Еңбекте тілді оқытудың қазіргі заманғы әдістемесіне кең көлемде орын берілген. Қазақ тілін оқыту әдістемесі курсы бойынша студенттердің алған білімдерін тексеру мақсатында тест тапсырмалары берілген.

Оқу құралы өзгетілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытып жүрген оқытушыларға, жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ әдіскерлер мен магистранттарға арналады.

ISBN

**УДК
ББК**

© Сатбекова А.А., 2013

© «Қыздар университеті» баспасы, 2013

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңдағы Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне енуге деген мүдделілігі осы салада халықаралық әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан озық деп танылған оқыту модельдерін өз мүмкіндігімізге сай үйлестіре қолдану үшін заман талабына лайық отандық білім беру стратегиясы мен тактикасын жаңалаудың қажеттілігін арттырып отыр. Өйткені «ұлттың бәсекелестік қабілеті, бірінші кезекте, оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз»[1]. Бұл үздіксіз білім беру жүйесінің аса бір маңызды буыны болып саналатын жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісін де түбегейлі жетілдіруді қажет етеді. Себебі жоғары білім дамуының негізгі қозғаушы күші болса, білімді де білікті маман – еліміздің ертеңін, жарқын келешегін құрушылар.

Кәсіби білім берудің басты мақсаты – жас толқынның қабілеті мен қызығушылығына қарай кәсіби әрекетті игеруіне, белгілі бір мамандықтың иесі болуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Ал өз кезегінде сол білім әр адамның өзін-өзі тануының, маман ретінде қалыптасуының, өзін-өзі көрсете білуінің, яғни ішкі мүмкіншілігі мен тұлғалық қабілеттерінің ашылуының құралы болып табылады. Отандық тәжірибеге зер сала қарағанда, студенттерге шынайы білім беру бағытындағы ең мәнді қадам деп олардың өздігінен ізденуіне, алған білімін нақты тәжірибеде қолдануына жол ашатын кредиттік оқу жүйесіне көшу барысында осы жаңа жүйенің мүмкіндіктеріне лайық жаңа технологиялардың да белсенді түрде енгізіле бастағанын айтуға болады. Сондықтан да соңғы жылдарда жоғары оқу орындарында гуманистік бағдардағы «субъект-субъект» қатынасына негізделген білім беру жүйесіне басымдылық берілуі инновациялық технологияларды кең түрде зерттеп, оларды оқыту үдерісіне біліктілікпен батыл енгізудің қажеттігін талап етуде. Бұл Қазақстан Республикасының азаматы ретінде студенттердің жеке тұлғалық мәдениеті мен танымдық-практикалық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін осы бағыттағы ізденістерді кеңейтудің және сол технологияларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделеп зерттеудің көкейкестілігін дәлелдейді. Ал студенттің тұлға-

лық мәдениетінің бір арнасын олардың мемлекеттік тілді білу деңгейі құрайтындықтан, бұл пәнді оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолданудың жолдарын айқындау мәселесін шешу айрықша мәнге ие болып отыр. Кез келген технология білім берудің мақсатынан бастап оның түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы оқытудың әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттің біртұтас ортақ мүддеге бірлесе қызмет етуінің тиянақталған жолы болып саналады.

Технология – грек тілінен аударғанда «шеберлік» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің мағынасы педагогика саласында қолданғанда шеберлікпен өнім алу, нақты нәтижеге жету, белгілі бір жүйемен оқыту деген ұғымдарға парапар. Педагогикада оқыту технологиясы мен білім сапасы бір-бірінен ажыратуға болмайтын, өзара тәуелді, өзара сабақтас егіз ұғымға айналды. Себебі оқыту технологиясының тиімділігі сапалы нәтижелерге әкелетін факторларды үйлесімділікпен басқаруға тікелей байланысты болса, ал үйлесімді басқару жүйелілік арқылы сапаға қол жеткізудің басты шарты болып саналады. Сондықтан отандық та, әлемдік те ғылымда педагогикалық технологияларға арналған зерттеулер аясы кеңейе түсуде.

Жобалай оқыту технологиясына қатысты ғылыми ізденістер уақыт өткен сайын жаңарып, жаңғырып, толығып, дамып келеді. Зерттелген сайын оның жаңа өрістерінің де кеңейе түсуі бұл мәселенің өміршеңдігін танытады. Жобалай оқыту технологиясының алғашқы соқпағы ХҮІІ ғасырдағы Париждің Корольдік сәулет академиясының тәжірибесінен басталады. ХХ ғасырдың ортасынан бастап АҚШ-тың, Германияның білім беру саласында, ал ғасыр соңында ТМД елдерінің оқыту жүйесінде кең өріс алғаны белгілі. Жобалай оқыту технологиясының теориясын алғаш негіздеген ғалымдар Д.Дьюи [2] мен В.Килпатрик [3] болатын. Олар бұл технологияның әмбебаптық сипатын дәл анықтап, оның интеллект дамытудағы маңызын жоғары бағалады. Кейін бұл технологияның теориясын дамытқан Е.С.Полат [4], В.Д.Симоненко [5], М.Б.Павловтардың [6] зерттеулері болды.

Қазіргі таңда оқыту технологияларының жалпы заңдылықтары мен қағидалары нақтыланып, оларды қолданудың өзіндік жүйесі бірізге түсірілген деп кесіп айту орынды болмас. Өйткені технология шеберлікпен, өнермен тамырлас ұғым бол-

ғандықтан, оның мүмкіндіктерінің де шексіз екені аян. Әйтсе де олардың аражігін ажыратып, әр технологияның өзіндік сипаттарын пәнді оқытудың ерекшелігіне сай айқындап берген еңбектер қатары молайып келеді.

Білім беру жүйесінің әр буынында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту үдерісінде оқыту технологияларын жаңа қырынан қарастырған, оларды тандап, талғап қолданудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін арнайы зерттеген жұмыстар қатарында Ф.Оразбаеваның қатысымдық технологиясын [7], М.Жанпейісованың модульдік технологиясын, Қ.Қадашеваның жаңғырта оқыту технологиясын, Р.Шаханованың мамандыққа бейімдеп оқыту технологиясын, З.Бейсенбаева мен К.Жақсылықованың модульдік технологияларын, Н.Құрманованың дамыта оқыту технологиясын, Н.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясы, Н.Шадиеваның деңгейлік оқыту технологиясын, К.Мухлистің компьютерлік технологиясын, белсенді оқыту әдістерін зерттеген Ж.Сүлейменова мен Ә.Әлметованың сұхбаттық оқыту технологиясын, А.Жапбаровтың, А.Қыдыршаевтың, Ж.Дәулетбековалардың тіл дамыту мен сөз мәдениетін қалыптастыруға қатысты жаңа технология қағидаларын атауға болады.

ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұловтың: «... Біздің болашағымыз жоғары оқу орындарының санында емес, сапалы да сұранысқа ие білімінде екенін түсінетін кез келді» деген пікірі білім сапасына байыптылықпен қарап, оны жаттандылықтан, жасандылықтан арылтып, студенттердің мүддесі мен қоғам мүддесін ұштастыра алатын жаңа жүйелерді таңдауды міндеттейді [8]. Бұл міндетті орындауда жобалай оқыту технологиясының ұтымдылығы айқын көрінеді. Мұнда студенттің өздігінен әрекет етуіне қолайлы жағдай жасалады: ол бағдарлама көлемінен тыс білім қорын жинауға төселеді, сол қорды өз қажетіне қарай пайдалануға дағдыланады, қатысымдық, тілдік-лингвистикалық, ақпараттық, проблеманы шешу, мәдени-танымдық құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік алады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Тіл саясатын [9], мемлекеттік тілді дамыту саясатын [10] басшылыққа ала отырып, ЖОО-да мемлекеттік тілді оқыту барысында жаңа парадигмаларға сай инновациялық жүйелерді енгізу керек. Себебі

«тек сондай жүйе арқылы ғана білім алушыларды өз өмірінің әр қадамын жобалай алуына, болашағына жауапкершілікпен қарауға, өзі мен өзінің меңгеріп жатқан кәсібіне деген сенімін қалыптастыруға игі ықпал ете алады» [11]. Жасыратыны жоқ, 2006-2007 оқу жылынан бастап қазақ тілін оқытуға қосымша сағаттар бөлінгенімен, сол мол сағатты пайдалы және сапалы қолдануға қажетті оқу-әдістемелік жүйенің ескіліктен арыла алмауы салдарынан білім нәтижесі әлі де талапқа сай келмей отыр. Оған қоса өзгетілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың бірыңғай Тұжырымдамасы, Стандарты, Типтік бағдарламасы болмауы да білім сапасына кері әсерін тигізуде. Оқытудың түпкі нәтижесінің нақтыланбауы оны қалыптастыруға қажетті технологиялардың да өз деңгейінде қолданылуына кедергі келтіретіні сөзсіз. Ал біздің зерттеу мәселеміздің ғылыми тұжырымдары мен практикалық ұсыныстары қазіргі таңда өріс алып отырған: а) жобалай оқыту технологиясының жаңа заман сұранымына сай білім берудегі мүмкіндігі мен оның ғылыми дәйектелуі арасындағы; ә) бұл технологияның кредиттік оқу жүйесінің талаптарымен толық үндестігі мен әлі де жаттанды оқытудан қол үзе алмаған білім берудің схоластикалық жүйесі арасындағы; б) жобалай оқытудың өзгетілді дәрісханаларда мемлекеттік тілді меңгертудегі тиімділігі мен оның нақты практикадағы қолданысы арасындағы қайшылықтарды шешуді көздейді.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР


Дүниедегі қандай құбылыс болса да, сан мен сапаның өлшемі арқылы танылады. Сапалылық – өмірдегі барлық құбылысқа тән қасиет. Сапа құбылысқа немесе нәрсеге тән барлық сипаттардың кешенді болмысын танытады және сол сипаттардың адам қажеттілігіне немесе осы нәрсе туралы идеалдандырылған ғылыми сипаттауларға сәйкестігін анықтайды. Ғылыми идеалдандырылған пайымдаулар шындық болмыстан жаттанған сияқты болғанымен, ғылыми болжамдарға сүйене отырып, сол құбылыстың өзгеруі мен дамуының объективті заңдылықтарын білуге негіз қалайды. Мұндай пайымдаулар бірден айқын қажеттілікке айнала қоймайды, бірақ сапаны анықтаудың бір өлшеуіші ретінде белгілі бір орын алады. Сондықтан да жоғары оқу орындарында білім берудің сапасын қарастыру үшін, алдымен, білім беру үдерісінің дамуына ықпал ететін, оны қоршаған ортаға тән заңдылықтарды кешенді тану қажеттілігі туындайды.

Стандарттаудың халықаралық ұйымы берген анықтамада: «Сапа – объектінің оған дейін қалыптасқан және алда күтілетін қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын қабілеттері болып саналатын сипатының жиынтығы», -делінген [12]. Олай болса, білім берудің сапасы тек түпкілікті нәтиже деп қана қарастырылмайды екен. Сонымен бірге, білім берудің сапасы сол нәтижеге тиімділікпен қол жеткізетін мүмкіндіктер мен әлеуеттер, сыртқы және ішкі үйлесімді күштерді дұрыс, ретпен жұмсаудың және сапалы қасиеттерді қалыптастырудың үдерісі ретінде де танылады.

Білім беру саласы да адам баласының барлық қызмет түрі, үдерісі, қол жеткізген нәтижесі сияқты, белгілі бір сапа көрсеткішіне ие болады. Білім берудің сапасы дегеніміз – білім беру үдерісінің кешенді түрдегі сипаты. Ол сипаттар кәсіби сапа мен кәсіби құзыреттілікті бірізділікпен, сабақтастықты сақтай отырып практика жүзінде тиімділікпен қалыптастырады. Ғылыми еңбектерде білім беру сапасының сипаты үш жүйеге бөліп қарастырылады. Оны мынадай модель арқылы көруге болады (1-сурет).

Мұндағы үш негіз: жоғары оқу орнының әлеуеті, оқыту үрдісінің ұйымдастырылу деңгейі және студенттер білімінің нәтижесі нақты оқу мекемесінің сапалық деңгейін өлшеуде тірек

етіп алынатынын көрсетеді. Бұлар бір-бірімен өте тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Мәселен, жоғары оқу орнының басшылығы мен оқытушы-профессорлар құрамының әлеуеті жоғары болмаса, олар оқыту үдерісін жаңа заман талабына лайық жетілдіре жүргізе алмасы анық. Яғни онда студенттердің кәсіби шеберліктерін қалыптастыру мәселесі педагогикалық тұрғыда да, техникалық-базалық тұрғыда да шешімін таба алмайды. Бұл өз кезегінде білімнің нәтижелілігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан білім сапасын өлшеуде олар бірдей мәнге ие болады.



1-сурет – Білім беру сапасы сипатының моделі


Жоғары оқу орындарында білім беру сапасы бірден қалыптаспай, біртіндеп, кейде стихиялы түрде қалыптасуы да мүмкін. Бірақ қанша стихиялы десек те, білім беру үдерісін басқару мүмкіндігі жойылып кетпейді және ол міндетті түрде ескерілуі керек.

Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесі 1991 жылдан 2007 жылдарға дейінгі аралықта еліміздің барлық

салалары сияқты дамудың қиын кезеңдерін басынан өткерді. ЖОО даму үрдісі (тенденциясы) қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде бакалавриат, магистратура, PhD деңгейлерін, дәстүрлі оқыту жүйесінен басқа TESIS жүйесін, кредиттік оқу технологиясын енгізу арқылы дүниежүзілік тиімді және жоғары білімді маман даярлаудың озық модельдерін таңдаумен байланысты жүргізілді. Сондықтан жоғары білім берудің сапасын арттыру мен оны басқару мәселесі барлық педагогикалық және дидактикалық бағыттағы зерттеу жұмыстарының зерттеу нысанының бір арнасы ретінде қарастырылатыны сөзсіз.

Қазақстандық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын дамытуда жалпы білім беру саласының барлығына тән жалпы заңдылықтар жүйесін ұстануымыз керек (2-сурет). Оның аясына білім беруді дараландыру, білім беруді шығармашылдандыру, оза оқыту, білім беру сапасы рөлін арттыру, үздіксіз білім алу, білім берудің көпдеңгейлілігі мен шоғырлылығы, білім беруді жеделдету, білім берудің мақсатты бағдарларының ауысу, білім беруді компьютерлендіру және білім берудің ұлтаралық және халықаралық деңгейлерге өту заңдылықтары енеді. Бұл заңдылықтар жалпы болғанмен, әр оқу орнының өзіндік ерекшеліктері, қалыптасқан дәстүрі мен даму мүмкіндіктері және білім беру саласына қойылып отырған жалпы талаптар өзара бірлікте ескерілуі тиіс. Қазіргі таңда отандық білім беру жүйесін дамытуда сақталатын бұл заңдылықтардың сипатын жобалай оқыту технологияларымен сабақтастықта алып қарастырайық.

ЖОО-да білім беруді сапаландыру заңдылықтар жүйесі



2-сурет – Қазақстандық ЖОО білім берудің сапасын дамыту заңдылықтары

Білім беруді дараландыру заңдылықтары. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің дараландырылуы туралы мәселелер толық шешім таппағандықтан, олар әлі де кеңейте қарастыруды қажет етеді. Қазіргі ЖОО-дар тәжірибесіндегі кредиттік оқу жүйесінің басты артықшылығы ретінде «Таңдау курстары» беріліп жүр. Бұл курстарды ұйымдастырудың теориялық мәселелері біршама анықталған. Бірақ іс жүзінде студенттердің осы курстарды таңдауы барлық уақытта сол талаптарға сай жүзеге асырыла бермейді.

Шын мәнінде, білім беруді дараландыру заңдылығы студенттің өзінің мүмкіндігі мен қажетіне қарай білім алу құқығын сақтай отырып, болашақтағы кәсіби өсу жолына қажетті курстар мен тақырыптарды дұрыс іріктей білуіне жеке жауапкершілігін қалыптастыруды көздейді. Әрине, білім беруді дараландыру жалпы білім беру үдерісінің өзге заңдылықтарына кері әсерін тигізбеуі тиіс. Білім беруді дараландыру – студенттің өзіндік білім бағдарламасын құруымен ғана емес, өзіндік жұмысты оқытушылармен біріге отырып ұйымдастыруымен жүзеге асырылатын ерекше үдеріс. Ал бұл заңдылық жобалай оқыту технологиясы талаптарымен де толық үндеседі, өйткені бұл технологияның мәні студенттің өзіндік шешімдеріне тәуелді болып келеді.

Білім беруді шығармашылдандыру (креативтендіру) заңдылықтары. Студенттердің білім алу үдерісін дұрыс ұйымдастыру мен басқаруда шығармашылдандыру заңдылықтарын басшылыққа алу арқылы қазақстандық жоғары оқу орындарында білім берудің көптеген мәселелерін жастардың ойлау қабілетін дамыта отырып шешу мүмкіндіктерімен бірлікте қарастырған абзал. Жоғары оқу орнын бітірген жас маман белгілі бір мамандықтың орындаушысы ретінде ғана емес, сол кәсіпте шығармашыл, қиынды оңайлату жолдарын іздеп таба алатын танымдық белсенділігі жоғары тұлға деңгейіне көтерілуі керек.

Білім беру үдерісінің шығармашылық сипаты оқу пәні бағдарламаларының мазмұндық-құрылымдық жүйесі, білім беру технологиялары мен әдістемелерінің түрлендірілуі, ақпараттық технологиялардың қолданыс өрісі және профессорлық-оқытушылар құрамының шығармашылық-креативтік әлеуеті арқылы анықталады әрі жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтың жүзеге

асуының басты көрсеткіштерінің бірі студенттің шығармашылық әлеуетін көтеруге бағытталған оқыту технологияларын, оның ішінде оның өздігінен жол табуына негіз қалайтын жобалай оқыту технологиясын қолдану болып саналады.

Оза оқыту (опережающее) заңдылықтары. Жалпы білім беру үдерісі – әрдайым қозғалыста болатын, динамикалық болмысы ерекше көрінетін құбылыс. Жоғары оқу орнына мемлекет тарапынан берілетін тапсырыс сол мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік болмысы мен экономикалық мүмкіндіктеріне сай келуі тиіс. Сондықтан заман талаптары мен ғылым мен техника жетістіктеріне лайық жалпы білім беру жүйесінің жаңалыққа бейім болуы және ең бастысы, жаңалықтарды алдын ала сезініп, келер уақыттың маманын даярлап шығуға алдын ала даяр болуы керек.

Сапа теориясының осы көрсетілген заңдылығына сүйенсек, бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында жоғары білім алған маман өндіріске араласқан кезде, ол жаңа талаптармен бетпе-бет келуі, өзі алған білімнен де жоғары әлеуетті қажет ететін басқа арналарға тап болуы мүмкін. Сондықтан оза оқыту заңдылықтары, әсіресе, жоғары білім беру жүйесіне тән болуы керек. Бұл орайда да жобалай оқыту технологиясы ауқымында студенттердің кез келген жағдаяттарда өздігінен шешім жасауға дағдыландырылуы өз көмегін тигізері хақ.

Үздіксіз білім алу заңдылықтары. Үздіксіз білім алу – XX ғасырда басталған, XXI ғасырдың тұрақты белгісіне айналған құбылыс. Заманауи жетістіктер мамандардың өз білімін үздіксіз толықтырып отырмаса, тез уақытта артта қалып қою қаупін күннен-күнге арттырып келеді. Осымен де байланысты, жоғары білім беру жүйесі әрдайым үздіксіз білім беру заңдылықтарын, олардың білім берудің сапалылығын арттырудағы мәні туралы мәселелерді күн тәртібіне өткір қойып отырады. Қазіргі кезде көптеген мамандар мемлекеттік тілді оқытудың маңыздылығына байланысты, қазақ тілінің оқытушысы мамандығын екінші мамандық, үшінші мамандық ретінде игеріп жатуы – соның бір дәлелі. Сондықтан гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақ тілін оқытуда олардың қазақ тілін терең, саналылықпен өз бетімен меңгеруіне мүмкіндіктер жасау қажеттігі анықталады. Осы тұрғыдан алғанда өздігінен білім алуға қажетті өмірлік дағдыларды

меңгертуде жобалай оқыту технологиясы арқылы қалыптастырылатын арнайы біліктер жеткілікті. Өйткені бұл технологиямен жұмыс істеу арқылы студент бағдарламадан тыс қосымша білім көздерін пайдаланып, өз әлеуетін көтеруге үйренеді.

Білім беруді интенсификациялау заңдылықтары. Ғылым жүйесі дамыған сайын жоғары оқу орындарында игерілуі тиіс деп саналатын білім мазмұны мен білім көлемі де өзгеріп, жетіліп, толығып, жаңарып отырады. Білім беруді интенсификациялау студенттердің интеллектуалдық даму деңгейіне байланысты болады. Сондықтан әрбір жоғары оқу орны білім алушылардың ақыл-ой қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге барынша тиімді жаңа оқыту технологиялары мен әдістерді де оқу үдерісіне дер кезінде енгізе білуі де бұл мәселені шешудің дұрыс жолы болып табылады. Егер қазіргі дәуір талабы білімді өздігінен меңгеруге бейім тұлғаны қалыптастыру болса, мұнда да жобалай оқыту технологиясы негізінде студент меңгеретін кәсіби-танымдық дағдылардың маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Білім беруді компьютерлендіру заңдылықтары. Бұл заңдылық білім беру үдерісін заманға сай компьютерлік технологиямен қамтамасыз ету арқылы шешіледі. Бірақ оны сабақта компьютерді оқу құралы ретінде қарапайым қолдану деп түсінбеу керек. Онда қазақ тілін сапалы оқыту үшін компьютерлік технологияны, мультимедиялық сабақтарды, электронды оқу құралдарын қолдану осы заңдылықтың жүзеге асырылуын танытады. Ал студенттер жобалай оқыту технологиясы бойынша жұмыстарды орындау барысында жинақтаған материалдарын қызықты, тартымды, сапалы етіп жеткізу үшін ақпараттық технологияның алуан түрлі тәсілдерін қолдануға мүдделі болады.

Білім беру сапасы рөлінің арту заңдылықтары. Дүниедегі қандай құбылысты алсақ та, сандық және сапалық сипаты арқылы танылады. Соңғы жылдары Қазақстанда заңгерлер мен экономистерді даярлаудың шамадан тыс артып кеткені белгілі. Бірақ сапа жағы санға сәйкес еместігі де жасырын емес. Әрине, мамандарды даярлаудың сандық та, сапалық та қыры маңызды. Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде екінші тіл ретінде оқылатын қазақ тілі пәнінің сапалы оқытылуы кредиттік жүйеде бөлінген сағат санына да, соларды жаңа оқыту

технологияларымен оқытылуына да көптен-көп байланысты. Болашақ мамандарға, мұғалімдерге мемлекеттік тілді еркін қолдануға ғана емес, оны дамыту мен сақтауға да қажетті дағдыларды өз бетімен меңгеруінде жобалай оқыту технологиясының берері аз емес. Өйткені білім сапасы студенттің бойында қалыптасатын құзыреттілікпен өлшенсе, сол құзыреттіліктердің қалыптасуының бірде-бір кепілі осы технология болып саналады. Онда студент коммуникативтік, ақпараттық, проблеманы шешу, мәдени-танымдық құзыреттіліктерді еркін меңгеруге мәжбүрленеді. Осы мәжбүрлік білім сапасына оң әсер етеді.

Білім берудің көпсатылығы және шоғырлылығы (циклдығы) заңдылықтары. Білім беру жүйесін демократияландыру және білімнің сапасына үлкен талаптар қою, білім беруді технологияландыру – білімдік үдерістердің шоғырлылығы мен көпсатылығынан танылады. Білімнің шоғырлылығы деген – білім алу үдерісін уақытша үзіп, оны практикалық тұрғыдан тану және қажетті жағдайда дәл сол мамандық бойынша не туыс мамандық бойынша жалғастыру мүмкіндігін білдіреді. Сөйтіп, қазіргі білім алуға ден қойған кез келген адам өзінің кәсіби шеберлігін біртіндеп сатылай отырып шындай алатын мүмкіндікке ие болып отыр. Мұнда да өзін-өзі дамытуға, өз бойындағы қабілеттерді жүзеге асыруға мүдделілік тудыратын жобалай оқыту технологиясының маңызы үлкен. Өйткені бұл технология студенттің өз мүмкіндігі мен өзіне қойылып отырған талаптарды үйлестіре қолдануға үйрететіні кәміл.

Білім берудің мақсатты бағдарларының ауысып отыру заңдылықтары. Қоғамдағы үрдістердің (тенденция) дамуына, өзгеруіне байланысты білімдік мақсаттар да өзгереді. Мысалы, кеңестік білім жүйесіндегі негізгі мақсат – халық шаруашылығының белгілі бір саласында ғана қызмет етуге бағытталған қажетті маман даярлау болса, қазіргі уақытта жеке адам тарапынан да, қоғам тарапынан да негізгі білімдік мақсат – адамдық капитал қалыптастыру болып отыр. Бұл жердегі капитал – қол жеткізілетін жетістіктер мен олардың сапасы, мүмкіндіктер байлығы мен сан түрлілігі. Әлеуметтік тұрғыдан келетін болсақ, капиталға өзіндік әрекет негізінде тиімді сапаға қол жеткізу мәдениеті деп анықтауға болады. Бұл да жобалай оқыту технологиясының түпкі мақсатымен толық үндеседі. Өйткені бұл

технологияның да басты мақсаты – дара тұлғаның әлеуетін көтеру, бәсекеге қабілеттілігін дамыту. Бұл – қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талабы.

Білім берудің ұлтаралық, халықаралық деңгейге өтуі заңдылықтары. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қазіргі кезеңдегі бір ерекшелігі ретінде отандық білім жүйесінің интернационализациялануын айтуға болады. Күн өткен сайын қазақстандық дипломды мамандардың шетелдерде де сұранысқа ие болуы қажеттілігінің маңызы артып келеді. Мұның өзі жаһандану үрдісіне тән экономикалық, әлеуметтік-саяси құбылыстармен тікелей байланыста туындап отырған құбылыс. Қазақстандық білім беру жүйесінің интернационализациялануы дегенді оның ұлттық ерекшелігі унификацияланып, жойылуға алып келеді деп ұғынылмауы керек.

Әр заман ағымының өзіндік ерекшеліктері уақыт өткен сайын жетіліп, басқа ағымдармен байланысып, басқа түрдегі оқу-тәрбие ілімдерінен жаңа реңк алып отыруға бейім келетінін өмірдің бүгінгі қалпы көрсетіп отыр. Қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне кредиттік технологияның енгізілуі, Болон декларациясы ұстанымдары енгізілуі – еуропалық оқыту моделінің жай әшейін көшірмесі емес. Қандай да бір модельді көшіріп алып келе салғанның өзінде сол елдің, жердің, ұлттың ерекшелігі оған өзіндік өзгерістерін қоспай тұрмайды. Сондықтан жаңа енгізілген білім беру моделінде қазақстандық білім беру жүйесіндегі мынадай ерекшеліктер айқын танылып тұрады:

- болашақ мамандардың кәсіби болмысы қалыптасуы үшін қажетті білім жүйесін қалыптастырушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттары арқылы бірыңғай білім аясының құрылуы;

- Қазақстандағы мамандардың қай салаға қажеттілігін анықтайтын экономиканың даму деңгейінің ықпалы;

- студенттердің болашақтағы өзінің кәсіби саласында жоспарлар құра білу және оған қол жеткізу қадамдарын алдын ала болжай алуына, өздігінен шешім жасай алуына мүмкіндіктер беретін жаңа оқыту технологияларын қолдану;

- Қазақстанның дүниежүзілік деңгейде өзіндік болмысын танытатын ұлттық мәдени және тарихи құндылықтарын меңгертуге бағдар ұстау;

– білім берудің практикалық бөлімінің басым келуіне бейімделу;

– студенттерге қандай салада болса да ғылыми көзқарас тұрғысынан шешім жасауға дағдылануына бетбұрыс жасау;

– қандай мамандықты меңгертуде болса да білім берудің гуманистік сипатына басымдылық беру.

Қазақ тілін оқытудың сапасы туралы айту үшін оны айқындайтын параметрлері танылуы керектігі белгілі. Білім беру жүйесі сапасының параметрлері – сапаны қалыптастыратын факторлардың, сол факторлардың қызметіндегі өлшемдер мен ерекшеліктердің жиынтығы және олардың өзара тығыз байланыста қызмет ету барысы.

Білім беру сапасын қалыптастыратын факторлардың ішіндегі бастылары:

– білім беру мақсаты;


– білім берудің әлеуеті болып саналады.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде өзгетілді дәрісханада оқытудың мақсаты

Қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде өзгетілді дәрісханада оқытудың мақсаты қазақ тілін меңгертуде бүгінгі күні қандай қажеттіліктер өтеледі және ертеңгі күні болашақ маманға қазақ тілі қандай дәрежеде керек болатындығы туралы қоғамдық пікірмен тығыз байланыста танылады. Егер бүгінгі күннің шындығына келсек, қазақ тілі әлеуметтік ортада, қоғамда кең сұранысқа ие бола алмай отырғаны белгілі. Бірақ бүгінгі студент ертеңгі үлкен оқу орындарда дәріс беретін, болашақ ұрпаққа білім беретін мұғалім болғандықтан, қазақ тілінің қажеттілігін бүгінгі күнмен емес, ертеңгі күннің сұранысымен тығыз байланыстыра тану көзделеді. Оған қазақ тілінен білім берудің Мемлекеттік стандартын құрастырушыдан бастап, әрбір қатардағы оқытушыларға дейін түгел бет бұруы керек. Сондықтан болашақтағы қазақ тілінің даму стратегиясын айқын қойып отырған ҚР «Тіл туралы» Заңын қазақ тілін оқытуда толық басшылыққа алу мәселесі кең түрде қарастырылу керек деп ойлаймыз.

Білім беру мақсаты білім қажеттілігінің даму үрдісін толық көрсете алатындай айқын болып келеді. Бұл тұста мемлекеттік тілдің дамуы туралы үкіметтің нормативтік-құқықтық заңдарынан бастап, оқытушының «Қазақ тілі» пәні бойынша сабақ жоспарына дейінгі иерархия түгел біртұтастықтағы бір бағдарды негіз етіп ұстанады.

Төмендегі суреттен осы екі фактордың ішкі құраушыларын анықтауға болады (3-сурет). Мақсаттық тұрғыда оқытуды мемлекеттік басқару, оның құқықтық қамтамасыз етілуі, пәннің оқытылуының әдістемелік жүйесі алынса, білім берудің әлеуетін пәнге деген қажеттілік, оның қаржыландырылуы және нормативтік-базалық құжаттары құрай отырып, олардың өзара бірлігі арқылы білім берудің сапасы артатын болады.



3-сурет – Қазақ тілінен білім берудің сапалылығын қалыптастырушы негізгі факторлар

Өзгетілді дәрісханада қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде оқытудың әлеуеті осы қойылған мақсатқа жетудің мүмкіншіліктерін, ресурстары мен объективті шарттарын танытады. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертуді ұйымдастыруда студенттердің қазақ тілінен өз бетімен білім іздеу, білім мазмұнын өз бетімен жобалар орындау барысында меңгеру, қазақша ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын білім жобаларын орындау барысында игеруін мүмкін етудің арналары мол екендігі танылады.

Студенттер түрлі жобалар орындау барысында қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде саналықпен игере алады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін дамытуға тілдік тұлғаның өз мамандығы бойынша ғана қатысымға түсуі арқылы емес, күнделікті қарым-қатынаста, тұрмыста да қолдануы арқылы үлес қоса алатынын жобалар орындау барысында айқын түйсінеді.

Бұл көрсетілген екі фактор бұл жерде нақты «Қазақ тілі» пәнін оқытуға байланысты сөз етіліп отырғанымен, нақтырақ айтсақ, тек қазақ тілін оқытуда ғана емес, жалпы білім беру жүйесіндегі барлық пәндерді меңгертуге тән болып келеді. Сондықтан оларды ары қарай таратып, ашып берудің маңызы үлкен.

Қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсатының жүйелілікке, белгілі бір қағидаларға бағынуының маңызы өте үлкен. Бұл мақсаттың анық қойылуы да қазақ тілін оқыту жүйесін ұйымдастыруда шешуші қызмет атқарады. Ал ондай қуатқа ие мақсат өзіне әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттерді үйіріп, түпкі нәтижеге қызмет етуге бағындырады. Қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсатының анықтамасы неғұрлым нақты, дәл белгіленсе, онда оның қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру бағытындағы қоғамдық-әлеуметтік маңызы арта түсер еді. Бүгінгі таңда оқытудың түпкі нәтижелері құзыреттіліктер түрінде анықталып отырғаны аян. Олай болса, осы мақсатта көрсетілген әрбір бағыт түпкі нәти-


жеде құзыреттіліктерді де белгілеуге жол ашады. Сондықтан қазақ тілінен сапалы білім беру мақсатының нақты нәтижелерге қол жеткізе алатындай жүйеде құрылуы осы білім сапасы туралы қоғамның, студенттің, оқытушылардың көзқарастарының бір арнаға тоғысатындай анық болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін оқытудың сапасын анықтау мақсатындағы іздену жұмыстары барысында мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының барлығында дерлік қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінде меңгертуді Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Тіл туралы» Заңымен байланыстыруда осалдық танытатыны байқалды. Бұл ЖОО басшыларының да, қазақ тілі пәні оқытушыларының да қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде оқытуда студенттердің қызығушылығын арттыруды (мотивациясын) нық сеніммен қоя алмай отырғанына нақты дәлел болады.

Бүгінде ЖОО-да «Мемлекеттік тілді дамыту орталықтары» ашылып жатыр. Бірақ көп ретте олардың қызметі мен қазақ тілін өзгетілді дәрісханаларда оқытуды үйлестіру (координация) мәселелері бір-бірінен алшақ жатқан сияқты әсер береді.

Қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсаты

Қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсатының моделін ұсынып отырмыз (4-сурет). Бұл модельде қазақ тілін жобалай оқыту технологиясын қолдану арқылы меңгертудің сапалылығы туралы мәселелері қамтылады.



4-сурет – Қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсатының моделі

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясын қолдану арқылы студенттер білімінің сапасын көтеру үдерісі – осы ұсынылып отырған жобалай оқыту технологиясының сапасын, студенттердің осы технология бойынша қазақ тілінен алған білімінің сапасын, қазақ тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, қазақ тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Студенттер жобалау жұмыстарын орындау барысында кәсіби санасы жетіліп, елжандылық рухы, сана-сезімі жетіліп, даралық қабілеттері де даму үстінде болады. Оқуды бітірген соң қаншалықты өз саласында қажетті маман бола алатынын студент өз ой өлшемімен объективті бағалай алуы – берілген білім сапасының да көрсеткіші.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясында студенттердің педагогтік кәсіби білік-дағдыларын, шеберліктерін дамытуға баса көңіл бөлінгендіктен, қазақ тілін оқытудың сипаты, деңгейлері, сабақтарды ұйымдастыру мәдениеті, проблемаларды тану мен түсіну сол қабілеттерін арнайы жаттығулар арқылы қалыптастыруды, дамытуды көздейді. Солардың барлығы біртұтастықта ұғынылып, осы бағытта ұйымдастырылғанда ғана қазақ тілін жобалай оқытудың түпкілікті нәтижесі айқындалады.

Қазақ тілін оқытудың сапасы тек көзделетін нәтижені ғана нұсқамайды. Сол нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ерекше факторлардың сипатын анықтау, оны тану арқылы да білім беру сапасын арттыруға болады. Білім беру парадигмасының басты бағыты болып отырған сапалы білім берудің тиімді жолы – оқытудың жаңа технологиялары екенін білім беру тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сондықтан оларды саналы түрде қабылдап, сипатын анықтап, олардың жоғары кәсіби білім беру үрдісіндегі тиімділігін айқындау аса маңызды болып отыр. Өйткені жоғары кәсіби білім берудің қоғам өмірінде маңызы өте зор.

Кәсіби білім берудің басты мақсаты – білім алушының қабілеті мен қызығушылығына қарай кәсіби әрекетті игеруіне, белгілі бір мамандықтың иесі болуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Ал кәсіби білім әр адамның өзін-өзі тануының, маман ре-

тінде қалыптасуының, өзін-өзі көрсете білуінің, яғни ішкі мүмкіншілігі мен қабілеті ашылуының құралы болуға тиіс.

Ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімділік деңгейімен өлшенетіндіктен, қазіргі білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтерудің мәні де сондықтан артып келеді. Жоғары білім – қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағынан дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде білімді де білікті маман даярлаудың тетігіне айналды. Сол себепті еліміздің ертеңі үшін, жарқын келешегі үшін жауапты ұрпақ, саналы азамат тәрбиелеу, жоғары мектепте заман талабына сай білім беру ең маңызды мәселе болып отыр. Ол үшін жоғары білім беру үрдісін қоғам талабына сай құру, яғни оқу үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу қажеттігі теориялық та, практикалық та тұрғыдан дәлелденуде. Осы мақсатқа сай дидактика ғылымының лексиконында «оқыту технологиясы» термині қалыптасты.

Технология шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жобаларды ұсынып оқыту деген ұғымды білдіреді. Осы мағынаның негізінде білім беру үрдісінде «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» деген жаңа ұғымдар пайда болып жарыса қолданылуда.

Бір кезде Я.А.Коменский өз еңбектерінде қарапайым мұғалімнің қарапайым балалардан сауатты және жан-жақты маман дайындауға жағдай жасайтын білім беру жүйесін жасау қажеттілігі туралы былай деген болатын: «Дидактикалық машина үшін мына мәселелерді анықтап тауып алу керек: 1) нақты түрде қойылған мақсаттар; 2) сол мақсаттарға жеткізуге нақтылықпен, сеніммен қолдануға болатын құралдар мен амал-тәсілдер; 3) көздеген мақсатқа жеткізбей қоймайтын анықталған құралдар мен амал-тәсілдерді қолданудың айқын да дәл қағида-ережелері болуы қажет» [13]. Ұлы дидактиктің атап көрсеткен: мақсат, оған жеткізетін құрал және қағидадан тұратын жүйесі қазірде «педагогикалық технология» деген терминмен аталып, білім беру үрдісіне кеңінен енді.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының қолданылу тиімділігі оны сапалы нәтижелерге жеткізетін факторларды үйлесімділікпен басқаруға тікелей байланысты. Тұтастай алғанда, ЖОО-дағы оқу үдерісінің сапасын басқару проблемасы бар да, пәнді оқыту үдерісінің сапасын басқару бар. Қазақ тілін жобалай

оқыту технологиясын қолдану үдерісінің сапасын жетілдіру соңғы мәселеге жатады. Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау барысында олардың білім беру сапасын танымның мынадай деңгейлік құрылымдары арқылы анықтағаны көрінеді:

- бірінші деңгейде жалпылықты танытатын белгілер мен қасиеттер анықталады;

- екінші деңгейде танылған тақырыпты терең мәнімен түсініп, ол танылған құбылыстар мен белгілерді өмірдің басқа салаларындағы белгілермен салыстыра отырып, трансформациялау, яғни өзгерте отырып дамыту жүргізіледі;

- үшінші деңгейде кәсіби сана қалыптасу үдерісі маңызды орынға ие болып, өзгертуден шығармашылық дәрежедегі қабілеттер қалыптаса бастайды. Осы үшінші деңгейде студенттерде таңдаған кәсібі туралы құндылықтар жүйесі қалыптаса бастайды.

Осы құрылымға сүйене отырып, қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының сапалық сипатын да анықтауға болады деп ойлаймыз.

Қазақ тілін өзгетілді дәрісханаларда оқытудың сапасы артуы осы оқу пәнінің қажетті нормативтік құжаттарының айқын жасалынуына, келешекте қазақ тілін екінші тіл ретінде оқып-үйренуге деген ел азаматтарының, студенттер санының артуына көп байланысты. Қазақ тілін оқыту сапасы туралы проблема қазақ тілінің әлеуметтік тұрғыдан әлі де кең таралмай отырғандығы мен жоғары білім беру жүйесінің арасындағы ішкі диалектикалық қарама-қайшылықтың болуымен де тығыз байланысты болады.

Қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі егжей-тегжейлі зерттеліп отыр деп айта алмаймыз. Өйткені әлі күнге дейін қазақ тілін өзгетілді дәрісханаларда оқытудың сапалық көрсеткіші төмен қалпында қалып қойған. Соңғы жылдары қазақ тілін оқытуға қосымша сағаттар едәуір бөлінді. Бірақ сол мол сағатты пайдалы және сапалы етіп оқытуға қажет болатын оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету ісі төмен деңгейде екені жасырын емес. Қазақ тілін оқытудың жаңа жүйесі бірыңғай қолданылмағандықтан, әрбір жекелеген ЖОО-ның «Силлабустары» мен «Оқу-әдістемелік кешендерінің» қайсысы

ерекше тиімді екенін, биік сапаға жетуге мүмкіндік беретіні де арнайы талдаудан өткізілмей келеді.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың бірыңғай Тұжырымдамасы, Стандарты, Типтік бағдарламасы болмағандықтан, жекелеген мамандықтарға байланысты оқытудың шашыраңқылық сипат алып кететіні анық. Мемлекеттік деңгейде жасалуы тиіс осы базалық-нормативтік құжаттардың осы күнге дейін анықталмауы да білім беру сапасын көтеру ісінде, көп ретте, қиындық туғызып келеді.

Қазіргі кездегі студенттердің білімін бағалау жүйесінде ТЕСТ түрі мен дәстүрлі емтихан түрі қатар қолданылып жүр. Студенттің алған білімінің сапасын анықтауға осы екі бақылау формасы негіз болады. Бірақ студент білімін бағалаудың бұл формалары да дамытуды, жетілдірілуді керек етеді. Өйткені бүгінгі күн талабына сай анықталған жаңа мазмұн, жаңа форма білімді нәтиже ретінде бағалау жүйесінде де түбегейлі өзгеріс жасауды қажетсінеді.

Қоғамдағы әлеуметтік жағдайлар да білім сапасына өз әсерін тигізбей қоймайды. Ақпараттар ағыны тасқындаған уақытта өмір сүріп отырған, ақылы білім алу жүйесінде оқып жүрген, тұрмыстық қиындықтарды, қаражат қиындығын ерекше сезініп жүрген қазіргі студенттің болашақта бәсекелестікке негізделген нарық заманының маманы болуға бейімі өте үлкен деп айту да ойға сыйымсыз болар еді.

Қазақ тілінен сапалы білім беру – болашақ мамандардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалау. Осымен байланысты қазақ тілін оқыту барысында студент болашақ маман ретінде өзінің тұлғалық болмысын жан-жақты дамытудың, қалыптасудың сапалы әдіс-тәсілдерін үйреніп, бойына сіңіреді.

Қазақ тілінен білім сапасын арттыруда кездесетін бірқатар әлеуметтік-психологиялық та кедергілері бар. Ол кедергілер, негізінен, ескі жүйенің жаңа жүйеге қарсылығына байланысты туындайды. Жаңа оқыту жүйесінің сапалық дәрежесі жаңа көрсеткіштерге, соларға жетудің жаңа әдістеріне негізделуі тиіс. Ал білім беру жүйесіндегі схоластика оған көп қиындықтар әкеледі.

Орыстілді дәрісханаларда қазақ тілін жобалай оқыту барысында студенттердің қазақ тілін меңгеру үдерісін адам іс - әрекетінің маңызды бір саласы ретінде қарастырудың орны

ерекше. Қазақ тілін меңгеру барысы жаңа оқыту технологиясы тұрғысынан алғанда, оқытушы мен студенттердің тіл үйренудегі біріккен танымдық қызметі ретінде анықталады. Адам өзінің іс-әрекеті арқылы үнемі дамып, жетіліп отырса, қазақ тілін меңгеру барысы да студенттердің алдына белгілі бір мақсат қоюын, белгілі бір жүйеге негізделген оқу үдерісінің ұйымдастырылуын және белгілі бір нәтижеге бағытталуын талап та етеді, қажет те етеді. Ал жалпы алғанда, қазақ тілін өзгетілді дәрісханаларда оқытуда тек оқытушы мен студенттер ғана басты маңызға ие деу жеткіліксіз. Студенттерге қазақ тілінен сапалы білім беру үшін мемлекеттік стандарт, оқу бағдарламасы, типтік бағдарламалар, оқулықтар мен оқу құралдары даярланады, ал осыны даярлайтын мамандар ұжымы немесе тобы әрбір жеке-леген қазақ тілі сабағының сапалы болуына жауапкершілікте болуы керек.

XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамы әлемдегі барлық елдер сияқты, әрбір қазақстандық азаматтың өз бетімен әрі белсенді еңбек етіп, қажетті тұстарда өзіндік шешім табуға, шешім қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті болатын білім жүйесін құруды көздеп отырғаны белгілі. Білім мазмұнының тек оқытушының баяндауымен ғана меңгертілмей, білім алушының өз бетімен іздеп табуы – оның өзгермелі өмірдің болмысына бейімделе алуына қажетті білік-дағдыларын қалыптастыруға қызмет етуі тиіс.

Студент жаңа заманның экономикалық-әлеуметтік өзгерістегі болмысына шынайы көзқараспен қарай алатын дәрежеге жетуі үшін сол шынайы өмірдің ішінде жүріп білім алуға университет қабырғасынан бастап қалыптасуы керек.

Жаңа педагогикалық технологиялардың жоғары мектеп жүйесінде қазақ тілінен білім беру үдерісіне енгізілуі арқылы дәстүрлі педагогикада назардан тыс қалып келе жатқан мынадай түйінді мәселелер өз шешімін таба алар еді:

- қазақ тілін үйренуші әрбір студенттің қазақ тілін тереңірек танып-білуіне, сонымен қатар өз ойын қазақ тілінде айтылым, жазылым, тілдесім арқылы еркін білдіре алуына қажетті дағдыларды игеруіне игі ықпалын тигізеді;

- қазақ тілінен теориялық қана емес, практикалық, оның ішінде өз бетімен жұмыстарды көп орындау арқылы білім алу -

студентке сол білімді қай жерде қандай тиімділікпен қолдану қажеттігі жайында айқын түсінік қалыптастырады;

– қазақ тілін үйренуде оқу жоспарына сәйкес белгіленген белгілі бір жобаны орындау барысында студент оқытушымен ынтымақтаса отырып, түрлі тақырыптағы мәселелерді шешудің ғылыми жолын тани алады, оларды практикада қолдануды жоба орындау негізінде дәлелді түрде көре алады;

– қазақ тілінен қажетті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған практикалық жобаларды орындау барысында студент күнделікті тілдік жағдаяттарға қажетті іскерліктерді еркін меңгереді;

– жоба орындау барысында студент оқытушымен оқу мәселелері жөнінде ғана емес, гуманистік тұрғыда да өзара ынтымақтастықта болады, тәрбиеленеді, топтағы студентпен, басқа студенттермен әр қилы мәселелерді талқылау барысында еркін араласып, қазақша сұхбат құру дағдыларын игереді;

– жаңа педагогикалық технологияларды жоғары мектепте қазақ тілін оқыту үдерісіне кең енгізу студенттің жалпы танымдық аясы кеңейіп, нақты жобалар орындауға қажетті материалдарды ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, кітаптар мен оқу құралдарын, БАҚ құралдарындағы ақпараттарды танып-талдау арқылы таба білуін талап етеді. Ал ондай міндеттер ақпараттық технология мәдениетінің қалыптасуын қажет етеді. Сөйтіп, жаңа педагогикалық технологиялар бірінен екіншісі туындап, оқу үдерісінде өзара байланыста, бірізділікте қолданысқа еніп жатады;

– студенттерге қазақ тілін жаңа педагогикалық технологиялар негізінде оқыту олардың әрдайым адамгершілік, интеллектуалдық және физиологиялық тұрғыдан жетіліп отыруына мүмкіндіктер жасайды. Студенттер жобаның ұтымды шешімін таңдау барысында бірімен бірі ақылдасуы арқылы өмірлік проблемаларды шешуді ынтымақтастықпен, бірлікпен, адамгершілікпен жүргізу қажеттілігін айқын түсінеді.

Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды қолдану міндетін шешу, ең алдымен, сол технологияларды қолдануға керекті жағдайларды жасаудан басталады.

Әрине, қазақстандық жоғары мектеп жүйесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – бір ғана жоғары оқу орнының, бір ғана министрліктің міндеті емес, тұтас қоғамның міндетіне жатады. Өйткені қажеттілікті қанағаттандырудың экономикалық-қаржылық қыры да -айқын шешілуін қажет ететін мәселе.

Қазіргі заманда озық технологиялардың білім беру жүйесіне ғана емес, өмірдің барлық саласына терең араласа бастауы қоғам мүшелерінің технологияларды қолдануын қажеттік деп қана емес, талап деп те түсінуін қажет етеді.

Жоғары мектепте қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту жүйесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдануда оларды сапа мен тиімділік тұрғысынан тану және бірізділікпен жүргізу мәселесі маңызды орын алады. Бұлай дейтініміз, жаңа педагогикалық технологиялардың дидактикалық тиімділігі ғылыми-практикалық тұрғыдан анықталып алынса ғана оқыту үдерісіне енгізілген уақытта оны басқару мүмкіндігі молаяды. Ал стихиялы түрде енгізілген технологиялардың дәстүрлі педагогикамен қабыса алмауы салдарынан және жаңаның түп тамыры мен даму өрісін танып алмағандықтан, студентке де теріс ықпал етуі әбден ықтимал.

Жоғары мектептерде қолданыла бастаған кредиттік оқу жүйесінің тұлғалық бағдарлылығы оның ішкі мазмұнын жобалай оқыту технологиясымен толықтыруға болатыны практика жүзінде анықталды. Сонымен бірге, жобалай оқыту технологиясының өзінде «ынтымақтастықта оқыту (cooperative learning)» жүйесінің элементтері, саралай оқыту (дифференциация) мен даралай оқыту (индивидуализация) жүйесінің элементтері бар екені хақ. Осы аталған технологиялардың педагогикалық және дидактикалық мүмкіншіліктерін жүйелі қолдану арқылы жобалай оқыту технологиясының мазмұнын түрлендіруге және жаңа сипатта байытуға болады.

Жаңа педагогикалық технология мен оқыту технологияларының педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері болады. Педагогикалық технология – оқыту технологиясына қарағанда, кең ұғым. Педагогикалық технология – педагогтің білім мен тәрбие беру мақсатына жетудегі бірізді әрекетінің жүйесі, педагогикалық жүйенің практикада

іске асырылатын жобасы. Педагогикалық технология – кепілді нәтиже беретін ғылыми жоба. «Педагогикалық технология дегеніміз – педагогикалық қызметтің жемісі мен жеңісіне кепілдік бола алатын қатаң ғылыми түрдегі жобалануы мен практикалық түрде қайта өңделуі (проектирование и воспроизведение)» [14].

Педагогикалық технологияның оқыту үдерісіне енуінің екі түрлі жолмен: а) ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде; ә) ұстаз-әдіскерлердің практикалық тәжірибелерінің негізінде өмірге енді. Демек, ғылымда әлеуметтік технологияның алдымен теориясы жасалып, сонан кейін оқу үрдісіне енгізілсе, екіншісінде практикалық тұрғыдан технологияның әдіс-тәсілдері, ұстанымдары, формалары айқындалып, соның негізінде теориясы қалыптасты деуге болады.

Оқыту технологиясына да ғалымдар әр түрлі анықтамалар беріп жүр:

- «Оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы, оқу үдерісін іске асырудың мазмұндық техникасы, практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы» [15];

- «оқыту үрдісінде жоспарлы нәтижеге жетудің сипаттамасы» [16];

- «белгілі бір қалыпты өзгертудің, өңдеу әдістерінің жиынтығы, өнер, шеберлік, іскерлік» [17];

- «оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдай жасау мақсатында оқу үрдісін жоспарлаудың, ұйымдастырудың, өткізудің ойластырылған моделі, үлгісі» [18];

- «педагогикалық жүйе» [19];

- «технологиялық әрекет субъектісінің жаңа сапаға көтерілуін қамтамасыз ететін материалдық және рухани құндылықтардың жүйесі, субъектінің осы әрекетті қайта жасауда қолданатын құралы» [20].

Бұл анықтамалардан оқыту технологияларының мынадай ерекшеліктерін байқауға болады: оқыту технологиясы білім берудің ойластырылған жобасы, үлгісі, нұсқауы, әдістемелік аспабы, қолайлы жағдай, нәтижеге жетудің сипаттамасы, өнер, шеберлік, т.т. Мұның бәрін де білім алушы мен білім берушіге

тиімді жағдай жасау мақсатынан туған әрекеттер деп түсінуге болады. Солардың ішінде кең тараған, зерттеушілер өз еңбектерінде негізгі ұстанымдардың бірі етіп алатыны – В.П.Беспальконың тұжырымдары [21]. Оның тұжырымдары бойынша технология төмендегідей шарттарды іске асыруы тиіс:

- біріншіден, педагогикалық технология оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмауы керек. Біздің ойымызша, ғалымның бұл жерде меңзеп отырғаны – кез келген технологияны мектеп тәжірибесіне енгізуде оған қажетті техникалық құралдардың жеткілікті болуы; оқу кешендерінің (оқулық, әдістемелік құрал, көрнекілік) технологиялық нұсқалары, сондай-ақ білім беру жүйесіндегі технологияны жүзеге асыруға жағдай жасау;

- екіншіден, технология оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие үдерісінің жобасына негізделуі қажет. Ғалым бұл жерде оқу үдерісінде педагогика-психологиялық тұрғыдан жүргізілетін жұмыстарды нұсқаған (ол мәселе туралы келесі бөлімде ой қозғалады); үшіншіден, оқу мақсатын диагностикалық түрде анықтап, оның меңгерілу сапасы дәл тексеріліп, бағалануы қажет.

Мақсаты мен міндеттеріне, құрылымына қарай оқыту технологияларының түрлері де сан алуан. Олар негізінен:

- қолданылу деңгейіне қарай: жалпыпедагогикалық, жеке әдістемелік, модульдік;

- философиялық негізіне қарай: ғылыми, діни, гуманистік;

- ғылыми тұжырымдамасына қарай: ассоциативті-рефлекторлы, бихевиористикалық, дамытушылық;

- құрылымдық ерекшелігіне қарай: акпараттық (білім, дағды, іскерлік қалыптастыру), әрекеттік (ойлау әрекетін қалыптастыру), эвристикалық (шығармашылық қабілетті дамыту), қолданбалы;

- оқытудың дәстүрлі жүйесін модернизациялау сипаты жағынан: оқушылардың әрекетін активтендіру мен интенсификациялау технологиясы, оқушы мен оқытушының қарым-қатынасын гуманизациялау, ізгілендіру технологиясы, оқу материалын дидактикалық тұрғыдан қайта құру технологиясы болып жіктеледі.

Сонымен қатар оқыту технологиялары оқытудың мақсаты мен міндетіне, оқыту формасына, басты оқыту әдістеріне қарай

да сараланады. Сонымен оқыту үрдісіндегі оқыту технологиясы – оқу бағдарламасында берілген оқытудың мазмұнын іске асырудың, дидактикалық мақсатқа жетудің тиімді әдістері мен тәсілдері деп те анықталады.

Оқыту технологиясы педагогика ғылымында 3 түрлі мағынада қолданылады:

- «әдістеме» немесе «оқытуды ұйымдастырудың формасы» ұғымының синонимі ретінде;
- нақты педагогикалық жүйеде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы;
- берілген үлгі бойынша нәтижеге жетудің бірізді әдістерінің жиынтығы.

Оқыту технологиялары өздеріне тән белгілермен ерекшеленеді. Осыған орай В.П.Беспалько олардың мынадай белгілерін атап көрсетеді:

- нақты, бірізді дидактикалық мақсатының айқындылығы;
- игерілетін материалдың толық және ықшам құрылымы болуы;
- қажетті құрал-жабдықтарының болуы;
- білім сапасының жоғары, нәтижелі болуы т.т.

Демек, оқыту технологиясы қолданбалы дидактика болып табылады. Оның міндеті дидактика ғылымындағы қалыптасқан ұстанымдар мен заңдылықтарды оқыту, білім беруге тиімді етіп өңдеу, қайта құру, оларды пайдалануға қолайлы жағдай жасау болып табылады. Оқыту технологиясы әлеуметтік технологияға жатады. Оның басты материалы мен түпкі нәтижесі ретінде адамның дамуы тұрады.

Әлеуметтік технологияда басты рөлді кері байланыс атқарады. Технологияның мұғалімнің ұсынатын сыныптық-сабақтық әдістемелік жүйеден басты айырмашылығы ол білім алушылардың оқу-танымдық әрекетінің құрылымы мен мазмұнын айқындайтын оқу үрдісінің жобасын ұсынады.

Оқыту технологиясының басты ерекшелігі – оның мақсатының айқын қойылатындығы. Оқыту технологиясы құрылымдық және мазмұндық тұтастық ұстанымын басшылыққа алады. Дәстүрлі білім беру жүйесімен салыстырғанда оның басты артықшылығы мынада:

- оқыту технологиясының негізін соңғы әрекеттің, яғни нәтиженің айқын болуы;
- мақсаттың айқындығы оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіндігі;
- оқушылардың оқу әрекетінің жобасын ұсыну белгілі бір нәтижеге жетуге жағдай жасайтындығы т.т.

Педагогикада «оқыту технологиясы» деген ұғым ЮНЕСКО-ның құжаттарында көрсетілгеніндей, оқыту мен білімді меңгеру процесінің тұтастай анықталуын, жасалуын, қолданылуын тегіс *жүйелі әдіс* ретінде танып, ол жүйедегі адамдық және техникалық ресурстардың барлығын өзара байланыс негізінде таңдауды және негізгі мақсаты ретінде білім беру формаларын оптималдандыру немесе сапаландыруы деп анықталады.

Жалпы, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымына байланысты айтар болсақ, бұл салада «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» деген ұғымдар кеңейе қарастырыла бастады. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту мен екінші тіл ретінде оқыту салаларының екеуінде де «оқыту технологиясы» мәселелері кандидаттық және докторлық диссертациялар деңгейінде зерттеу қолға алынуда. Атап айтсақ:

- профессор Ф.Оразбаева тілдік қатынас теориясын дамытып, соның нәтижесінде қазақ тілін қатысымдық технология тұрғысынан кешенді меңгертудің жаңа жүйесін зерттеді, ол сөйлесім әрекетінің (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылымға қоса) бесінші тілдесім компонентін ғылыми негіздеп, әлемдік әдістеме ғылымында жаңа өріс ашты;

- профессор Қ.Қ.Қадашева өзінің докторлық диссертациясында қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының ғылыми негізіне «Деңгейлік оқыту технологиясы», «компьютерді, ИНТЕРНЕТ-ті қолдана оқыту технологиясы» ұғымдарын алғаш енгізді;

- Н.Ж.Құрманова ғылыми зерттеуінде қазақ тілін оқыту әдістемесінде «дамыта оқыту технологиясы» ұғымын алғаш қолданды. Сонымен қатар Н.Құрманованың ғылыми зерттеуі негізінде алғаш рет қазақ тілін оқытудың технологиялық жүйесі туралы аппараттық ұғымдар жүйесі қалыптасты;

– Ж.Сүлейменованың ғылыми жұмысында жоғары оқу орындарында грамматиканы белсенді оқыту технологиясы алғаш рет компьютерді пайдалана отырып қарастырылған.

– К.Жақсылықова мен З.Бейсенбаеваның зерттеуінде «қазақ тілін модульдік технологиямен оқыту» ұғымдары енгізіліп, олардың сипаты жан-жақты қарастырылады.

Оқыту технологиясының білім берудегі осындай мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне, оны оқыту үрдісіне енгізудің қажеттіліктеріне байланысты олардың түрлерін зерттеген ғылыми еңбектер де білім беру саласына ене бастады.

Н.Құрманованың айтуынша, оқытудың жаңа технологиялары қажеттіліктен пайда болады [22]. Заманның әр кезеңінде ғылымда қандай да бір теориялар алдыңғы қатарға шығып, сол заманның ғылымы мен техникасы дамуында өзіндік орындарын алып отыратыны белгілі. Біздің дәуірімізге оптималдық теориясы, жүйелілік теориясы, интеграциялау теориясы, модульдік теория, білімнің дамытушылық болмысын зерттеумен байланысты теориялар, функционалдық теория т.б. тән.

Негізінде зерттеудің жаңа материалын анықтау, бақылау, сипаттау жекелеген әдістердің тұтасқан технологиясын танытатыны белгілі. Қазақстандық білім беру аясында бүгінгі күні кең орын алып отырған вариативтік ұстаным бойынша оқу орындары қандай оқыту технологиясын да таңдап алуға құқылы. Мұндай бағыт білім берудегі догмалық жолды бұзып, қажеттісін таңдау, тиімділігін анықтау, педагогикалық-әдістемелік ой-пікірлерді салыстыру сияқты жаңа леп, жаңа сапаларға көтерілуге мүмкіндік беріп отыр. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегідей оқушыны объектісі деп емес, білімді ізденуші субъектісі деп тану арқылы дамыта оқыту технологиясының басты қағидасы анықталады.

Профессор Р.Шаханова: «Педагогикалық технологияны енгізу – оқытушылардың шығармашылық жұмысы нәтижесінде әдістемелік жүйені дамытады, оқытушылар мен студенттердің міндеттері мен құқықтарын орындауды, білім ордасында өзін-өзі ұйымдастырудың құралдары, әдістері, түрлері сияқты өзара байланысты компоненттер кіретін оқу мазмұнын тарату тәсілі», - деп оқыту технологиясын қолдану жөнінде өз пікірін білдіреді [23]. К.Жақсылықова оқыту технологиясының бір түрі – модульдік жүйені былайша сипаттайды: «Модуль – іс-әрекеттің

мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағды мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы мен оқытудың негізгі құралы, басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Ол модульге ену және одан шығу дегеніміз – студенттердің модуль материалын игермей тұрғандағы олардың бастапқы білім деңгейін тексеру жұмысы. Ал, модульден шығу үшін бақылаудағы студенттердің модульді игеру деңгейі тексеріледі. Модульден шығу бақылауының нәтижесі студенттің келесі модульге ену-енбеуінің шарты болып есептеледі. Модульмен оқыту – толық немесе жекелей түрде модульге негізделген оқыту. Енді модульмен оқыту түсінігін белгілейтін не деген сұраққа жауап беру үшін, «оқытып, үйрету белсенділігін арттыру» деген ұғымды енгізу қажет деп ойлаймыз. Біз сол арқылы оқытушы мен оқушылар әрекетінің модульдік сипатын сөз қылуға мүмкіндік аламыз» [24].

3.Бейсенбаева қазақ дәрісханасында модульдік технология туралы: «Оқыту технологиясы - өзінің мәні жағынан тұтас дидактикалық жүйе. Ол оқу үрдісін ұйымдастыруда, оқытудың мақсаты мен мазмұнын, басқару жүйесін, материалдық, психологиялық жағдайын, оқытудың тиімділігі мен нәтижесін, бағалау межелерін өзгертуді талап етеді.

Технология педагогикалық жүйенің процессуальды психологиялық тұжырымдарына сүйенеді. Оқыту технологиясы, ең алдымен, педагогикалық мақсат пен ұстанымдарды, білім мазмұнын іске асырудың амалы.

Оның өзіне тән әдістер жүйесі, оны қамтамасыз ететін формалары, жабдықтары болады. Оған жоспарлылық (мақсатты айқындау, оқу-тәрбие үрдісін ғылыми негізде құру, материалды тиімді игерудің әдісі мен тәсілдерін анықтау, оқытудың тиімділігін көтерудің жолдарын қарастыру), оқу үдерісін стандарттау, үйлестіру (жобалау, тексеру), жүйелілік, икемділік, нәтижелілік, кәсіби сапаларды қалыптастыруға бағыттылық сипаттар тән. Оның өзіне тән жүйесі бар. Атап айтқанда:

– оқу жоспарына, бағдарламаға сай берілетін білім мазмұнын айқындау;

– оқытудың (жалпы және жеке) мақсатын анықтау;

– мақсатқа сай технологияның түрін таңдау;

–оны оқыту үдерісінде қолдануға дайындау», - деп баға береді [25].

М.М.Жанпейсова: «Оқыту технологиясының біз әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ, тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы», -дейді [26].

Қ.Қ.Мұқанова: «Қазақ тілін журналистика бөлімі студенттеріне қарқынды оқыту технологиясы» атты кандидаттық диссертациясында қарқынды оқыту технологиясы бойынша қазақ тілін оқытудың ұтымды әдістемесін ұсына отырып: «Педагогикалық технология – педагогика ғылымының оқыту, білім беру, оның мақсатын, мазмұнын және әдістерін зерттеп айқындайтын және педагогикалық үрдісті алдын ала жобалайтын, алға қойған мақсатқа жетуге кепілдік беретін бір бөлшегі. Ол – білім стандартында көзделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін бейнелейтін үрдіс», – деп пікір айтады [27].

Ж.Н.Сүлейменова «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты зерттеу еңбегінде: «...инновациялық оқу үдерісінде оқу әрекетінің оқытушы мен студенттің ынтымақтастық қарым-қатынасы негізінде жүзеге асуының нәтижелілігі көрсетіледі. Оқу әрекеті, негізінен, студенттің білімді игеруі, меңгеруі болса, екіншіден, оқытушының өз шәкіртінің білімге ынта-ықыласын оятып, белсенділігін көтеріп, дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру жолындағы әрекетінің тоғысы», – деп, қазақ тілін оқыту технологиясы туралы пікір айтады [28]. Бұл тұжырымдар оқыту технологиясының білім беру үрдісінде, оның ішінде қазақ тілін оқыту үдерісінде кеңінен қолданыла бастағанын айқын көрсетеді.

Бір жағынан қарағанда, оқыту технологиясы, айтып кеткеніміздей, жаңа заманға бет бұрған оқыту жүйесі болса, екінші

жағынан, оқыту технологиясы мұғалім мен оқушының, оқытушы мен студенттің арасындағы ықпалдастық, білім беру мен білім алу арасындағы ерекше дидактикалық қарым-қатынастың заңдылықтарын зерттейтін сала болып танылады. Педагогикалық және оқыту технологияларының сапалы да нәтижелі білім беру мүмкіндігін Қазақстан ғалымдары да жан-жақты қарастырып, оның тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жүр. Осы саладағы зерттеулер төмендегі суретте ұсынылды (5-сурет):



5-сурет – Қазақстандық білім беру жүйесінде қолданылып жүрген белгілі оқыту технологиялары

Сонымен, әрбір оқыту технологиясының мәні мен маңызы оның білім сапасын қаншалықты арттыра алуымен өлшенеді. Сондықтан да бұл екеуі –өзара тығыз байланыстағы, өзара тәуелді ұғымдар. Жаңа заманға лайық білім жаңа талапқа жауап бере алатын технологиялар арқылы ғана меңгертіледі. Технология оқытудың әдістемелік жүйесімен толық қабысқанда ғана оның өміршеңдігі молая түседі.

Бекіту сұрақтары:

- 1.Үздіксіз білім алу заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 2.Оза оқыту (опережающее) заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 3.Білім беруді шығармашылдандыру (креативтендіру) заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 4.Білім беруді дараландыру заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 5.Білім беруді интенсивтендіру заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 6.Білім беруді компьютерлендіру заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 7.Білім беру сапасы рөлінің арту заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 8.Білім берудің көпсатылығы және шоғырлылығы (циклдығы) заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 9.Білім берудің мақсатты бағдарларының ауысып отыру заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
- 10.Білім берудің ұлтаралық, халықаралық деңгейге өтуі заңдылықтарының ерекшеліктері неде?
11. Қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде өзгетілді дәрісханада оқытудың мақсаты не?
12. Қазақ тілінен білім берудің сапалылығын қалыптастырушы негізгі факторларды атаңыз.
13. Қазақ тілінен жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында сапалы білім беру мақсатына не жатады?
14. Педагогикалық технология дегеніміз не?
15. Оқыту технологияларының ерекшеліктерін атаңыз.

16. Қазақстандық білім беру жүйесінде қолданылып жүрген белгілі оқыту технологияларын атаңыз.

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Жоба дегеніміз – алға, болашаққа талпыныс, ұмтылыс деген сөз. Басқаша айтқанда, бір нәрсені қалпына келтіру жоспары, ізденім арқылы іс-қимылдың нәтижесіне жетудегі әрекеттер жүйесін білдіреді.

Қазіргі заманғы әдістеме ғылымында жоба туралы әр түрлі түсінік бар. Атап айтқанда, зерттеушілердің айтуынша, бұл - жобалау арқылы белгілі бір ойды жеткізу деп түсіндірілсе, екінші бір ғалымдар оны зерттеу жұмысының мәселелігін шешетін, нәтижесін түйіндеуге арналған ғылыми дәлелдеме ретінде бағалайды. Ал үшінші бір бағыттағы зерттеулерде жоба ұзақ мерзімге арналған жоспарлы жұмыстың бір бөлігі деп саналады.

Жобалай оқыту технологиясы элементтерінің қазақ тілін өзгетілділерге үйрету үдерісінде қолданылғандығын біз өткен ғасырдың 20-30 жылдардағы оқыту тәжірибелерінен де байқай аламыз. Алайда, өзгетілді ортада қазақ тілін оқыту мәселелері дедуктивтік мәселелерден гөрі, жекелеген, яғни индуктивтік тақырыптар тұрғысынан қарастырылып келгендіктен, бұл әдіс арқылы оқыту жылдар бойы белсенді әдіс ретінде танылмағанымен, өз мәнін жойған жоқ. Бұл технологияның осынша уақыт аралығында өз мәнін жоймауының себебі неде? Бұл себептер осы технологияның негізін ашу және оны оқыту үрдісіне енгізудің өзектілігін айқындауға мүмкіндік берді.

Жобалай оқыту технологиясының өзектілігін мынадай факторлар анықтайды:

– *біріншіден*, студенттердің қазақша мәтінді өз бетімен оқып, соның негізінде қатысымға түсетіндей қабілетке ие болу,

өз ойын тыңдаушысына түсінікті етіп жеткізе білу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік жасайтындығымен;

– *екіншіден*, берілген тапсырмаларды орындау мақсатында шығармашылық белсенділік танытуына, өздігінен ізденуіне, соның негізінде сөздік қорын дамытуға, молайтуға мүмкіндік жасайтындығымен;

– *үшіншіден*, жобалай оқыту әдісін технологиялық жүйе ретінде кең тұрғыдан қолдану мәселесін ғылыми және практикалық тұрғыдан зерттеу жалпы қазақ тілін жекелеген әдістердің жиынтығы түрінде емес, белгілі бір тұтас жүйе түрінде оқыту арқылы сапалы білім беру мүмкіншілігінің молдығымен ерекшеленеді.

Жобалай оқыту технологиясын жүйе ретінде қарастыра отырып, біздің тарапымыздан ұсынылған жаңашылдық деп онда қазақ тілін сапалы оқытуды басты мақсат ете отырып, бұл технологияны сол бағытқа бастайтын тиімді жол ретінде ұстануымызды айтуға болады. Сонымен қатар біз қарастырып отырған технология жүйесіне тек оқу-дидактикалық құралдар енгізіліп қоймайды. Ең бастысы, қазақ тілін орыс бөлімі студенттеріне сапалы оқытуға қатысты, сапалылық критерийлеріне жетуге мүмкіндік беретін оқу-оқыту қызметтерін жүзеге асырушы тұлғалар да біздің оқыту жүйеміздің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысында жобалау технологиясы арқылы қазақ тілін сапалы меңгерту мақсатына жетуге оң ықпал ететін компоненттер жүйесі анықталды (6-сурет). Онда оқыту үдерісін ұйымдастыруға бағыт беретін базалық-нормативтік құжаттардан (стандарт, оқу бағдарламалары) бастап оқу-әдістемелік кешендердің (оқулық, оқу құралдары) және оқытудың әдістемелік жүйесі құрауыштарының (оқытудың мақсаты, әдістері мен формалары, нәтижесі) және, ең бастысы, әрекет етуші тұлғалар (студент, оқытушы) өзара тығыз байланыста басты мақсатты жүзеге асыру үшін біртұтастықта жұмылдырылады.



6-сурет – Қазақ тілін жобалау технологиясы арқылы сапалы оқытудың компоненттері

Назар аударатын мәселе – қазақ тілін сапалы оқыту жүйесі дегенде қазақ тілінің оқу жоспары туралы түсінік қана қалыптаспауы керек. Әрине, оқу жоспарымен тікелей байланысы бар, бірақ жобалау технологиясы – оның жалаң көшірмесі емес. Біздің пікірімізше, жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгерту жүйесі өзгетілді дәрісхана студенттеріне қазақ тілін сапалы оқытуға арнайы мақсат қойып, соған бағытталған оқыту процесін таныта алады. Қарастырылып отырған оқыту технологиясының сапалылығы ондағы қазақ тілі бойынша сұрыпталатын білім мазмұны мен оқыту әдістерінің іріктелінуі неғұрлым рационалды және тиімді болуына және оқыту мерзімі мен орнының (курс және дәрісхананың техникалық жабдықталуы) талапқа сай қолданылуына тікелей байланысты болады. Әрине, жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің құрылымын бұдан басқаша, түрлі нұсқада беруге болатыны белгілі. Бірақ қалай десек те, егер қазақ тілін сапалы оқыту мақсаты негізгі деп

қойылатын болса, онда маңызды міндеттер қатарына мыналар алынуы тиіс:

- біріншіден, қазақ тілінен студенттердің сапалы білім алуы;

- екіншіден, қазақша тұрмыстық сөйлеу дағдыларын сапалы игеруі;

- үшіншіден, тұлға түрлі жағдаяттарда қатысымға түсу тәжірибесін дәрісханада қалыптастыру;

- төртіншіден, қазақша ғылыми стильде сөйлеу қабілетін дамыту;

- бесіншіден, студенттің кәсіби қызметіне байланысты қазақ тілінде өз ойын анық және кең түрде жеткізе алатын өнер элементтерін меңгерту.

Бұл міндеттер түрліше комбинацияларға орналасуы мен бірізділікке түсірілуі арқылы әртүрлі жолмен шешілуі мүмкін. Мысалы, біздің көрсетуімізде, біріншіден, студенттің қазақ тілінен сапалы білім алуы қойылып отыр. Ал егер оқытушы басқа комбинацияға түсіретін болса, онда бірінші орынға біз үшінші етіп көрсетіп отырған студенттің қазақы тілдік ортада үйренген тілдік тәжірибесін актуалдандырудан бастауы мүмкін. Көрсетілген бес міндеттің өзін комбинациялық орын ауыстыратын болса, онда мұғалімнің әдістер жүйесінің қоржыны бай болатыны сөзсіз. Жобалау технологиясының сапалы білім берудегі сенімділігі, сонымен қатар, студенттің жеке басының ізденімпаздық қабілетінің ерекше дамуымен байланысты анықтала түседі. Жобаны орындау барысында студенттің қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы, яғни саналы түрде жүріп отырады. Жобаны орындау үдерісінде студенттің ерік-жігері, тілдік қабілет ресурстары, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Осы жүйемен құрылған қазақ тілін оқыту үдерісінің көздеген нәтижеге қол жеткізер мүмкіндіктері мол деп саналады. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы қазақ тілін үйренуші студенттің дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік идеясымен тоғысқан жеке тұлға ретінде қалыптасуына, маман ретінде қалыптасуына, әлеуметтік жүйеге, Абай армандаған «кетігін тауып қаланатын кірпіш» ретінде өмір сүруіне қызмет етуі тиіс.

Зерттеу жұмысымызда оқыту технологияларының студенттердің білім алуын сапалы етуге үлкен серпін беретін тиімді бір түрі - жобалай оқыту технологиясы деген идея басшылыққа алынғандықтан, осы технологияның ерекшеліктеріне арнайы тоқталу қажет. Жобалай оқыту технологиясын қазақ тілін сапалы әрі тиімділікпен оқыту жүйесі ретінде таңдап алудың нақты дәлелдері көп. Бірақ олардың бастылары ретінде мына мәселелерді атап кету керек:

- біріншіден, қазақ тілін жоғары мектептің өзгетілді дәрісханаларында оқыту әлі де болса дәрісханадан шықпай, дәстүрлі көрнекіліктермен, әдістермен оқытылып келеді. Кредиттік оқу жүйесі енгізілгеннің өзінде қазақ тілін меңгертуде студенттің өз бетімен білім алу, іздену дағдыларын толыққандылықпен дамытатын оқыту жүйесі қолданылмай келеді. Жобалай оқыту технологиясы – кредиттік оқу жүйесінің табиғи бөлшегі сияқты қолданылу мүмкіндігі мол технология. Кредиттік оқу жүйесінде студенттің өз бетімен орындайтын сағат саны мол берілетін, оның өзі оқытушының басшылығымен және өз бетімен орындауға бөлінетіні белгілі. Дәл осы тұстан қарағанда, жобалай оқыту технологиясы мен кредиттік оқу жүйесінің түйісер нүктесі айқын байқалады;

- екіншіден, жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық ерекшеліктері, шын мәнінде, студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған. Өз бетімен қазақ тілі бойынша берілетін түрлі жобаларды қазақ тілінде орындауы барысында студент «білім іздеудің өзіндік сұрлеуін» қалыптастырады және ол сұрлеу - студенттің өмір бойғы білім алуының бастауына айналады.

Қазақстан Республикасының білім беру парадигмасында «жоба әдісі», «жобалай оқыту технологиясы» әлі де болса өзінің толыққанды орнын тапқан жоқ. Дегенмен, «жоба әдісі», «жобалай оқыту технологиясы» туралы қысқаша болса да түрлі мағлұматтар ғылыми жұмыстарда сөз етіліп келеді.

Бұл жүйенің мықты негізге айналатын тұсы – жоба жұмысын орындау арқылы студент өз бетімен білім іздей отырып, оған қажетті ақпаратты іздеп, белгілі бір тақырыптағы жобаны бастап, оның дұрыс шешімге алып келетін әдістерін, жобаның аяғына дейін жүру, жету жолының логикасын табады, таниды.

Қазақ тілінің сан қырлы болмысын түгел гуманитарлық бөлім студенттеріне «Практикалық қазақ тілі» сабақтарында меңгерту мүмкін емес. Бірақ қазақ тілінің лексикалық қабатын тарих бөлімі студенттерінің кәсіби ерекшеліктеріне сай ұйымдастыра оқыту, ал орыс тілі мен әдебиеті бөлімі студенттеріне қазақ тілінен енген сөздер, қазақ тілінің әлеуметтік, лингвистикалық мәселелер, т.б. бойынша сол мамандықтарға тікелей қатысы бар жобаларды орындату дұрыс болады. Олай дейтініміз, болашақ тіл мен тарих мамандары ойын нақты жеткізуге, әдеби нормаға сай шешен сөйлеуге бейімделуге тиісті. Осындай жұмыстар орындау арқылы ғана білім іздеуші субъектінің табиғи танымдық қабілеттері оянады, дамиды, жетіледі, қалыптасады.

Ал енді осындай маңызға ие бұл технологияның бастау көзі қайдан тамыр алады деген сауалға келсек, «жоба әдісін» оқыту үдерісінде қолдану ХҮІІ ғасырдан басталатынын көреміз. 1671 жылы Парижде алғаш рет Корольдік Сәулет Академиясы студенттер арасында ең әдемі жобаларға бәйге жариялайды. Сол кезден бастап «жоба» - «проект» деген әдіс атауы енген.

Сөздіктерде «жоба, жобалау» ұғымына мынадай анықтамалар беріледі: «Проект – прототип, прообраз предлагаемого объекта. Проектирование – деятельность, под которой в предельно сжатой характеристике понимается промышление того, что должно быть» [29].

Демек, жоба, жобалау оқыту белгілі бір нысанның мазмұнын өзгерту, оны жетілдіру, толықтыру бағытындағы ниет, түпкі ой, жоспарды іске асырудағы әрекет болып табылады.

В.Килпатрик жобалау әдісін «от души выполняемый замысел» деп түсінді. Оның ойынша, жобамен жұмыс істеу 4 кезеңге бөлінеді: ойлану, жоспарлау, орындау және бағалау. Бұл әрекеттердің бәрі де оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда ғана оқушы өз әрекетінің нәтижесін көре алады, өзінің неге қабілетті екендігін бағалай алады деп тұжырымдайды.

Ал Д.Дьюи оқушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуын талап етті. Өйткені оқушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекеті са-

тысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген пікірге келеді. Яғни оқушының танымдық әрекетін басқару және оны ұйымдастыруда мұғалімнің көмегі қажет деп санады. Сонымен қатар Д.Дьюи бұл әдісті барлық педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған әмбебап әдіс деп те қарастырмады. Демек, жобалау әдісі – мәселені шешудегі оқушы мен оқытушының бірлескен әрекеті. Ғалымның дәлелдеуінше, жобалау әдісі оқытудың тиімді бір ғана әдісі болып табылады. Соған қарамастан жобалау әдісі оқыту үрдісінде кеңінен қолданылып келеді. Оның себебін ғалымдар қазіргі білім беру жүйесінің мақсатымен байланыстырады. Қазіргі кезеңде маманға қойылатын негізгі талаптардың бірі – олардың кез-келген жағдайда әр түрлі ақпараттармен жұмыс істей білу іскерліктерінің болуы, яғни жеке тұлғаның интеллектуалды дамуы.

Бұл орайда білім алушы өзінің практикалық әрекетінде алдына қойып отырған мәселенің шешімін тауып, оның нәтижесін көруі үшін ізденеді, игерген теориялық білімінің маңызын байқайды, оны есіне түсіреді. Бұл үрдіс адамның әр түрлі жағдаяттарды шешудің әдіс-тәсілін игеруге мүмкіндік жасайды, іскерлік қабілеттерін қалыптастырады.

Міне, жобалау әдісінің мәні де, дидактикалық рөлі де осында. Жобалау әдісі өз мәнінде қолданылғанда кез-келген мәселені игерген білімі мен іскерлігін пайдалана отырып шешуде, одан шығудың жолын көрсетуде, ең болмағанда, оны шешудің бағытын айқындауда өте тиімді.

Жобалау әдісі педагогикалық технологияға жата ма деген де сұрақ тууы мүмкін. Педагогикалық технология мен педагогикалық үрдістің жобасын бөліп қарауға болмайды деп ойлаймыз. Өйткені «нәнің жобасы» деген мәселе туындайды. Әрине, әрекеттің жобасы негізге алынады. Кімдердің әрекеті десек, бұл жерде де оқытушы мен оқушының бірлескен әрекеті болып шығады. Сондықтан педагогикалық технология оқу әрекетін басқару қызметін атқаратын педагогикалық әрекеттің жобасы болып табылады.

Жобалай оқыту технологиясы – өнімді (продуктивті) оқыту идеясын практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын оқытудың бір бағыты, нұсқасы, әдісі, тәсілі. Оның басты ерекшелігі ма-

манның біліктілік құзыреттілігі өзінің өнімді әрекетінің, тәжірибесінің, ізденуінің негізінде қалыптасуы.

Білім алушы өзінің оқу әрекетінің субъектісі болады, танымдық мүмкіншілігі мен қажеттілігін қанағаттандыруға қолайлы жағдай жасалады. Оның басты мақсаты – бағдарлама көлемінде ғана білім жинау емес, игерген білімін өзінің жан-жақты дамуына, кәсіби маман ретінде қалыптасуына, адами көзқарасының қалыптасуына пайдалану.

Жобалай оқыту технологиясы әлеуметтік немесе кәсіби мамандығына байланысты маңызды проблемалардың туындап отыруын талап етеді. Ондай проблемалар болашақ маманның танымдық, рухани ой-өрісін дамытуға, өмірдің әр түрлі жағдайына (мамандығында) икемделуіне мүмкіндік жасауы қажет.

Ондай проблеманы студент шешіп немесе оның қалай орындалғанын көріп қана қоймай, оның нәтижесін басқа жағдайда, басқа мәселелерді шешуге пайдалануға болатындығына көзі жетуі тиіс. Демек, мәселе мен оның практикалық тұрғыдан іске асуының (нәтиженің) қарым-қатынасы жобалау әдісінің білім беру жүйесіндегі басты ерекшелігін көрсетеді. Жобалау әдісінің мәнін түсіну, оны практика жүзінде білім беруде қолдану үшін оны мақсаты мен міндетіне қарай: ғылыми-техникалық, шығармашылық, өндірістік және оқу-тәрбие үрдісіндегі оқу жобасы деп бөліп қарастырған тиімді.

Жобалау – жоба жасау үрдісі; прототип – нысанның, құбылыстың болашақ үлгісі, бейнесі. Бұл – белгілі бір әрекетте адамның игерген теориялық білімі мен практикалық іскерлігін көрсету тәсілдерінің, амалдарының жиынтығы. Бұл таным жолы, таным үрдісін ұйымдастырудың амалы, қойылған дидактикалық мақсатқа жетудің жолы. Сондықтан жобалау әдісі туралы айтқанда біз мәселені, технологияны жан-жақты талдау, шешу арқылы іс жүзінде нәтижені көрсететін дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі деп түсінеміз. Жобалау әдісі басқа оқыту әдістерімен кешенді жүйе құрады. Осы әдістердің жиынтығы білім алушыларға қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыратын дидактикалық жүйені құрайды. Жобалау әдісін қазақ тілін оқыту жүйесінде қолданудың маңызы зор. Атап айтқанда:

– білім алушыларды кез келген ақпараттармен жұмыс істеуге, өз бетімен сыни ойлай білуге үйрету;

– игерген білімдеріне, ғылымның заңдылықтарына сүйене отырып, өз пікірлерін білдіруге, ғылыми тұжырымдар жасай білуге үйрету;

– өзбетімен дәлелді шешімдер қабылдауға үйрету.

Жобалау әдісі жоғары білім беруде маманның әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өте маңызды. Өйткені институтты жаңа бітірген жас маман бірден кездескен қиыншылықтар мен проблемаларды тәжірибесі аз болғандықтан, шеше алмасы анық. Сонымен қатар оларда жүйелі сыни ойлау қабілеттері де бірден қалыптаса қоймайтыны белгілі. Ал нарықтық экономика заманында маманның кәсіби құзыреттілігі бәсекеге қабілеттілігімен айқындалады. Бәсекелестік маманның әр нәрсеге бейімделуін күтіп отырмайтыны да анық.

Маман қандай жағдайға болсын бейімделіп, өзінің мәселені шеше алатын қабілетін, икемділігін, мүмкіншілігін көрсете алуы тиіс. Сондықтан да кәсіби маман дайындауға қоғам үлкен жауапкершілік артып отырғаны белгілі. Осыған орай, егер дұрыс ұйымдастыра білсе, жобалау әдісі өзінің кешенділігімен, проблемалы бағыттылығымен қандай дидактикалық міндеттерді болмасын шешуде тиімді екені даусыз.

Сондықтан студентті бірінші курстан бастап жобалау әрекетіне үйрету және оны дағдыға айналдыру қажет деп ойлаймыз. Ол үшін білім беруді ұйымдастырудың барлық формасы (лекция, практикалық сабақтар, өздік жұмыстар) құрылымы жағынан қайта құрылуы тиіс. Мысалы, лектор дайын материалды айтып жаздырғаннан да, студенттерге өмірде, білім беру үрдісінде кездесетін (мысалы, мектеп өмірінде) проблемалы жағдаяттарды ұсынып, соның шешуін, жолын, дұрыс нұсқасын іздетуге мүмкіндік жасап отырса немесе өздеріне тапсырмалар беріп, соның ішінен проблемалар жасауға, оны шешудің жолдарын қарастыруды міндеттеп отырса т.т. нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мұндай тапсырмалардан студенттер өздеріне қажетті ақпараттарды табуға, оларды бұрынғы оқығандарымен салыстырып, соның нәтижесінде белгілі бір қорытындылар жасауға, материалды жүйелеуге, оның басты мәселелерін бөліп алуға, оның кәсіби әрекетіндегі мән-маңызын түсінуге дағдыланады, игерген білімдерін ғылыми есеп немесе курстық жұмыс ретінде дайындауға мүмкіндік алады, ғылыми стильдері қалып-

тасады. Игерген материалдан белгілі бір қорытындылар жасау үшін ізденеді, әр түрлі ғылым салаларымен байланыстырады. Бұл үрдіс студенттің интеллектуалдық-кәсіби құзыреттілігін дамытуға, қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Жобалау әдісі студенттің кәсіби құзыреттілігімен қатар әлеуметтік құзыреттілігін де қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ж.Дәулетбекова жобалау технологиясының кешенділік сипатын: «Бұл технологияда білім алушының шығармашылық-зерттеушілік, әрекеттік, танымдық, креативтік, мәдени қатынас қабілеттерін қатар дамытуға мүмкіндік туады», - деп көрсетеді [30].

Жұмыс істеу барысында студент айналасындағы адамдармен мәдени қарым-қатынас жасауға, дұрыс сөйлеуге, өз ойын жүйелі жеткізе білуге, тыңдаушысын сыйлай білуге, жалықтырмауға, өзіне тарта білуге, өзін-өзі дұрыс ұстай білуге қалыптасады. Семинар сабақтарында оқытушы қарастырылып отырған мәселенің маңызды жерлеріне қатысты ойталқы, жарыссөз, пікірталас, іскерлік ойындар ұйымдастыруына болады.

Жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінде студенттің өз бетімен жұмыс жасау қабілеті жетіледі, ұштала түседі. Қазіргі білім берудің басты талабы – студентті өз бетімен білімін толықтыруға, ізденуге үйрету. Бұдан оқу үрдісін тек қана жобалай оқыту технологиясына құруға болмай ма деген сұрақтың болуы да заңды. Жобалау әдісі – дидактикалық міндеттерді шешудің амалы. Ол мәселені, бір жағынан, даму үстінде қарастырса, екінші жағынан, оның нақты шешімінің іске асуын қарастырады. Басқа әдістерден айырмашылығы да осында.

Жобалау әрекетін ұйымдастыру оқытушыдан үлкен дайындықты талап етеді. Ең алдымен, әрекеттің негізіне жататын мәселені анықтау қажет. Бұл жердегі ең маңызды нәрсе проблема білім алушыларға дайын күйінде ұсынылмайды. Бұл жағынан ол проблемалық әдістен ерекшеленеді. Оқытушы әр түрлі әдіс-тәсілдер, көрнекі құралдар арқылы шешімі күрделі жағдаят жасауға студенттерді жұмылдырады, яғни проблемалы жағдаяттан- проблема шығады, одан проблемалы міндеттер туындап, жобалау әрекеті осындай тізбекпен беріледі. Проблемалық жағдаят негізінен оқулықтан алынбағаны жөн, ондай проблемалар шынайы өмірден, маманның кәсіби әрекетінде кездесетін мәселелерден туындап жатқаны дұрыс.

Жобалай оқыту технологиясының болмысы туралы Ә.Әлметова докторлық зерттеу жұмысында мынадай сипаттама береді: «...Кез келген тілді өзге тіл ретінде оқытудағы жобалау әдісінің тиімділігі – студенттерді шығармашылықпен жұмыс істей білуге жұмылдыра алатындығы. Жобалау әдісі әрбір студентті белсенді танымдық әрекетке жұмылдырады, бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс істеуге үйретеді. Студенттерді жоба мазмұны бойынша жұп болып, топ болып жұмыс істеуге бөлгенде олардың психологиялық жағынан сәйкес келуі де есепке алынуға тиіс. Мұнымен бірге бөлінген әрбір топтағы студенттердің тілді меңгеру деңгейі де әртүрлі болуға тиіс. Бір топта үш студент болса, алған тақырыптары біреу болғанымен, сол тақырып бойынша жүктелетін міндет те, бөлінетін рөл де әртүрлі болып келеді. Сонда әрбір студент жоба тақырыбынан өзі ғана орындауға тиіс бөлек тақырып алады да, өз бетінше ізденіп жұмыс істеуге мәжбүр болады. Студенттер жобаны орындау барысында әрқайсысының өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты орындауы жалпы жобаның сәтті аяқталуының кілті екенін түсінеді. Сондықтан әрбір студент өзіне тапсырылған тақырып ауқымында жаңа ақпараттар, соны мәліметтер іздеуге белсене кіріседі. Мұны екінші сөзбен студенттің өзі үшін жаңа, соны білім алуы деп те түсінуге болады» [31]. Зерттеу жұмысында жоба жұмыстары туралы, түрі мен типтері, жұмыс орындау процедурасы қарастырылмаса да, осы технологияның тиімді білім берудегі орны туралы қарастырылғаны – қазақ тілін оқыту әдістемесінде жобалай оқыту технологиясының қалыптасып келе жатқанын дәлелдейді деп санаймыз.

Дидактика ғылымында проблемалық жағдаяттың әр түрлі деңгейлері көрсетіледі. Атап айтқанда: бірінші деңгей, оған оқытушының оқу материалын проблемалы түрде баяндауы жатады; екінші деңгей, яғни оқытушы проблемалы жағдаят жасап, оны білім алушылармен бірлесе шешеді; үшінші деңгей, онда оқытушы проблема қояды, білім алушылар оны өз беттерімен шешеді; төртінші деңгей, яғни білім алушылардың өздері проблема жасайды, өздері оны шешеді.

Демек, жобалау әрекеті осы төртінші деңгейде көрінеді. Ал алдыңғы үш деңгей төртіншіге дайындық болып табылады. Ғалым И.А.Зимняя оқу жағдаятында білім алушылардың проб-

леманы өздері тауып, оның жолын өздерінің шешуі және оның дұрыстығын өздерінің тексеруі жобалау әдісіндегі ең жоғарғы әрекет деп бағалайды [17].

Студенттер жобаларды орындауы барысында өздерінің ерік және шығармашылық қабілеттерінің жетіле түсетініне өздері де куә бола алады. Әрине, негізінен оқытушының басқаруымен, жетекшілігімен жүріп отыратын жобалау әдісін қолдану технологиясының білімді бағалаудағы объективтік және субъективтік жаңашылдығы басым болып келеді

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та пайда болған «жоба әдісінің» теориялық негіздемесі «прагматикалық педагогика» болып табылады. Ол «прагматикалық педагогиканың» философиялық негізін қалаған Джон Дьюи екенін де жоғарыда атап кеткен болатынбыз.

Сонымен, жобалай оқыту технологиясын қазақ тілін оқыту үдерісінде қолданудың тұжырымдық негіздерін былайша пайымдауға болады:

- тек практикалық нәтиже арқылы алынатын білім ғана ақиқат және құнды болып табылады;
- адам баласы онтогенезде өзін қоршаған ортаны танып-білуі барысында жүріп өткен адамзаттың жолын қайталайды;
- оқу-таным үдерісінде студент те осы жолды қайталай отырып, жекеден → жалпыға қарай жүру жолын, яғни индуктивтік жолдан → дедукцияға қарай жүру жолын ұстанады;
- қазақ тілін жоба әдісі арқылы оқып-менгеру студент үшін басқарылып отыратын болғанымен, негізінен, студенттің ерік-жігеріне көбірек сүйенетін, сол қасиеттерді дамытуға бағытталған үдеріс болып табылады;
- студент өзінің қазақ тілі туралы білім алу қажеттілігін практикалық тұрғыдан анықтап қана осы тілді меңгеруге белсенділікпен кірісе алады;
- сол үдерісте қазақ тілін оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады;
- қазақ тілінен берілетін білім мазмұнын студенттерге проблемалық оқыту тұрғысынан оқыту үдерісі ұйымдастырылуы керек;

- студенттердің танымдық белсенділігінің жобаны орындау үдерісінде жоғары деңгейде болуы ескерілуі тиіс;
- студенттердің қазақ тілін оқып-білу үдерісінің өмірмен тікелей байланыста болуы қажет;
- қазақ тілін оқыту үдерісінің оқу әрекеті теориясы тұрғысынан ойын, еңбек, жанды үдеріс түрінде ұйымдастырылуы керек.

Гуманитарлық бөлім студенттеріне «Қазақ тілі» пәнін жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясын қолдану кезінде қазақ тілін дәрісханада қолға түскен оқулықтар мен жаттығуларға ғана тірек жасап оқудың тым абстракты оқу үдерісіне айналып кеткенін барлық қырынан танып біліп отырмыз.

Ал жобалау әдісі арқылы оқыту барысында «Қазақ тілі» пәні – студент үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі екендігін айқын тануға, тілді мүмкіндігінше өз бетімен меңгеруге, өз ойын еркін айта алуға, кәсіби лексиканы қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын ерекше пән. Әсіресе, қазақша тілдік ортаның қаншалықты деңгейде дамып отырғанын, қазақ тілінің кең қанат жая дамуының болашақ өсу жолдарын студент практикалық ізденіс үстінде, яғни оқу жобасын орындау үстінде айқын тани алатын болады. Мұндай оқыту технологиясы тек студенттің қатысуын ғана мүмкін етіп қоймайды, ең бастысы, студент қазақ тілін дамытуға өзінің де үлесін тікелей қоса алатын болады, тіпті болмаса, соған ұмтылады.

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасынан оқыту үдерісіне батыл енген «жоба әдісі» педагогтардың жаңа заманға лайық жетілдіруі арқылы оқыту үдерісінде қайтадан жекелеген элементтері негізінде қолданыла бастады. Білім алушы субъект, мейлі ол оқушы болсын, студент болсын, өз білімін нақты практикада қолдана алатынына өзінің көзі жететін болуы мақсат етілді. Әрине, бұл мәселе прогрессивті көзқарастағы педагог-ғалымдар тарапынан да, практик-мұғалімдер тарапынан да жаңашыл ізденістерді қажет етіп отырған оқу жүйесіне «жаңа тыныс беру» мақсатынан туындаған еді. Сол кезде оқушының өзін білім беру ісінің пассив тұлғасы емес, белсенді субъектісіне айналдыру мақсатына жетудің бір жолы ретінде, жоғарыда айтылып кеткендей, «жоба әдісін қолдану жүйесі» қарастырыла бастаған болатын.

Қазіргі білім беру жүйесінде заман талабына сай қолданылатын технологияларды ұйымдастыруда мынадай талаптардың орындалуы қажет:

- пәндік білімді игеру;
- алған білімдерін практика жүзінде қолдана білу;
- пәнаралық дағдыларын игеру;
- қатысымдық дағдыларды қалыптастыру;
- түрлі түрдегі ақпараттармен жұмыс жасай білу;
- ақпараттық технологияларды игеру және оларды түрлі міндеттерді шешу барысында қолдану;
- топпен жұмыс жасай білу;
- берілген проблемаларды шешу.

Біздің зерттеуімізде оқу үрдісіне жобалай оқыту технологиясын енгізудің себептері мынадай: біріншіден, бұл технология студенттің білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Екіншіден, бұл технология бойынша студент тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады. Үшіншіден, жобалау аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы бар. Төртіншіден, жобалай оқыту технологиясы шығармашылық белсенділікті тудырады. Бесіншіден, жобалау технологиясы сабақта қолданылғанда оқытушыға да, студентке де жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады. Алтыншыдан, жобалау жұмыстары өзара жарысты, таласпикірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді. Жетіншіден, жобалау технологиясы оқытушыға да, студентке де жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни «эгофакторлық» сенім ұялатады.

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі мынадай:

- 1) тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол студенттің қызығушылығын тудыруы қажет;
- 2) оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс;

3) жобалай оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады;

4) талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет;

5) жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет.

Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жобалай оқыту технологиясын қолданып, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын ғылыми дәлелдеудегі мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол. Атап айтқанда:

1. Жұп (диада) құрып, бір мезгілде бірлікте жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

2. Үштік (триада) құрып, бір мезгілде бірлікте және жеке даралық жұмыс істеуге бағыттайды.

3. Шағын топ құрып, (мүмкін 4 не 6 адам) пікірталас тудыратын қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктеріне ие болады.

Біздің тәжірибемізде үштік іс-әрекет ең өнімді жұмыс тобы, ол жобаға қатысушылардың өзара ынтымақтастығы арқылы белсенді әрекет иесі болуына әсер ететін жоба әдісі екендігі байқалды. Себебі үшінші адамға жекелей тапсырма бермеуге де болады, ол екі адамның әңгімесіне, пікірталасына, жобаны дәйектеуіне сырттай бақылаушы ретінде қатысушы тұлға. Сонымен қатар шағын топ мүшелері «Біреу барлығы үшін, барлығы біреуі үшін» ұстанымы бойынша жұмыс істегенде, оның тиімділігі арта түсетіні көрінді.

Проблемалық тақырып бойынша коммуникативтік міндетті шешуші топтар (жұптық, үштік және шағын топ) мына бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік алды:

1) тілдік тұлға оқытушы тілдік тұлға;

2) жұптық немесе үштік оқытушы;

3) оқытушы шағын топ.

Жобалау әдісінің негізінде студенттердің танымдық дағдыларын дамыту, ақпараттық кеңістікте дұрыс жол табу, сыни және шығармашылық ой дамыту жатыр. Сонымен қатар жобалау әдісін таным жолы мен таным процесін ұйымдастыру тәсілі деп те танып, дидактикалық мақсатқа жетудегі практикалық нәтижені көздейтін тәсіл деп айтамыз.

Дидактик-ғалымдар, педагогтар осы технологияға өздерінің педагогикалық әдістерін шешу мақсатында аса назар аударады. Оның негізінде нақты прагматикалық бағытталған нәтижені көздейтін идея бар.

Бұл «ерекше» оқыту нәтижесі, себебі осындай нәтижеге жету үшін гуманитарлық бөлім студенттеріне құбылысты нақты көруге, практикалық қызметте пайдалануға, өзіндік шешімдер табуға, күтілетін нәтижелерді болжауға, себеп-салдарлық байланыстарды жасауды игеруге баулу қажет.

Жобалау әдісі – гуманитарлық бөлім студенттерінің нақты белгіленген мерзімде қазақ тілі бойынша әрдайым өзіндік жұмыс жасауына бағытталатын әдіс. Жобалау әдісі топпен жұмыс жасау әдісімен де тығыз байланысты. Одан басқа, бұл әдіс әрдайым қойылған міндетті шешуді қажет етеді.

Ал мәселені шешу бір жағынан түрлі әдістердің жинақталуын қажет етсе, екінші жақтан білімдерді интеграциялауды керек етеді. Жобалау әдісінің құралы – жобалау жұмыстары. Әдістемелік әдебиеттерде жобамен жұмыс жасау алдында оның кезеңдерін анықтап алуды көрсетеді, яғни:

- 1) жобаның тақырыбын анықтау;
- 2) жобаның мақсатын анықтау;
- 3) жобаның құрылымын талқылау, жұмыс жоспарын жасау;
- 4) қажетті тілдік материалды және қатысым алдында арнайы тілдік жаттығулар жасау;
- 5) ақпараттарды жинау: бар білімді ескеру, ақпарат көздерімен жұмыс жасау, ақпараттарды сақтаудың жеке жүйесін құру;
- 6) топпен жұмыс жасау;
- 7) студенттерге деңгейаралық нәтижелерін талдайтын кездесулер ұйымдастыру, оқытушы студенттермен жасалған жұ-

мыстарға түсінік береді, тілдік бірліктерді қолдануда жіберілген кемшіліктерді түзейді, жаңа материалдарды таңдап алады;

8) жинақталған ақпараттарды талдау, түрлі топтардың әрекеттерін үйлестіру.

9) жобаны тұсаукесерге дайындау – көрме, бейнефильм, радиобағдарламалар, театралдық көріністер, мерекелер және т.б.

10) жоба нәтижелерін көрсету (жобамен жұмыс жасаудың кульминациялық шегі).

11) жобаны бағалау, осы кезең тілдік материалдың игерілуін бақылауды ғана қоспайды, сонымен қатар, сөйлеу және қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттіліктің дамуын да қосады.

Бұл кезеңдегі жұмыстар дәстүрлі нысанда тест түрінде жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдеріне қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, студенттің жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің студент үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады; төртіншіден, оқыту үдерісінің үш мақсатын – білімдік, тәрбиелік, дамытушылық – қатар орындаудың шарты болып саналады; бесіншіден, қоғам талабы мен студент мүддесінің толық үйлесімде дамуына тірек болады.

Бекіту сұрақтары:

1. Жобалай оқыту технологиясының өзектілігін анықтайтын факторларды атаңыз.
2. Қазақ тілін жобалау технологиясы арқылы сапалы оқытудың компоненттерін атаңыз.
3. Жобалай оқыту технологиясының ерекшеліктері неде?
4. Жобалай оқыту технологиясын қазақ тілін оқыту жүйесінде қолданудың маңызы.
5. Жобалай оқыту технологиясын қазақ тілін оқыту үдерісінде қолданудың тұжырымдық негіздерін атаңыз.

6. Қазіргі білім беру жүйесінде қолданылатын технологияларды ұйымдастыруда қандай талаптар орындалуы қажет?
7. Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі қандай?
8. Жобамен жұмыс жасау кезеңдерін атаңыз.

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ГЕНДЕРЛІК ТАБИҒАТЫ

Жобалай оқыту технологиясын қолдануда студенттер белгілі бір оқу – танымдық мақсатқа қол жеткізіп, белгілі бір оқу міндеттерін шешеді. Жобалау барысы даралық жұмыс түрінде немесе топтық түрде жүргізіледі. Бұл бағыттағы жоба әдісін қолданудың бір үлгісін келтірейік.

Жобаның тақырыбы:

Қазақ халық педагогикасындағы әйел затының тәрбиесі және оның игі тұстарын жандандыру мәселелері.

Жобаның мақсаты:

- Қазақ халық педагогикасындағы әйел заты тәрбиесінің негіздерін анықтау
- Әйел заты тәрбиесінің барлық адамзат қоғамы үшін маңызын тану мақсатында өзге ұлттардағы әйел заты тәрбиесімен салыстыру.
- Қазіргі заманға сай әйел заты тәрбиесіндегі ерекшеліктерді (артықшылықтар мен кемшіліктері) анықтау.

Жобаның белгілері:

- Жобадағы негізгі қызмет түріне қарай танылатын доминанттық белгілері бойынша – зерттеушілік қолданбалы жоба.
- Пәндік мазмұндық аясы бойынша – пәнаралық жоба.
- Жобаны координациялау сипаты бойынша – ашық.
- Контакт жасау бағыты бойынша – Алматы қаласында.
- Жобаның ұзақтығы бойынша – 1 ай.

Жобаның типі – лингвистикалық және мәдениеттану.

Жобаны сыртқы бағалау параметрлері:

- тақырыптың өзектілігі мен мәнділігі жағынан оқылып жатқан «Қазақ тілі» пәні мен жоба ретінде алынып отырған «Қазақ халық педагогикасындағы әйел затының тәрбиесі және оның игі тұстарын жандандыру мәселелері» тақырыбының өзара бірімен бірінің байланыстылығы;

- зерттеу әдістерін дұрыс таңдалғандығы мен алынған нәтижелерді өңдеу әдістерінің дұрыстығы;

- жобаға қатысушы топтың әрбір мүшесінің белсенділік дәрежесі;

- қабылданған шешімнің ұжымдық сипатта болуы;

- жобаның эстетикалық көркемдігі деп белгіленді.

Қазақ халқы ұлды «шаңырақ иесі» деп, ал қызды «қонақ» деп тәрбиелеген. Қыз баланы, сонымен бірге, ел ішін жақын-дастыратын ерекше символ ретінде бағалаған. Студенттер қазақ тілінің бай қорынан қазақ қыздарының тәрбиесімен байланысты тарихта сақталған биік идеалды образдарды таба алады. Сондықтан қазақ тіліндегі қазақ қыздары туралы лиро-эпостық жырлардың тілін жоба тақырыбы етіп беруге болады.

Гендерлік тақырыпты жоба етіп ұсына отырып, студенттерге қазақ тілінен тапсырмалар орындату міндеттеледі. Дегенмен де, қазақ тілінен зерттеулер жасату барысында студенттерге гендерлік талдау әдістері де және гендерлік әдістерді қолдану жолдарынан білім беру де - аса қажетті талап болмақ. Гендерлік әдістердің мынадай түрлері таныстырылады:

КАРТАҒА ТҮСІРУ – Mapping (Картирование). Бұл әдіс бойынша студенттер тобы өздері тұратын (не оқитын) қаланың мөлтек аудандарын ірілеу етіп КАРТАҒА түсіреді. Ондағы қазақша көше атауларын, жарнамаларды талдаудан өткізеді. Оларға этимологиялық, лексика-грамматикалық сипаттамалар жасайды. Көшеде тұрған халыққа қызмет көрсету орындарында қанша ер адам, қанша әйел адам қызмет ететініне де талдау жасауға болады. Түрлі көшелердің атауларын жазған карталарға салыстырулар жасау негізінде тілдік және әлеуметтік мәселелер туралы есеп түрінде мәтін құрайды.

ГАРВАРД ТАЛДАУ ӘДІСІ – (Harvard Analytical Framework - (Гарвардский метод анализа) үш негізгі элементтен тұрады: әрекет түрлеріне шолу жасау; қолжетімділік пен бақылауға шолу жасау; адамдарға бағытталған жоспар жасау.

Студенттерге гендерлік білім беру негізінде жобалау технологиясы одан әрі байып, білімнің адам үшін құндылық қыры айқындала түсетініне дау жоқ. Өйткені гендерлік әдіс арқылы студенттің:

- гендерлік айырмашылықтарды тануға қажетті құралдарды меңгеру және қазақ тіліндегі ер мен әйел тілдерінің ерекшеліктерінің қызметтегі қолданыс табиғатын тани білу дағдысы қалыптасады.

- гендерлік тақырыптарды жоба етіп беру арқылы қазақ тіліндегі ер мен әйел тілі тұрғысындағы байлық, ұлттық дәстүрлерді тани алады.

Гендерлік әдістер мынадай ұстанымдарға негізделеді:

- 1) студенттер қазақ тілінің гендерлік ерекшеліктерін зерттеуге кірісерде, өздерінің де гендерлік ерекшеліктерін таниды;

- 2) студенттер қазақ тіліне гендерлік тұрғыдан талдау жасау үшін гендерлік әдістен білімі болуы міндетті болып саналды;

- 3) студенттер жоба тақырыбының гендерлік қырын анықтауда жобаны орындаудың ұзақ болуы дұрыс деп есептеледі.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінде қыз бала ерекше орын алады. Әйел-ана бейнесі, Ұмай-Ана, Томирис-Тұмар, Зарина, Гүлбаршын, Құртқа, Қыз Жібек, Баян сұлу бейнелері – қазақ халқының мәдени мұрасында ерекше орны бар тұлғалар. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясында студенттерге осы тұлғалар туралы ізденістер жасауды тапсыру арқылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіндегі мұражай материалдарымен танысу, талдау, қазақ тіліндегі көне сөздер мен атауларды білгізу сияқты жоба жұмыстары студенттердің ерекше ынтасымен, ықыласымен орындалды.

Осымен бірге, қазақ тілінде ер адам мен әйел адамның сөйлейтін сөздерінің лексикалық тұрғыдан айырмашылық болатынын танытуда, студенттерді белгілі бір тақырыптарға жоба жұмыстарын орындауға қызығушылығын туғызған фактор болды.

Жалпы, XX ғасырдың 60-70 жылдарында ерекше даму қарқынына ие болған гендерлік зерттеулер қазақ тіл білімінде де орын алып келеді. Ал қазақтың тәрбиелік мұрасында келіннің келіп түскен жердегі адамдардың атын атамауы ұлттық ділдің бір қыры екенін көрсетеді.

Алғашқы сабақта осындай бір мысалды үлгі ете отырып, студенттерге қазақ ауыз әдебиетіндегі әйел лексикасын тапқызу үшін арнайы ізденім жұмыстарын орындату да - қазақ тілін оқыту әдістемесінің болашақтағы жаңа арнасын таныта алады.

Студенттерге мынадай тапсырма берілді: «Қазақ халқында мынадай бір аңыз бар. Бір елге жас келін түсіпті. Бір күні ол келін су алуға өзеннің жағасына келеді. Ол жерден жас келін бір оқиғаны көріп қалып, үйіне жүгіріп келіп, бір нәрселерді алып, тез кері қайтып барады. Біраз уақыттан соң екі білегі қанға боялып қайтып келеді. Оның алдынан шошып шыққандарға жас келін былай дейді:

Сарқыраманың ар жағында, Сылдыраманың бер жағында, Маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен. Үйге кеп білемені жанамаға жанып-жанып ап, Ұлыманы бауыздап сойып ап, Терісін экеле жатырмын».

1- *тапсырма*. Берілген әңгімедегі атаулардың сипатына қарай отырып, олардың шын аттарын қалпына келтіріңдер. Ерекше бір ассоциациялық сөздік жасаңдар.

2- *тапсырма*. Жас келін неліктен осылай сөйледі деп ойлайсыңдар.

3- *тапсырма*. Әйелдің арнаулы лексикасы туралы гендерлік зерттеуші ғалымдардың пікірлерін іздестіріңдер. Өз ойларыңды салыстырып, түйінді пікірлеріңді айтыңдар.

Осы тапсырма бойынша орындалған бір жұмыстың үлгісінен кесінді өрнектер келтірелік.

ЖОБА ЖҰМЫСЫ

«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ҚҰПИЯ ТАБИҒАТЫ немесе ТҮСІНШІ МЕНІ»
(Орындаған: Қаплиева Сәния. Тарих факультеті, 2-курс.)

ЖОБА ЖОСПАРЫ:

- 1.«Әйел – ерекше жаратылыс.
- 2.Қазақ әйелі - ерекше табиғат иесі.
- 3.Бұрын осылай болған.
- 4.Келіннің көрегендігі немесе осы елге қалай да сіңу керек!!!
- 5.Ерекше СӨЗДІК.

6.Қазіргі қазақ қызы, қазақ келіні, қазақ әйелі: қиял мен шындық».

Осы жоспардан көрінгендей, студенттердің қазақ тілін меңгеруі барысында қызықтырған тақырыптарының ішкі мазмұн байлығына өздерінің интеллектуалдық даму деңгейіне сай тереңдей беретіні байқалды. Тақырыптың өзін Сәния «Түсінші мені» деп атап тұр. Мұның өзі ақылды әйелдің түсінгенін кез келген ер адам да түсіне бермеуі мүмкін екенін көрсетеді.

Жоба жұмысын тұтастай бермей, соның ішіндегі маңызды 4-5 тұсын ғана алып отырмыз:

«4. Келіннің көрегендігі немесе осы елге қалай да сіңу керек!!! Біздің ата-бабаларымыздан қалған ұзатылған қызға айтылатын мынадай нақыл сөз бар: *«Барған жеріңе судай сіңіп, тастай бат!»* Менің түсінігімше, қыз бала келін болған соң, артына қарайлай бермей, келген елімен бірігіп кетуі керек. Ал қайын жұртының тура атын атамай, жанама атпен атауы – келіннің қаншалықты ақылды, байқағыш, интеллектуалды екенін білдіретін амал болуы мүмкін. Сондықтан мына аңыздағы келін осы елге *«судай сіңіп, тастай бату»* үшін, ерекше бір СӨЗДІК қолданғаны қызықтырады».

1. ЕРЕКШЕ СӨЗДІК:

– «Сарқырама» (не сарқырайды?) – ӨЗЕН. Келіннің бір қайын туысының аты Өзенбай болған шығар.

– «Сылдырама» (не сылдырайды?) — ҚАМЫС. Келіннің бір қайын туысының аты - Қамысбай.

– «Маңырама» (не маңырайды?) — ҚОЙ. Келіннің бір туысының аты - Қойшыбай.

– «Ұлыма» (не ұлиды?) – ҚАСҚЫР. Келіннің бір туысының аты -Қасқырбай.

– «Жанама» (неге жаниды?) – ҚАЙРАҚ. Келіннің бір туысының аты - Қайрақбай.

– «Білеме» (нені білейді?) ПЫШАҚ, ҚАНЖАР. Келіннің бір туысының аты Қанжарбай немесе Пышақбай болуы мүмкін».

Қазақ тілін гендерлік аспектіде оқыту – болашақта қолға алынатын ерекше әдістеме, бірақ жобалай оқыту технологиясында бұл бағыт студенттерде ерекше бір серпін туғызған бо-

латын. Сондықтан жобалай оқыту технологиясының қамтитын саласы да, бағыты да осылай молая береді деп санаймыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗГЕТІЛДІ ДӘРІСХАНАДА ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Жобалай оқыту технологиясы арқылы мемлекеттік тілді меңгертудің арнайы ұстанымдары ретінде:

- проблеманы қою және уәждеме тудыру (іздену белсенділігі) ұстанымы;

- грамматиканы танымдық тұрғыда (алгоритмдер, кестелер, диаграммалар арқылы) меңгерту ұстанымы;

- қайталау (түрлі жаттығу – тапсырмалар арқылы қайталау) ұстанымы;

- субъектінің өз әрекетін жоспарлау (ойын түрлерінде тапсырманы орындау) ұстанымы;

- интеграциялау (басқа пәндер бойынша алған білімін пайдаланып, өз бетінше жаңа білім жинақтау) ұстанымы белгіленді.

Осы айтылғандарға сабақтастыра отырып, зерттеу нысанына алынған өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілін меңгерту үдерісінде Қ.Қадашева айқындаған когнитивті, аффективті және лингвистикалық ұстанымдар жүйесі де басшылыққа алынды. Осыған орай мынадай қағидалар айқындалады:

- когнитивтік ұстаным
- контекске үйрету
- қошеметтеу
- стратегиялық қуаттылық
- ішкі сезімдерге байланысты ұстаным
- тілдік «мен» ұстанымы
- өзіне-өзі сенімділік ұстанымы
- мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту ұстанымы
- тіл аралығы ұстанымы
- коммуникативтік құзырет.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы сапалы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдарын жүйелей келе,

мынадай түрде модельдеп, әрбір танылған ұстанымның осы технологияны қолдана оқыту үдерісінде қандай мақсат көзделуі тиістілігі анықталды (1-кесте).

1-кесте

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертудің дидактикалық ұстанымдары

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы сапалы меңгертудің дидактикалық ұстанымдары	Дидактикалық ұстанымдардың жобалай оқыту технологиясы арқылы тілді меңгерту үдерісіндегі маңызы
1	2
Ғылымилық ұстаным	Қазақ тілінен берілетін оқу материалына сай жоба тақырыптарының қазіргі заманғы ғылым дамуының деңгейіне сәйкес іріктелінуі; ғылыми таным заңдылықтарын тіл үйренушінің өз бетімен ізденуі нәтижесінде толыққанды игеруі.
Лингвистикалық ұстаным	Тіл үйренушінің тілдік «менінің» қалыптасуы, мәдениет пен тілді тығыз байланыста танып-білуі, қазақ және орыс тілдеріндегі тілаларлық байланыстарды танып-білуі, тұсаукесер дайындау нәтижесінде студенттің коммуникативтік құзыреті қалыптасуы
Жүйелілік ұстаным	Қазақ тілінің жүйелілік құрылымын танып-білуі, тілдің ішкі құраушы бірліктерінің өзара функционалдық қатынаста болатынын дәлелдеуі, тіл жүйесі арқылы дүниедегі басқа жүйелерді тану әдістерін игеруі, оқу материалдарының сабақтастықпен меңгерілуі, соңында әрекеттер жүйесінің жоба дайындауға бағындырылуы
Білім көлемін біртіндеп ұлғайту ұстанымы	Қазақ тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық заңдылықтарын минимум түрінде меңгере отырып, өз бетімен іздену арқылы тіл теориясының нақты практикадағы қолданысын анық

	тани білуі, нақты деректерді іздестіруден басталған студент әрекетінің түпкі нәтижеде біртұтас жобаға ұласуы
Пәнаралық байланысты тұрақты сақтау ұстанымы	Жоба әзірлеуде жақын пәндердің (тіл, философия, логика, әдебиет, тарих, мәдениеттану, психология т.б.) теориялары мен заңдарын, ұғымдарын келісімділікпен, жүйелі, сабақтастыра танып-білуі
Бірізділік тәртіпті сақтау ұстанымы	Қазақ тілі бойынша студенттің ізденуге берілген тақырыптарды, тақырыптық топтамалардың мазмұндық-логикалық байланыстарын өз бетімен тани білуі, соның негізінде таным процесінде біртұтастық көзқарастарға келе алуы, нәтижесінде репродуктивтік білімнен шығармашылыққа дейінгі аралықтағы жұмыстардың бір мақсатқа жұмылдырылуы
Нақтылық ұстанымы	Тіл үйренушіге зерттеу-ізденім тақырыптарын ұсынуда тақырыптың көлемі мен қиындығы және өмірдегі орнын оқытушының алдын ала біліп, дидактикалық талаптардан ауытқымауы, жоба дайындау үдерісіндегі әр кезеңнің өз талабына лайық нақты қадамдар жасап отыруы
Саналылық ұстанымы	СӨЖ/СОӨЖ тапсырмаларын, жоба жұмыстарын орындау үшін тіл үйренушінің өз бетімен зерттеу-ізденім жұмыстарын жүргізуі мен белгілі бір теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізуінде ішкі оң мотивациясының болуы және тақырыптың өмірде маңыздылығына әрдайым ден қойып отыруы
Көрнекілік ұстанымы	Тіл үйренуші жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып, ізденім тақырыбындағы мәселелердің шешімдерін модельдеу түрінде, идеализациялау арқылы, ойтолғаулар түрінде көр-

	некілей білуі
Теория мен практиканың өмірмен тығыз байланысы ұстанымы	Тіл үйренушінің жоба жұмысын орындауда жеке басы қабілеті, қызығушылығы, игеріп жатқан кәсібіне деген ықылас ерекшеліктерін ескеру
Аффективтік ұстаным	Тіл үйренушінің жобалау жұмысын жүргізудегі стратегиялық қуаттылығы мен ішкі сезімдері байлығы мен басқара алуы; зерттеу жұмысын жүргізуі мен нәтижелерін тұжырымдау барысындағы студенттің өзіне өзі сенімділік танытуы
Когнитивтік ұстаным	Жоба жұмысын жүргізу барысын тіл үйренушінің танымдық (когнитивтік) үдерістегі қабылдау, ойлау, сөйлеу, есінде сақтау ерекшеліктерін дамытуға бағдарлау; тіл үйренушінің қазақша мәнді де мәнерлі сөйлеуі оның өз бетінше ізденім жұмыстарын жүргізу барысындағы ойлау үдерісінің нәтижесі екендігін назарда әрдайым тұту, тіл үйренушіні ізденім барысындағы, шығармашылық жеңіске жету жолындағы өз бетімен зерттеу әдістерін, сенімін, адалдығы мен оқытушыға, жолдастарына деген ілтипатын, ізденім барысында кездесетін басқа адамдармен қарым-қатынастарын қошеметтеу
Студенттің болмысы туралы білімдердің жан-жақтылығы мен толыққандылығы ұстанымы	Тіл үйренушінің қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгеруі барысында танылатын өзінің болашақ мамандығына, жеке басына деген көзқарасының өзгеретініне, өз бетімен білім іздеу әдісінің өмірлік әдіс екеніне көзін жеткізу
Білім беруде студенттің даму (жас және психологиялық, физиологиялық) мүмкіншіліктерін ескеру ұстанымы	Студенттің әрбір жобалау жұмысын орындауының нәтижесінде жас жағынан да, психологиялық жағынан да дамуына назар салу, физиологиялық жетілуі ерекшеліктерінің ізденім жұмысын орындауға тигізетін әсерін ескеру

Әдістеме жүйесінің кешенділігі ұстанымы	Тіл үйренушінің қазақ тілінің теориясынан бастап білім минимумын меңгеруі, практикада, әсіресе, өз бетімен ғылыми ізденістер жүргізуде орындайтын жоба жұмыстарын кешенділікпен бір жүйеге орталықтандыру
---	---

Бұл мәселелердің жаңа заман тұрғысынан сарапталуы дидактикалық мәселелердің уақытпен бірге үнемі жетіліп, дамып отыратынын танытады.

Дидактиканың басты мәселесі – Тіл үйренушіні нендей нәрселерге үйрету керек? Нені білгізу керек? деген мәселелерге жауап іздеуі. Яғни жоғарыда аталған ұстанымдарды оқу үдерісінде орайлы іске асыруға мүмкіндік беретін оқу құралдарының, материалдарының мазмұнын анықтау болып табылады.

Қазақ тілінен тіл үйренушіге берілетін білім мазмұны дегеніміз – студенттің қазақ тілін жетік меңгерген, сөйлеу және жазу сауаттылығы грамматикалық норма негізінде қалыптасқан, лексикалық қоры жиі кездесетін тұрмыстық және кәсіби қалыпты сөйлеу жағдаяттарына сәйкес дамытылған дара тұлға дәрежесіне жетуге тірек болатын ғылыми негіз. Ол арнайы нормативтік құжаттарда белгіленеді.

Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілінің білім мазмұны мемлекеттік білім стандарты негізінде айқындалады. Стандарт – білім беру жүйесінің нақты мүмкіндіктерінің негізінде жасалған қоғамдық идеалды танытатын маңызды құжат. Мемлекеттік білім беру стандартының құрамы базалық оқу жоспары, пәндік стандарт, пәнді оқыту барысына қойылатын мемлекеттік талаптар деген компоненттерден тұрады. Тіл үйренушілердің қазақ тілінен алатын білім мазмұны «Студенттерге тілді оқыту стандартында» көрсетілгенімен, арнайы оқу-әдістемелік кешені және оқытудың жаңа технологиялық жүйелері жасалмаған. Сондықтан да білім мазмұны туралы мәселеде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытумен айналысатын әдіскер-ғалымдар арасында біркелкі пікір қалыптаспай келеді.

Қ.Қадашева қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында қолданылатын оқыту құралдарын былайша жүйелейді:

1. Оқытушы үшін оқу құралдары:

- мемлекеттік білім беру стандарты;
- оқу бағдарламасы;
- оқытушыға арналған кітап;
- әдістемелік әдебиет.

2. Тіл үйренуші үшін оқу құралдары:

- оқулық;
- оқу кітабы;
- тіл дамытуға арналған оқу құралы;
- сөздік;
- жаттығулар жинағы.

3. Аудиовизуалды оқу құралдары:

- видео;
- аудио;
- компакт-дискіге жазылған электронды құрал [32].

Қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыратын әдістемелік жүйеде осы бағыт ұсталынды.

Дидактикада «әдіс» және «амал», «тәсіл» деген ұғымдар белгілі. Ғалымдар Ф.Оразбаева мен Қ.Қадашева осы ұғымдарды айырып танып қана қоймайды, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінде студенттердің орындайтын амал-тәсіл жолдарын да айқын береді. Ф.Оразбаева осы ұғымдардың аражігін айқындап, әрқайсысының орны мен рөлін ғылыми негіздеп берсе, Қ.Қадашева ғылыми монографиясында 22 амал-тәсілдің түрін көрсетіп, студенттің қазақ тілін сапалы меңгеруіне қажетті әдістерді былайша топтастырады:

- үйретудегі мотивацияны тудыру әдістері;
- кешенді түрде оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру әдісі;
- үйретудің тиімділігін арттыратын бақылау әдісі [32].

Негізінде, әдістердің қолданылуы жаңа әдістердің жасалуын емес, олардың өзара түрлі позицияларда орын ауыстыра келуімен байланысты түрлі нәтижеге жетуге болатынын Н.Құрманова да атап көрсетеді. Әдістердің комбинаторлық қолданысы деп атай отырып, Н.Құрманова «олардың барлығы, жинақтала келе, теориялық таным әдістері деп аталады», - дейді. Оның қатарына:

- анализ;
- синтез;

- индукция;
- дедукция;
- эксперимент;
- модельдеу;
- бақылау;
- салыстыру;
- жіктеу;
- практикалық;
- сауалнама жүргізу;
- тестілеу әдістерін жатқызады [33].

Зерттеу барысында осылардың қатарына мынадай әдістерді іріктеп қосып, соның негізінде қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалау технологиясы арқылы ұйымдастыруға оң ықпал еткен әдістер жүйесін саралауға ұмтылыс жасадық. Атап айтқанда:

- қазақ тілін сапалы меңгеру ұстанымы негізіндегі әдістер;
- жазба сауаттылықты қалыптастыру әдістері;
- студенттердің ғылыми ізденістерін ұйымдастырудағы тарихи проблемалық әдіс;
- әдістерді кешенді қолдану ұстанымы негізіндегі әдістер комбинациясы;
- компьютерді ішінара қолдану әдісі;
- жеңіске жету жағдаятын қолдану әдісі;
- эвристикалық әдіс.

Жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып қазақ тілін сапалы меңгерту жолының арнаулы әдістері бойынша ұйымдастырылған жұмыс кезеңдері деп мыналарды атап көрсетуге болады:

- студенттің алға қойылған зерттеу жұмысынан туындайтын проблеманы дұрыс айқындауы;
- проблеманы шешуде аса маңызды болатын болжам қоюы;
- зерттеу әдістерін талқылауы;
- зерттеу жүргізу логикасын тануы;
- нәтижелерді көрнекілеуі;
- алынған мәліметтерді талдауы;
- қорытынды жасауы;

- түзетулер жасауы;
- тұжырымдар жасауы;
- «ойға шабуыл», «дөңгелек үстел» өткізуі;
- нәтижелер бойынша статистикалық есептер жасауы;
- түпкі нәтижені толығымен тексеріп, ортаға салуы.

Бір жағынан қарағанда, осы көрсетілген алгоритмдер іс-әрекет жүйесіне сай келеді де, осы жүйемен жүрудің өзі студенттердің осы әдістерді меңгеру нәтижесін танытады.

Дидактиканың ендігі бір басты мәселесі – қалай оқытамыз? деген сауалдың жауабын іздестіру. Бұл орайда айтып кететін бір мәселе - жобалай оқыту технологиясының табиғаты жаңа бола тұра дәстүрлі әдістер жүйесіндегі барлық әдістердің үйлесімді әрекет етуін мүмкін етеді және соларды негізге алады.


Жобалай оқыту технологиясы арқылы тілді меңгертуде:

- түсіндірмелі-иллюстрациялық әдістер;
- программаланған жүйеде қолданылатын әдістер;
- эвристикалық әдістер;
- проблемалық әдістер;
- модельдеу әдістері басымдылыққа ие болды.


Әдістің сызбасы

Әдістің атауы


Қысқаша атауы



7-сурет – Жобалай оқыту технологиясының әдістер жүйесі



8-сурет – Қазақ тілін дәстүрлі меңгертудің қарапайым
м о д е л і



9-сурет – Қазақ тілін жобалай оқытудың технологиялық
модельдері

Сызбада көрініп тұрғандай, жобалай оқыту технологиясы тілді оқыту үрдісінде тіл үйренуші мен оқытушының өзара бір-лесе атқаратын жұмыстарының нәтижесінде белгілі бір межеге

мақсатты түрде жетеді. Осы үрдісте оның тірек ететін нәрсесі қазақ тілінен жинақталған қор болады. Сол қорды пайдалана алу мүмкіндіктері студенттің соңғы нәтижеге жету деңгейін өлшеуге тірек етіп алынады. Осы жердегі «субъект-субъектілік» қатынас білім сапасын арттырудың жолы болып танылады. Ынтымақтастық педагогикасының қағидалары басшылыққа алынып, екі жақтың да көздеген межеге жетуіне кепіл болады.

Қазақ тілін гуманитарлық бөлімде оқытудың тиімді нәтижеге жетуі негізінен оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Оның үстіне қазақ тілін оқытудың басты әдісі ретінде жобалай оқыту технологиясы қолданылатын болса, онда бұл жерде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасындағы түрлі байланыстар, қатынастар мен эмоционалдық сезімдері айқын байқалып, оның жағымды қырдан танылуына екі жақтан да ықылас болуы және бақыланып отырылуы аса маңызды шарт болмақ.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы «оқытушы — әрдайым талап етуші», ал «студент — әрдайым бағынышты, талапты орындаушы» моделінде келетін болса, жобалай оқыту технологиясы жүйесінде оқытушы мен студент көбінесе серіктестік қатынаста бірігетіндей болып ұйымдастырылады.

Әрине, мұндай жағдайда оқытушы мен студенттің арасындағы педагогикалық қарым-қатынас та дәстүрдегіден өзгеше болады. Сондықтан жаңа оқыту жүйесін қолданудың оқытушы мен студентке тигізетін педагогикалық қана емес, психологиялық мәселелері бар екені анықталды.

Жобалай оқыту технологиясы тұрақты түрде студенттің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын нық қалыптастыруға бағытталады. Оның өз бетімен жұмыс жасау барысы индивидуалды түрде де, жұптық немесе топтық жұмыс түрінде де орындалады.

Белгілі бір мерзім шегін алдын ала белгілеп алған соң, сол уақыт ішінде бір тақырып бойынша орындалатын студенттің ізденімдік жұмысы белгілі бір ғылыми мәселенің шешілу логикасын анықтауымен, сол жолды студенттің өзі дәлелдеуімен аяқталады.

Жобалай оқыту технологиясы бойынша орындалатын студенттің ізденімдік жұмысы - ізденушіге тек қазақ тілінен ғана

емес, сол тақырыпты ашуға қатысатын түрлі ғылым, шығармашылық, техника салаларынан хабардар болуына, соның негізінде ғылыми білімін интеграциялай алуына негіз қалайтын сенімді жол болып табылады.

Студент орындаған жұмыстың нәтижесі нақты әрі көрнекі болуы міндетті. Егер студент белгілі бір теориялық мәселені зерттейтін болса, сол мәселені шешудің өзіндік ғылыми ұсыныстары түрінде көрнекіленеді де, ал егер студенттің зерттеу тақырыбы практикалық мәселе болса, сол мәселенің өмірде қолдануға болатын нәтижесі көрсетілуі қажет.

Жобалай оқыту технологиясын студент жете меңгеруі үшін, сол әдісті қолдануға үйрететін оқытушыға үлкен талаптар қойылады. Өйткені жобалай оқыту технологиясын қолдану үшін оқытушының үлкен біліктілік, жоғары оқу орындарында оқытушылық практикасындағы шеберлік, жаңа технологияларды игеруге деген прогрессивтік көзқарасы болуы керек.

Студенттердің танымдық қызығушылығының тұрақты түрде болуы мен оның үзілмей дамытылып отыруы арқылы заман талаптарына студенттің тез және қиналмай бейімделе алу қабілеті ұшталады.

Жобалай оқыту технологиясын қолдану әрдайым біркелкі бола бермейді, түрлі жағдайда оны шешу жолдары түрліше көріністе келеді.

Жобалай оқыту технологиясын қолдану жүйесінде ғылыми білім және оның сапалылығы басты орында қарастырылады. Өйткені білім мазмұнының сапалылығы дегеннің өзі ғылыми білім мазмұнының терең әрі нақты және қазіргі заманның келбетімен ғана емес, заман дамуының бағдарына қарай арнасын бұру дегенді білдіреді.

Сонымен, қазақ тілін оқыту әдістемесінің маңызды мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерді талдай келе, жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерінің әлі де зерттеле түсуі, заңдылықтарының айқындала түсуі керектігі пайымдалды. Оның басты себебі қазақстандық жоғары мектеп дидактикасының зерттелу деңгейінің әлі де заман талаптарына толық сәйкестендіріле алмай отырғандығында болса керек.

Жоғары мектепте білім алушы адам – белгілі бір мамандыққа ие болатын болашақ маман. Ал көп жағдайда ЖОО-дағы

қазақ тілін оқыту әдістемесінің дидактикалық негіздері орта білім беретін мектеп дидактикасын қайталаудан аса алмай келеді.

Білім – адам өмірінің барлық сатысында меңгеретін құндылықтар жүйесі. Бірақ білім алу үдерісінде білім алушы субъектінің жас, физиологиялық, психологиялық, дүниетанымдық ерекшеліктеріне баса назар аударылып отырылуы – педагогиканың бұлжымас қағидасы екендігі қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеген кейбір еңбектерде көп ескерілмегенін анық байқауға болады.

Қазақ тілін балабақшада, өзгетілді мектептерде, дәрісхана-ларда меңгеру барысын білім алушы жеке тұлғаның өмірінің барлық кезеңіндегі даму үдерісімен тығыз байланыста қарастыру қазіргі кезең дидактикасының басты міндеті болып отыр. Тіл үйренушінің даму кезеңдеріндегі жеке тұлға ретінде ерекшеліктері тіл үйрету үдерісінің дидактикалық негіздерінің соған сәйкес келуін талап етеді. Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде оқып жатқан студенттерге болашақ маман ретінде қарау ғылыми білім, оның мазмұны мен сапасы, оны студенттерге меңгерту әдістерін жаңаша қырдан анықтауды қажет ететіні белгілі. Сондықтан осы салада мемлекеттік тіл ретінде меңгертілетін қазақ тілінің білім сапасын арттыру мен сол білімнің құзыреттілік дәрежесінде қалыптасуында жоғарыда аталған әдістердің заман ағымына сай қолданылуы жоғары мектеп алдында тұрған бірқатар маңызды міндеттерді жүзеге асыруға жол ашар еді. Ол үшін жаңа заман дидактикасында антропологиялық ұстанымды орталық негіз етіп алуға, студенттердің ізденісі мен шығармашылығын соның негізінде дамытуға мүмкіндік беретін жобалай оқыту технологиясын саналы қолдануға басымдылық берілуі керек.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗГЕТІЛДІ ДӘРІСХАНАДА ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Оқытудың жаңа технологияларының тәрбиелік сипаты олардың басты мақсаты етіп білім алушы субъектінің жеке тұлғасын дамыту мәселесінің тұратындығынан көрінеді. Гуманис-

тік принциптерге негізделетін жобалай оқыту технологиясының да тәрбиелік негіздерінің мазмұны осыған, яғни студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталады.

Педагогика мамандығын алып жатқан студенттер болашақ отандық мектептерде ізгілік дәнін егіп, жас өркендерді адамдық жолына баулитын ерекше тұлға деп саналады. Сондықтан да жоғары оқу орнында оқылатын әрбір пәннің мазмұнында студенттің Ұстаздық тұлғасын қалыптастыруға арналған оқу материалы, тәрбие жүйесі ұсынылады.

Жеке тұлғаны қалыптастыруға, адамгершілік қасиеті мол Мұғалім қалыптастыруға қазақ тілін оқыту процесі де мүдделі болып табылады. Студенттерге қазақ тілін жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып, осы оқыту жүйесінің жеке тұлғаны дамыту ерекшеліктері де негізге алынады.

Тіл үйренушілер жобалай оқыту технологиясы арқылы ізденім-зерттеу жұмысын жүргізе отырып, оқытушының жетекшілігімен даралық, жұптық, топтық жоба жұмыстарын жүргізу арқылы ынтымақтастық қасиеттерге ие болады. Соған қоса қазіргі қазақстандық мектепте мұғалімдердің білім беру мен тәрбиелеу үдерісіндегі жетістіктерін бағалау жүйесінде міндетті түрде қолданылып жүрген «Мұғалім портфолиосын» біз де қазақ тілін сапалы оқытудың ерекше бір тетігі ретінде қолдану дұрыс деп санадық. Осы ойымызға сай етіп «Студент портфелі» жүйесін жасап және оны көп жағдайда қазақ тілінің тәрбиелік қырын танып-білгізу мақсаты көзделді.

Оқытудың дидактикалық негізінің бірі тәрбиелей оқыту десек, оның аспектілерін айқындау маңызды рөл атқарады. Тіл – ойлаудың, дүниетанудың, қарым-қатынас жасаудың, сезімді сыртқа шығарудың құралы. Адам қызметінің қай саласы болса да оның жоспарлануы мен реттелініп отыратын тәсілі ретінде сананың барлық көрінісінің шарты бола отырып, тіл коммуникативтік, кумулятивтік т.б. маңызды қызметті атқарады.

Тіл заңдылықтарын оқыта отырып, «Оқу – жан азығы» деген нақылдың философиялық мәнісіне терең назар аудармау, оны тек метафора ретінде ғана қабылдау дұрыс емес. Азықты дұрыс, жүйелі, Ізгілік пен Адамгершілік бағытында алған жан ғана рухтың жігерлі, биік, сенімді де күшті болуына қуат бере алатынына зер салу керек.

«Гуманистік педагогика» деген терминінің өзінде, біздің ойымызша, қарама-қайшылық бар сияқты, өйткені «педагогика» деген сөздің ішкі мән-мазмұнының өзінде гуманизм, адамгершілікке тәрбиелеу деген ұғымдар орныққан. Жалпы алғанда педагогиканың мақсаты да, мазмұны да, ұстанатын бағыты да — адамзат бойындағы ашықтық, адалдық, мейірімділік, ынтымақтастық, сыйластық, жаны ашу, басқаға қол ұшын беруге дайын болу, еңбекқорлық, жақсылыққа деген сенім, тағы басқа да ізгі қасиеттерді ояту, дамыту.

Жоғары педагогикалық білім беру үдерісінде студенттердің түрлі пәннен көптеген ғылыми ұғымдар жүйесін меңгеріп, академиялық білім «жүгін» алып кетуі ғана көзделмейтіндігі белгілі. Егер мұғалім оқушысына тек қана теориялық ұғымдар мен ғылыми терминдерді меңгертуді негізгі міндетім деп санайтын болса, онда сол мұғалімнің өзі студент кезінде жеке тұлға деңгейіне толық шыға алмаған, бойында адамдықтың игі қасиеттерін оята алмаған адам болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде, студенттерге өздері таңдаған мамандығы, яғни мұғалімдік мамандық туралы азаматтық, елжандылық бағыттағы түсініктер қоса сіңірілуі қажет. Бірақ бұл азаматтық парыз туралы мәселелер жасанды декларациядан аулақ болуы — басты шарт. Егер студент мұғалімдік қызметке барған кезде дәстүрлі педагогика шеңберінен аса алмайтын болса, онда оның азаматтық парызын дұрыс атқара алмағаны болып табылатынын терең дәлелдермен ұғындыру керек. Оқушы — дамып жатқан заманның, қалай дегенде де жаңа заманның өкілі. Ал мұғалім білім беру және тәрбиелеу үдерісін заманы озған жолмен ұйымдастыратын болса, дамушы субъектінің жолына кедергі келтіретінін саналы түсінуі керек.

Әрине, оқушының жеке тұлғасын ізгілік, адамгершілік бағытында тәрбиелеу туралы идея жаңа көтеріліп тұрған жоқ. Ол идеяның бастау көзі халықтық педагогикадан табылады, ал бертінде барлық философтар, гуманист-ғалымдар, гуманист-ағартушылардың еңбектерінде оқу-тәрбие процесін тек осы мазмұнда, осы бағытта жүргізу керектігі туралы кең де жан-жақты айтылғаны белгілі.

Студенттерге білім беруді тәрбиемен ұштастыруда жобалай оқыту технологиясының мақсаты да, өзге оқыту технология-

лары іспетті, студентті өз әрекетінің субъектісі деңгейіне көтеру. Ол үшін оқу-таным қызметінде студент өзіне қажетті білімді өзі ізденіп меңгеруге үйретіледі. Мұнда дәстүрлі жүйедегідей оқытушы берілетін оқу материалының барлық мазмұнын баяндап беруі міндетті емес. Студент білім нәтижесіне өзінің жолымен қол жеткізуі талап етіледі. Бұл студент өз білгінімен жүреді деген ұғымды білдірмесе керек. Өйткені орындалатын жұмыстың барысын, оның түпкі нәтижеге жетудің жолын, жалпы бағыт-бағдарды оқытушы сілтеп көрсетіп отырады. Ал оның негізгі жүйесін, қажетті тәсілдері мен әдістерін, ойтұжырымдарын студент өздігінен тауып, ойын жүйелеп, түпкі жаңа нәтижеге өзі келеді. Бұл туралы Г.Песталоцци былай дейді: «Мои ученики будут узнавать новое не от меня; они будут открывать это новое сами. Моя главная задача – помочь им раскрыться, развить собственные идеи» [34].

Қазақ тілін оқыту барысында студенттерді Ұстаз деңгейіне көтерілу маңыздылығын, қажеттілігін түйсінетіндей жұмыстар жасауға баулу көзделеді. Студенттерге қазақ халқының ұлттық педагогикасындағы адам және тіл туралы, адамгершілік туралы философиялық көзқарастар мен психологияның, әлеуметтанудың жеке тұлға мен қоғам туралы білім мазмұны бойынша, қазақ тілінде еркін сөйлету үшін көптеген жұмыстар жүргізу мақсаты қойылады.

Қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесі туралы студенттерге дұрыс мағлұмат берілуіне баса назар аударылады. Бұл бағыттарда да жасалатын тәрбиелік жұмыстардың түрлері мол. Жобалау технологиясы арқылы бұл мәселені де оқу бағдарламасымен сәйкестендіре отырып, жаңа арнадағы ізденім жұмыстары ұйымдастырылды.

Қазақ тілін меңгертуде жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып, студенттердің жеке тұлғасын дамытуға басымдылық берілді. Сондай бағыттағы жұмыстың бір түрі – студенттер арасында «Ұстаз тұлғасы және оған дайындық жолдары» деген сияқты тақырыпта пікірсайыс ұйымдастыру. Оны ұйымдастыру үшін алдын ала студенттерге мынадай тапсырмалар берілді:

«Ұстаз тұлғасы қандай болуы керек?» деген мәселе төңірегінде пікірсайысқа қатысып, өз ойыңызды ортаға салуыңыз үшін мына мәселелер төңірегінде даярланып келіңіздер.

1. Ұстаз тұлғасы дегенді қалай түсінесіз ?
2. «Ұстаз» бен «мұғалім» сөзінің мағыналық ерекшеліктері бар ма?
3. «Ұстаз – өмірден үйренуден жалықпайтын ізденімпаз ерекше тұлға» дегенге көзқарасыңыз қандай?
4. Бүгінгі ұстаздар туралы ойыңыз қандай?
5. Бүгінгі ЖОО білім жүйесінің мұғалім мамандығына даярлау деңгейіне көңіліңіз тола ма?
6. Студенттің ертеңгі мамандығы мен қызметіне деген сенімі қандай?
7. Сіздің Ұстаз - тұлға дәрежесіне жетуге мүмкіндігіңіз бар ма?
8. Білім жүйесін дамыту жөнінде қандай ұсыныстарыңыз бар?

Осы сұрақтар бойынша пікірсайысқа қатысқысы келетіндер қысқа тезистерін жазбаша түрде пікірсайысты ұйымдастырушы топқа тапсыруы керек.

Пікірталас өтетін жерге Ұстаз туралы жазылған тәрбиелік маңызы зор төмендегідей қанатты сөздер жазылып ілінеді. Бұл студенттердің бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталады:

- Ұстаз – ішкі жан дүниесінің мүмкіншілігі мен дамушы күшін жүзеге асыра алған тұлға.
- Ұстаз – басқа адамдарға әрдайым тірек болуға ұмтылып тұратын тұлға.
- Ұстаз – өмірден үйренуден жалықпайтын ізденімпаз ерекше тұлға.
- Ұстаз – елдің мәдени дамуына әрдайым үлкен үлес қосып отыратын жеке тұлға.
- Ұстаз – өз ісін терең де шебер меңгерген жоғары білікті маман дәрежесіне көтерілген тұлға.
- Ұстаз – заман дамуы жөнінде мол ақпараттарға ие болып отыратын тұлға.

- Ұстаз – өзі өмір сүріп отырған, болашақ ұрпаққа аманат болып қалатын қоршаған ортаның жанашыры мен қорғаушысы.

Пікірсайысқа қатысушыларға алдымен өз пікірін жазбаша тапсыру міндеттелді. Бұл олардың дайындық деңгейін көтеру мақсатында жасалды. Өйткені пікірсайысқа студенттер дайындықсыз, үстірт қарайтыны бар. Олар кез келген мәселеде жалпылама сөйлеуге болады деп ойлайтындықтан, арнайы дайындыққа көңіл бөлмейді. Ал бұл талап оларға жауапкершілік жүктейді. Тезис тапсырмаған студенттер пікірсайысқа тек тамашалаушы ролінде қатысады. Пікірсайысқа он екі студент қатысты. Олар бірі-біріне қарама-қарсы екі топқа бөлінді. Пікірсайыс талаптары алдын-ала толық түсіндірілді. Жүргізуші сайланды. Топтардың білімі мен сөйлеу білігін бағалайтын әділқазылар алқасы құрылды. Олар бағалаудың критерийлерін жасап, сол бойынша топтың, сонымен қатар жеке сөйлеушілердің білімін таразылады. Мұндай жүйемен жұмыс жүргізу студенттердің өз сөзіне жауапкершілікпен қарауына, дұрыс сөз саптауларына оң ықпал етті. Ал, ең бастысы, студенттер өз мамандығының қоғамдағы, болашақ ұрпақ тағдырындағы мәнін түйсінді.

«Шындық таласта туады» деп айтылғандай, қоғамда, ЖОО-да орын алып отырған келеңсіздіктер мен жетістіктерді сараптауға, салыстыра сабақ алуға, өзгеге ғана емес, өзіне де сын көзімен қарауға үйренді. Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарында орын алуы үшін оның әр мүшесінің бәсекелестікке қабілетті болуын, оған педагог мамандардың тікелей жауапты екенін сезінді. Шынайы білім мен кәсіби шеберлік арқылы ғана білім беруші, тәрбиелеуші тұлғаның, ұстаздың құрметті орнын өзіне қайтаруға болатынын бағамдады. Студенттердің санасында өз мамандығына деген сыйластықты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік туғызылды.

Бекіту сұрақтары:

1. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертудің дидактикалық ұстанымдарын атаңыз.
2. Жобалай оқыту технологиясы арқылы мемлекеттік тілді меңгертудің арнайы ұстанымдарын атаңыз.
3. Жобалай оқыту технологиясының әдістер жүйесін атаңыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУДЕ ҚАЛЫПТАСАТЫН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Қазіргі таңдағы білім беру парадигмаларының білімді меңгертуден құзыреттілік қалыптастыруға қарай ауысуы оқытудың бүкіл жүйесін: оның мақсатынан бастап білім мазмұнын, оқыту әдістерін, ұйымдастыру формалары мен құралдарын жаңартуды талап етеді. Бұл білім алушының функционалдық сауаттылығына басымдылық беру арқылы өз шешімін табатыны сөзсіз. Сондықтан оқытудың жаңа тұжырымдамасы негізіндегі ұстанымдарға негізделген оқытудың жаңа технологияларын қолданудың өзектілігі артып келеді. Жаңа кезеңдегі дидактика ғылымының аймағында технология ұғымы теория жүзінде біршама орныққанымен, мектеп, ЖОО практикасында оларды дұрыс қолдану әлі де өз дәрежесінде болмай отырғаны жасырын емес. Ал технология дамымайынша, студенттің оқу нәтижесін құзыреттілік деңгейінде қалыптастыру мәселесін қозғаудың өзі артық болар еді. Өйткені құзыреттілік – студенттің кез келген жағдайда өздігінен шешім жасай алуы, кездескен проблемаларды тиянақты, жүйелі талдай отырып, одан шығудың тиімді жолдарын іздестіруі, табуы, оны іс жүзіне асыра алуы. Осы тұрғыдан келгенде студенттің өзіндік әрекетін құрайтын дағдылардың басым бөлігі тілді меңгеру үдерісіндегі жобалай оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде қалыптасатын біліктермен қабысып жатыр деуге болады.

Өзгермелі дүние жағдайына бейім мамандарды дайындау, олардың ақпараттар ағыны толассыз қоғамда өзіне қажеттісін екшеп ала білу және өзгелермен қарым-қатынас жасау дағды-

ларын дамыту, демократиялыққа бет бұрған қоғамда өз таңдауын жасай алу, бәсекелестік өмір шартына айналып отырған жаңа ортада өзін-өзі жетілдіре білуге, кәсіби білігін арттыра алуға икемдеу, оқыту нәтижесі құрғақ білімге емес, құзыреттілікке қарай бұрылған қазіргі кезеңде өздігінен әрекет ету қабілеттерін шыңдау мәселесі оқытудың басты бағыты етіп белгіленді.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту мен жобалай оқыту технологиясы негізінде өзара байланыстылықта қалыптасатын құзыреттіліктерді белгілеу пәнді оқытудың нәтижелілігін дұрыс айқындауға мүмкіндік беретіні ескеріліп, зерттеу жұмысының басты бір міндеті ретінде осы құзыреттіліктерді нақтылау қойылды.

Ғылыми әдебиеттердегі теориялық тұжырымдар мен қазақ тілін оқыту үрдісінің практикалық нәтижелерін ұштастыра келе қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту технологиясы арқылы студенттердің білім алу нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер анықталды. Олар қазір отандық ғалымдар анықтаған жүйеге сәйкес және тілдің қызметі мен қоғамдық-әлеуметтік сұранымды ұштастыра отырып былай жүйеленді:

1. Қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік.
2. Тілдік-лингвистикалық құзыреттілік.
3. Ақпараттық құзыреттілік.
4. Проблеманы шешу құзыреттілік.
5. Мәдени-танымдық құзыреттілік.
6. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік.

1. *Қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік тілді* меңгертудегі ең басты құзырет болғандықтан, оған айрықша мән берілді. «Коммуникативтік» термині қоғамдық-әлеуметтік мәні бар тілдік қатынас деген ұғымды білдіреді. Қоғамнан тыс адам болмайтыны секілді, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл – жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың өзара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады. «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген мағынаны білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы

қарым-қатынасты, өзара түсінісушілікті көрсетеді. Осыдан барып «коммуникабельді» - тез тіл табысатын, түсінісуге, сөйлесуге бейім деген сияқты сөздер пайда бола бастады», -деп анықтама береді ғалым Ф.Оразбаева. Тілдік қатынастың сөйлеу арқылы жүзеге асатынын айта келе, сол сөйлесім әрекетінің түрлерін ғалым оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдісім деп бөледі [7]. Қазір қазақ тілін оқыту әдістемесінде толық орныққан бұл ұғымдардың ара жігі мен өзіндік ерекшеліктері нақтыланған. Сондықтан оларды қайталамай, осы әрекет түрлерін студенттің құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысынан қалай қолданатынымызды саралап көрсеткен тиімді болмақ.

Ең алдымен, ескерілетін мәселе – жобалай оқыту технологиясының әрбір кезеңіндегі атқарылатын жұмыстардың барлығы да осы айтылған компоненттердің бірлігі негізінде жүзеге асырылатындығы. Мәселен, ізденімдік жұмыстар кезеңінде студент қажетті материалдарды тауып оқиды; өзіне берілетін оқытушының кеңестерін және керек ақпараттарды БАҚ көздерінен тыңдап түсінеді, оқытушымен сұхбат барысында өз ойын, болашақ жоспарларын айтып, идеясын түсіндіреді; жоба жұмысының жоспарын түзіп, тезистерін жазады, тұсаукесерді рәсімдейді, көпшіліктің алдында сөйлейтін сөзінің мәтінін жазып дайындайды; тұсаукесер үстінде өз ойын жеткізеді, қойылған сұрақтарға жауап беру, сынға жауап беру үстінде оқытушымен, топтағы өзге де студенттермен тілдеседі.

Ж.Т.Дәулетбекованың зерттеу жұмысында қатысымдық құзыреттіліктер аясында меңгертілуі тиіс білік түрлері былай сараланған: «Сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша тілде сөзді құрай білу ережелерін, сөзді тандау тәсілдерін және грамматикалық нормаларды ұстанады; оқу материалдары бойынша дискурсқа қажетті дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша сөйлеуге қажетті қатысымдық сапаларда қолданады; пікірталас түрлеріне сай тілдік құралдарды пайдаланып, өз ойын дәлелдей алады; ұсынылған тақырып пен тілдік жағдаяттарға сай сөздерді орынды жұмсай алады» [30]. Осы аталған құзыреттіліктерге қол жеткізу үшін жобалай оқыту технологиясының ерекшелігімен сабақтастырылып, қатысымдық минимум белгіленді. Мұнда Қ.Қадашева мен Н.Құрманованың еңбектерінде белгіленген мемлекеттік

тілді жеделдете оқыту жүйесіндегі ұстанымдар мен талаптар басшылыққа алынды.

Тыңдалым бойынша:

- студент жеке өзіне қатысты берілген сұрақты түсінуі;
- қойылған сұраққа жауап беруі;
- БАҚ-тан тыңдаған ақпаратты түсінуі;
- тыңдаған ақпараттардан өз қорытындысын жасай алуы;
- мәтінді тыңдап, сөйлем, фраза, абзац, мәтін арқылы өз ойын жеткізе алуы.

Оқылым бойынша:

- мәтінді түсініп оқи алу;
- мәтін тақырыбын оқып, болжам жасау және түсіну;
- мәтіндегі тірек сөздерді анықтау;
- негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді тауып, сол негізде жоспар құру;
- мәтіннің мазмұнын меңгеру.
- оқылым түрлерін меңгеру: ізденіп оқу; таңдап оқу; зерттеп оқу;
- мәтіндегі таныс сөздерге сүйеніп, мәтін мазмұнын болжау;
- мәтіндегі жер, су және тарихи атаулардың аттарын теріп оқып, өз тіліндегі баламасын беру.

Оқу техникасы бойынша төмендегідей талаптар белгіленді:

2-кесте

Оқылым талаптары

№	Оқу	Мәні
1	Тез, жылдам оқу	ең жоғары деңгейде оқу
2	Таңдау	мәтіндегі негізгі, өзекті бөліктерді оқу
3	Тереңдетіп оқу	әрбір ойды, сөйлемді талдап отырып оқу
4	Алдын ала байқап оқу	алдын ала мәтінмен танысу
5	Көшіру	мәтіннің түпкі идеясын түсініп, жылдам оқу

Оқылымға ұсынылатын мәтін тақырыбы тұрмыстық, әлеуметтік, мәдени, оқу-кәсіби салаларға құрылады. Мәтін көлемі қазақ тілі стандарты талабына сай болуы ескеріледі.

Жазылым бойынша:

- сөздерді, сөз тіркестерін қатесіз жазу;
- мәтіндерді сауатты жазу;
- ресми және бейресми тілдік формаларды жазу;
- жоспар түзіп жазу;
- жоспар негізінде тезис жазу;
- сұраулы сөйлемді жаза білу;
- жауаптарды жаза білу;
- шағын мәтіндерді көшіріп және құрастырып жазу;
- қысқа монолог, диалог, полилог үлгілеріндегі мәтіндерді

сауатты жазу.

Жазылымға ұсынылған мәтін түрлері:

- эпистолярлық мәтіндер;
- қарым-қатынас мәтіндері (алғыс айту, т.б.);
- прагматикалық мәтіндер (газет-журнал материалдары

бойынша);

- көркем мәтін (тақпақ, өлең, ертегі).

Айтылым бойынша:

- өзінің ойын айтады;
- көзқарасын білдіреді;
- идеясын айтады;
- оқығаны бойынша ойын білдіреді;
- тыңдағанының мазмұнын айтады.

Тілдесім бойынша:

- пікірлесушімен өз ойын бөлісе алу;
- сұрақ арқылы диалогті өрбіте алу;
- диалог мазмұнына қарай тілдік орамдарды қолдану;
- құптау, қарсылық білдіре алу;
- пікірлесушіні сөзге тарта білу;
- өз сөзіне қызықтырудың тәсілдерін қолдану.

Осы талаптардың орындалуы студенттің жалпы сөйлесім әрекетін дұрыс жүзеге асыруына ықпал етті, соның нәтижесінде олар мемлекеттік тілді еркін қолдануға төселді.

Студенттердің монологтық, диалогтық және полилогтық сұхбат түрлерін меңгертуде мәтіндер іріктелді. Атап айтқанда: монологтық сөйлеуге қатысты қарапайым-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, мәдениеттаным, оқу-кәсіби сала бойынша берілетін мәтін түрі: қарапайым, базалық, жоғары еркін деңгейге арналған

шағын бейімделген (адаптацияланған) және бейімделмеген (адаптацияланбаған) мәтіндер.


Диалог – мәтін түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйленім әрекеттеріне байланысты іріктеледі.

Монолог – мәтін түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйленім әрекеттеріне байланысты іріктеледі.

Полилог – мәтін түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйленім әрекеттеріне байланысты іріктеледі.

Мәтін көлемі стандарттағы, силлабустағы талаптар бойынша белгіленеді.

Сөйленім әрекетін қалыптастыру берілген модульдік жүйе арқылы жүзеге асырылды (10-сурет).



10-сурет – Сөйленімге жаңа технологиялар тұрғысынан қойылатын модульдік талаптар

Осы құзырет аясында тілдік-лингвистикалық біліктер тілді меңгертудің базасын қалыптастыратын, студенттердің әдеби тіл нормасына сай сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын жүйе ретінде маңызды орын алады.

Тілді меңгертуде қазақ тілінің грамматикасын беру жайы да әлі күнге дейін нақты минимум ретінде белгіленбей келеді. Бұл мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы әр сыныпта, мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлерінде грамматиканың шашыраңқы, жүйесіз берілуіне себеп болып отыр. Грамматиканы анық білмеудің салдарынан қате сөз, қате мәтін жасау дағдыға айналған. Оқытушылардың басым бөлігі қазақ тіліндегі сөздерді мағынасына қарай іріктеп ала білсе, бірақ оны грамматикалық тұрғыдан қате қолданса, оған қалыпты жағдай деп қарайтыны да жасырын емес. Зерттеу жұмысында тілді оқыту сапасын көтерудің бірінші шарты ретінде дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту қойылды. Студенттердің сөйлеу тілін жетілдіруге ықпал ететін грамматикалық минимумдар көрсетілді.

2. *Тілдік-лингвистикалық құзырет*, ең алдымен өзі сөйлеп отырған тілдің грамматикалық заңдылықтарын, сөйлеуге қатысты өзіндік логикалық құрылымын меңгерген кезде қалыптасады. Сондықтан бұл мәселеге ерекше назар аударылды. Өйткені мемлекеттік тілдің оқытылуының қазіргі жайы бұл мәселені арнайы қарауға мәжбүрлеп отыр.

Тілдік-лингвистикалық біліктер қалыптастыру үшін гуманитарлық бөлім студенттеріне мынадай мәселелерге назар аудару талап етіп қойылды:

1. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы білім минимумы. Қазақ тілінің әліпбиі және дыбыстар жүйесінен қажетті минимумда білім беру:

- орфографиялық заңдылықтар, емле ережелері;
- орфоэпиялық заңдылықтар: үндестік заңы, екпін түрлерін меңгеру.

2. Қазақ тілінің лексикасы туралы білім минимумы.

Екінші тілді үйрену талабы бойынша студент 2500-3000 лексикалық бірліктен тұратын сөздік қорды игеруі тиіс. Осындай сөздік қор арқылы тіл үйренушіде әлеуметтік-тұрмыстық,

тілдік-лингвистикалық, коммуникативтік, мәдениеттаным құзыреттері қалыптасады.

Студенттерге курстың білім мазмұны бойынша лексикалық минимум меңгертіледі. Оған қосымша оларға жоба жұмыстарын жасау барысында сөздік, глоссарий жасау тапсырылады. Онда сөздер мынадай сипатта жіктеліп беріледі:

- жиі қолданылатын актив сөздер;
- қажетті мөлшердегі пассив сөздер;
- тақырыпқа қатысты тірек сөздер.

3. *Ақпараттық құзыреттіліктерді қалыптастыру* да студенттің білім алуында ең маңызды талап болып саналады. Өйткені білім жүйесіндегі жаңару процестеріне кедергі келтіретін көптеген себептердің қатарында біржактылықты, үйлесімділігінің болмауын, біртұтас әлеуметтік-мәдени тәжірибенің орнына білім алушыларға, бірінші кезекте, жалаң білім берудің өріс алып отырғандығын атап айтуға болады. Кеңестік қоғамның дамуымен бірге оқу пәндеріне өмірмен байланыс болу үшін түрлі материалдарды енгізу жүзеге асты. Олар саясаттанған білім моделінің тууына алғышарт жасады. Мәселен, технология негіздері интеграцияланған курстар, мысалы, азаматтану негізі, т.б. пайда болды. Әйтсе де әлеуметтік-ақпараттық технологиялық салалардағы өзгерістер жаңа типті оқыту жүйесін қажет етті. Сондықтан да бүгін толық негізде білімдік-ағартушылық парадигманың тоқырауға ұшырап отырғанын айтуға болады. Бұл дағдарыстың бірнеше себептері бар. Олардың біріншісі білім феноменінің өзгеруімен және оның қоғамдық тәжірибемен өзара қатынаста болуы. Мұндай жағдайда білімге негізделген оқудың мәні төмендей бастады. Қоғамдағы жедел алмасулар білім беру мекемесінің бағдарламасына еніп болғанша өзінің жаңашылдық сипатын жоғалтып та үлгереді. Сондықтан білімнің мазмұнынан бұрын білім алушының мәдени тәжірибесін, өздігінен білім алу қабілетін дамытуға басымдылық беру қажет болып отыр. Білімдік парадигма дағдарысының тағы бір себебі баланың есін «қормен» толтырып, оны ақпараттар қоймасына айналдыру болып отыр.

Ақпараттық құзыреттілік бойынша студенттер «ақпаратты сыни тұрғыда талдайды, соның негізінде саналы шешім қабылдайды; тілдің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай жүзеге

асырады; логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпараттарды өз мүмкіндігінше өңдей алады; сөйлесім әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды талғап қолданады; мәтіннің көркемдеуші және мәнерлеу құралдарын анықтай алады; ақпараттар негізінде көздеген мақсатына сай мәтін түрлерін құрайды; әр жанрға тән тілдік құралдарды пайдаланып, шығармашылық жұмыстарды орындайды» [30]. Жобалай оқыту технологиясының мәні де осындай дағдыларды студенттің өз тәжірибесі арқылы меңгеруіне қолайлы жағдай жасауында болып табылады. Студент өз тақырыбына сәйкес, алдымен, қажетті әдебиеттерді іздеп табады. Сол әдебиеттерді оқи отырып өзіне қажетті мағлұматтарды жинайды. Тақырыпқа қатысты проблемаларды анықтайды. Әдебиеттердің көмегімен сол проблемаларды шешудің жолдарын анықтайды. Екінші кезекте өзі жинаған материалдарға сүйеніп, жұмыс жоспарын жасайды. Бұл жоспар тұтастай оның ақпараттарды жүйелі, сабақтас, орынды қолдану білігін қажет етеді. Үйрене отырып әрекетке ұмтылу студенттің ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына негіз салады. Өйткені ақпарат көздерімен жұмыста студент тек өзіне керек мәліметтерді жинаумен шектелмейді, сол мәтіндерді оқи отырып талғамы дамиды. Ойды қалай беру керек, пікірді қалай тартымды жеткізуге болады деген сұрақтарға да ол мәтіндер арқылы жауап табуға төселеді. Ол үшін оқытушы бұл мәселені де жобаны дайындаудың бірінші кезеңдерінде анық та айқын бағдар беруі қажет. Осы орайда студент өз сөзіне қажетті тілдік оралымдарды, сәтті сөйлемдер мен сөз тіркестерін жинақтап, тілдік талғамын дамыта алады.

Зерттеу жұмысының барысында гуманитарлық бөлім студенттері ақпараттармен жұмыс істеудің әдістемесімен алдын ала танысқандықтан, бұл да олардың нәтижелі жұмыс істеуіне алғышарт қалады. Олар дайын мәтіндерді «көшіріп» қолдану, дәйексөздердің авторын көрсетпей өз сөзіндей пайдалану жайларының тұлға мәдениетіне нұқсан келтіретінін бағамдады. Бұл осы технологияның көмегімен берілетін тәрбиенің тиімділігін көтере түсті.

Ақпаратпен жұмыс нәтижесін өз әрекетінде пайдалану деңгейін студент мына талаптарға жауап бере алғанда нәтижелі болды деп санауға болады:

- ақпаратты қабылдау үшін тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым – сөйлесім әрекеттерінің қолданылу тәсілдерін меңгеруі тиіс.

- қажетті ақпаратты іріктеу үшін сөйлесім әрекеттерінің түрлерін түсінеді және ажыратады. Алынған ақпаратқа өзіндік көзқарасын білдіру үшін қажетті сөйлеу дағдыларын қолданады;

- кез келген жағдайда ақпаратты қабылдау және беру үшін әр түрлі мәтіндерді ауызша және жазбаша түрде тиісті жағдаятқа байланысты таңдайды және қолданады;

- өңделген ақпараттан өзінің эмоционалдық құндылық әсерлерін білдіру үшін ойын ауызша және жазбаша жеткізе алады.

Міне, осы талаптарға қол жеткен кезде студенттің ақпараттық құзыреттілігі дұрыс қалыптасты деуге әбден болады. Зерттеу аясында жүргізілген жобалай оқыту технологиясы негізінде игерілген тілдік-ақпараттық дағдылар бұл бағыттағы ізденістердің нәтижелілігін толық дәлелдеді.

4. *Проблеманы шешу құзыреттілігі* – бүгінгі қоғам талабы мен білім беру нәтижесі айқын танылатын, студентті болашақ мамандығына дайындауда басты рөл атқаратын құзыреттілік. Біріншіден, студенттердің өмірлік дағдыларын дамытуда ең басты тетік деп саналатын бұл құзыреттілік бір ғана пән ауқымында емес, бүкіл оқыту пәндерінің жүйесінде жүргізілуі керек. Екінші жағынан, бұл құзыреттілік бойынша бір пәннен алған дағды басқа пәндерді оқуда үлкен көмегін тигізеді. Яғни студент қазіргі кредиттік оқу жүйесі жағдайында білімді өздігінен алуға, білімді өз қажетіне, мақсатына лайықтап қолдануға үйренсе, ол өздігінен ізденіп саналы білім алуға және кез келген проблеманы шешуге дайын болады.

Жобалай оқыту технологиясының негізін қалаушы Д.Дьюи оқушының интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың, өз бетінше ойлауын қалыптастырудың маңыздылығына ерекше мән бере отырып, мәселе білімді меңгеруде емес, мәселе осы білімді игеру әрекетін ұйымдастырудың тетігін табуда екенін баса айтқан болатын. Ол: «В одних случаях, чтобы добиться цели, т.е. формировать на основе приобретаемых знаний самостоятельность мышления рефлексию, предлагается аналитически разложить (с помощью учителя, учебника) содержание образо-

вания «на логические элементы; затем каждый из этих элементов должен быть определен; наконец, все эти элементы должны быть сгруппированы по порядку и по классам по соответственно логическим формулам или общим принципам. Тогда ученик выучивает одно за другим определения и постепенно, прилагая одно к другому, строит логическую систему и, таким образом, сам проникается постепенно извне логической способностью» [2]. Дайын үлгілермен жұмыс жасау жас буынның өзіндік ойлау логикасын «тұншықтырып тастайтыны» рас. Ал проблеманы шешу тікелей жобалай оқыту технологиясы талаптарына сәйкес келеді.

Жобалай оқыту технологиясы бойынша жүргізілетін оқу үдерісінің ең басты субъектісі – студент, оның даралық қабілеттері мен мүддесі. Мұнда оқытушы студенттің оқулықтан алатын немесе мұғалім беретін дайын білімдерді меңгеруіне емес, қарастырылатын мәселені әр қырынан бақылап, түрлі позицияда зерттеп алып өздігінен түйіндеулер жасауына, ой қорытуына мүмкіндік беретін сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, қалыптастыруға қажетті әрекеттерді ұйымдастырады. Ал студент өзінің және өзгелердің өмір тәжірибелерінің негізінде шешім жасайды. Мұндай жұмыстың өзегіне студент – оқулық – оқытушы парадигмасы алынады. Бұл жағдайда оқытушының жауапкершілігі мен рөлі төмендемейді. Керісінше, ол одан сайын күрделеніп, жоғары біліктілікті қажет ете түседі. Оқытушының өз пәнін білуі жеткіліксіз, бұл жағдайда ол танымдық әрекет ету кезіндегі студенттің қабылдау, ой тұжырымдау, қарым-қатынас жасау психологиясының ерекшеліктерін жетік білуге, әр түрлі оқыту технологияларын бір мақсатқа жұмылдыра жұмсау жолдарын меңгеруге мүдделі бола бастайды. Осы талап арқылы білім берудің демократиялылық, ізгілендіру, гуманитарландыру тенденциялары іске асатын болады.

Ғалымдар проблеманы өздігінен шешуге дайын адамның бойында мынадай қабілеттердің болатынын дәлелдеген:

- өзінің танымдық әрекетін жоспарлауға дайындығы;
- ойлау жүйесінің икемділігі (гибкость);
- нәтижеге жетуге деген құлшыныс;
- өз қатесін түсіну және оны дер кезінде жөндеуге дайын болу;

- метатанымдық қабілет;
- өзгелермен тіл табыса отырып шешім жасау жолдарын іздестіру.

Проблемалық мәселелерді жобалай оқыту технологиясы бойынша шешуді ұсынғанда мынадай шарттар басты назарға алынды:

1) студенттердің өздігінен сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін танымдық жобаларды ұйымдастыру;

2) жоба тақырыптарын таңдау кезінде студенттің өміріне пайдасы бар, дүниетанымын кеңейтетіндей, шынайы өмірге жақын болуын ескеру;

3) жоба жұмысының алдында тақырыптарды зерттеу барысында ойлауға жетелейтін пікірталастар ұйымдастыру, болжамдарды алдын-ала ұсыну;

4) тақырыпты ашуға септесетін қосымша қайнар көздер туралы мағлұмат бере отырып, оларды саралап қолдануға үйрету;

5) шешімдердің әр түрлі нұсқалары туралы пікірталасулар өткізу;

6) мәселені шешуде бірнеше ғылым саласы бойынша алынған ақпараттарды интеграциялай қолданудың қажеттігіне көңіл аударту;

7) студенттердің өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалауына қажетті тұсаукесер өткізу формаларын таңдау.

Проблеманы шешу құзыреттілігі тұрғысынан алғанда студенттердің мынадай біліктерін қалыптастыруға ерекше мән беріледі: олар әр түрлі тілдік жағдаяттардағы проблемаларды анықтайды, өздігінен шешім қабылдайды, өз шешімінің нәтижесін бағалай алады; өзгермелі өмір жағдайларда туындаған жағдаяттарда міндеттерді шешетін технологияларды тандай алады; сөздерді өз мақсатына, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талғап қолданады; өзгелермен тіл табысуға қажетті сөз орамдарын, тілдік құралдарды пайдалана алады; сөздік қорын өздігінен толықтырады.

Осы жобалай оқыту технологиясы негізіндегі игерген дағдылары мен тілдік біліктері тоғыса келгенде студенттер:

- алға қойған міндеттерді, жағдаяттарды шешу және көздеген мақсатқа жету үшін сөйлесім әрекеттерінің дағдыларын

пайдалану тәсілдерін біледі; оқу үдерісіндегі және өмірлік жағдаяттарға сәйкес алға қойған мақсаттарға жету үшін диалог, сұхбат құра алады;

- кез келген жағдаяттарды ауызша және жазбаша түрде талдау, бағалау және шешу үшін сөйлеу стилі мен сөйлесім түрлерін таңдау қажеттілігін түсінеді; әдебиеттердегі тұжырымдарға ауызша және жазбаша түрде өзіндік бағасын береді, жеке тәжірибесі тұрғысынан талдай алады;

- әр түрлі жағдаяттарда проблемаларды шешу үшін сөйлеу дағдыларын ауызша және жазбаша түрде қолданады; күнделікті және оқу жағдаяттарындағы қарым-қатынаста тілдік этикет нормаларын игереді; оқу және өмірлік мәселелерді шешуде диалог пен полилогқа қатыса алады;

- проблемаларды шешу үшін тілдік білімдері мен сөйлеу дағдыларын әр түрлі жағдаяттар мен көздеген мақсаттарына байланысты пайдалана біледі; қажетті тілдік білімдері мен тілдік дағдыларын кіріктіре отырып бар ақпаратты жинақтай біледі; проблеманы шешу үшін ақпараттың субъективті жаңа үлгісін құра біледі;

- алға қойған міндеттерді, жағдаяттарды шешу және көздеген мақсатқа жету үшін сөйлесім әрекеттерін түрлендіріп қолдана біледі; талданатын жоба жұмыстарына сәйкес ауызша және жазбаша пікір айта алады, оқу және өмірлік жағдаяттарға сәйкес алға қойған мақсаттарға жету үшін өз ойын тартымды етіп жеткізе алады;

- әр түрлі жағдаяттарда проблемаларды шешу үшін сөйлеу дағдыларын тиімді қолданады; оқу және өмірлік жағдаяттарындағы қарым-қатынаста тілдік этикет нормаларын сақтап, диалог пен полилогқа еркін қатысады;

- проблемаларды шешу мақсатында алған ақпараттарын әр түрлі жағдаяттар мен көздеген мақсаттарына байланысты пайдалана біледі: түрлі қайнар көздерден алынған ақпаратты талдап, қорытады; проблеманы шешу үшін сол ақпаратты өңдеп пайдалана біледі.

5. *Мәдени-танымдық құзыреттілік* – жаңа заман сұранымына сай студенттің болашақ өмірде өзге халықтың мәдениеті мен ұлттық болмысын тану арқылы олармен бірлесе қызмет ету

дағдыларын қалыптастыру, адами болмысын жетілдіру, мәдени әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстар нәтижесінде қол жеткізілетін ерекше құзыреттілік. Мұнда ұлттық сана, ұлттық болмыс, елжандылық рух қалыптастыру, өз елін сүйуге, мемлекеттік тіл иесі болып отырған халықты құрметтеуге үйрету мәселелері алға шығарылады.

Білім беру үрдісінде осы мәдени-танымдық құзыреттілікті сөз мәдениетін оқыту арқылы қалыптастырудың ғылыми негіздерін белгілей отырып, Ж.Дәулетбекова мәдени-танымдық құзыреттілігінің аясында қалыптастырылуы керек біліктерді ұсынған болатын [30]. Біз соларды басшылыққа ала отырып, жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін гуманитарлық бөлімдерде меңгерудің ерекшелігіне қарай студенттер меңгеруге тиіс мәдени-танымдық құзыреттіліктердің компоненттерін былай сараладық:

- жоба жұмыстарын орындау арқылы қазақ тілінің өзіне ғана тән ерекшеліктерін тереңдей таниды;
- қазақ тіліндегі қатысымдық әдеп нормаларының оның халықтық болмысынан шығатынын түсінеді;
- қазақ тіліндегі этномәдени лексиканың мән-мағынасын түсіне отырып пайдаланады;
- мәдени семантикаға сай сөздердің мәнін таниды;
- тіл мен танымның, тіл мен салт-дәстүрдің сабақтастығын түсінеді;
- ұлттық-мәдени ұғымдарды ажырата алады.

6. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – студенттің қоғамдық ортада өз орнын белгілеуіне, басқалармен тіл табыса отырып, ортақ мақсат үшін бірлесе еңбек етуіне қажетті дағдыларды дамыту нәтижесінде қалыптасады. Мемлекеттік тіл қоғам мүшелерінің басын біріктіріп, бір мақсатта ортақ мүдде үшін қызмет етуінің басты шарты деп белгіленіп отырған қазіргі Қазақстанның тіл саясатын жүзеге асыруда болашақ мамандардың бойында осы құзыреттіліктің қалыптасуына көп тәуелді. Мәдени-танымдық құзырет студенттердің таным көкжиегін кеңейтуге бағытталса, әлеуметтік-мәдени құзырет оның тілді қолдану әрекетіндегі мәдени сапасына негізделеді.

Тұлға мәдениеті – қоғам дамуының көрсеткіші, өркениетінің өлшемі. Мемлекеттік тілде сөйлейтін қоғам мүшелеріне

қойылатын басты талаптың бірі – қазақ тілін әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста ғана емес, қоғамның барлық саласында қолданумен қоса сол тілдің өзіндік әдеп нормаларын меңгеру. Бұл, алдымен, болашақ мұғалімдер үшін маңызды, өйткені мұғалімнің барлық іс-әрекеті оқушы үшін үлгі аларлықтай деңгейде болғаны абзал. Сол үшін студенттерге қазақ тілінен берілетін білім мазмұнында ұсынылған тақырыптарды игеру үшін сөйлеу әдебі түрлерін меңгеріп, қажетті дағды мен білік қалыптастыру қажет. Студент жобалар орындау арқылы сөйлеу әдебінің өзін таныстыру, топ мүшелерін таныстыру, алғыс айту, назарын аудару, өтіну, шақыру және қоштасу секілді сөйлеу актілеріне тән нормаларын ұстанады. Осы арқылы студенттің пікірлесушілермен қазақша қарым-қатынас құру үшін ресми және бейресми жағдайда қажетті орамдарды ұтымды қолдану дағдылары қалыптастырылады. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік қалыптастыру негізінде студент белгілі бір сөйлеу жағдаятында өз пікірін сыпайы білдіруге, бір нәрсеге объективті түрде баға беруге төселеді. Қазақ тіліндегі ауызша немесе жазбаша ақпаратты хабарлау, қабылдау, оған қатысты жауап беру немесе өз ойын жеткізу мақсаттарының әрқайсысының ерекшелігіне қарай, тиісті сөз әдебіне тән орамдарды қолдануға үйренеді.

Студенттерге берілетін «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны талаптары бойынша, сұхбат тақырыбына сай мазмұнын алдын ала болжай білуге, әңгімелесушінің не айтқысы келгенін алдын ала түсініп, жауап беруге даярлануға, беретін жауапты даярлауда әңгімелесушінің не айтқанын дұрыс ұғынуға, сұрақ-жауап репликаларының өзара байланыстылығын түсінуге үлгі ретінде ұсынылған сұхбатты негізге ала отырып, тілін дамытуға, коммуникативтік білік-дағдылар қалыптастыруға ұмтылуы тиіс. Міне, осы жерде әңгімелесудің нәтижелі болуы оған қатысушы тұлғалардың ішкі мәдени әлеуетіне тікелей байланысты. Ол мәдениет жеке адамның тәрбиесіне, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білу қабілеттеріне келіп саяды. Сол себепті соңғы жылдары ғалымдар мемлекеттік тілде қарапайым ғана тілдесуді емес, сұхбат жасаудың мәдениетін қалыптастыруға ден қоя бастады.

Мысалы, ғалым Ә.Әлметова тілді оқыту үрдісінде этномәдениеттану бағытындағы ұлттық танымға тән аялық білімнің орны мен рөліне қатысты әр түрлі көзқарастарды

қарастыра келіп мынадай қорытынды жасайды: «лингвоелтану бағыты тілдерді оқыту жүйесі үшін өз ұстанымы бар маңызды мазмұнды иелене алады. Оқыту жүйесі бірқатар қажетті амал-тәсілдер мен мәдениеттануға қатысты білімді әр деңгейге бөліп, мөлшермен беруді ұсынады. Сонымен қатар барлық осы тұжырымдамалар мәдениетті оқып-үйренуден шығады, мұндағы мақсат тек қана тілді үйрету емес, сонымен бірге мәдениетаралық тілдесу құралы ретінде де оны егжей-тегжейлі үйренуді мақсат етеді» [35].

Жобалай оқыту технологиясы негізінде қазақ тілін оқыту үдерісінде лингвомәдениеттану ғылымының басты ұстанымдары, қағидалары басшылыққа алынды. Ғалым В.А.Маслова: «Язык хранит увлекательную повесть тысячелетних усилий человека познать и объяснить мир и себя в этом мире», -деп көрсеткендей [36], студент екінші бір тілді меңгеру арқылы сол халықтың өміртанымын, болмысын, мәдениетін танумен бірге, сол тілде сөйлеу арқылы оның мәдени талғамын, әдеп нормаларын сол қалпында сақтайды. Сондықтан студенттің тілді меңгерудегі қалыптастырылатын құзыреттілігінің бірі әлеуметтік-мәдени құзырет болуға тиіс деген өз тұжырымымызды ұсындық.

Студенттің әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті меңгеру үдерісінде әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, отбасылық, оқу-кәсіби, ойын-сауық салалары бойынша жазылған мәтіндер ұсынылып, жоба дайындау барысында одан да күрделі әдебиеттермен жұмыс жасау міндеттеледі. Мәтіндегі сұхбаттық материалдарға, оның мәдени сапасына мән беріле отырып, ондағы клишелер мен этикеттік орамдарды өз тілінде қолдану іскерліктерін дамытуға арналған жаттығулар орындалатылады. Күнделікті сабақ барысында тақырыптың ерекшеліктеріне қарай сұхбат көлемін белгілеуде мынадай шарт қойылады: тұтастай алғанда әр деңгей бойынша диалогтар құрылымы 5-6 реплика, клишелерден тұрады. Ал жоба тұсаукесерін жасауға дейінгі аралықтағы талдау, бірлесе талқылау барысында оған шек қойылмайды. Студенттер өзінің мүмкіндігінше, сұхбат құрып, өз ойларын қазақ тілінде жеткізуге жұмылдырылады.

Жұмыс жүйелі жүру үшін алғашқыда тақырып бойынша тілдесімдер әр қилы етіп ұйымдастырылады. Мысалы: құптау / құптамау, келісу / келіспеу, алғысын білдіру / өкінішін білдіру,

қолдау / қарсы болу, шақыру және т.б. түрде репликаларды қатысымда қолдануға жаттықтырылады. Бұл мақсат жүзеге асуы үшін қажетті минимум белгіленді. Мәселен, ауызша және жазбаша шағын мәтін құру үшін, 6-8 фраза, 4-5 реплика және ең аз мөлшерде 500 сөз білуі керек, жоғары деңгейде 2500-3000 сөздік қор құрайды.

Студенттердің қатысымдық мәдениетке төселуі үшін сөйлеу актілерінің түрлерін іріктеп, соған сай тілдік дағдыларын жетілдіруге назар аударылып отырды. Ол жалаң жаттығу болмау үшін, арнайы тілдік жағдаяттар ұсынылды. Ал сол жұмыстардың нәтижесі жобаның әр кезеңіндегі тапсырмаларды орындауда туындаған шынайы тілдік қажеттіліктерде бекітілді. Атап айтқанда, сәлемдесу, танысу, өтініш айту, құттықтау және т.б. сөйлеу актілерінде, құптау, қарсылық білдіру жағдайларында студенттер тілдесімге қажет сөздерді талғап үйренді. Бұл тұрғыда тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің ерекшелігі де ескерілді:

- ауызша қарым-қатынасқа түсуге арналған сөйлеу жағдаяттық тапсырмаларда диалог, полилог, монологтық сөйлеу үлгілері басшылыққа алынды;
- жазбаша қарым-қатынасқа түсуге арналған тапсырмаларда стандартты құжат үлгілері, жаттығулар, хаттар, әңгіме жазу түрлері (резюме, құттықтау хат, т.б) негізге алынды.

Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, лингвоелтану жағдаятында қарым-қатынас орнату мақсатындағы тіл үйренушінің өзінің сөйлесім қажеттілігін қанағаттандыра алуы және өзі туралы негізгі ақпаратты бере білуіне қол жеткізілді.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертуде қалыптастырылатын әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктер аясындағы студенттерден талап етілетін біліктер төмендегіше сараланды:

- студенттердің жоба жұмыстарын орындауда қазақ тіліне тән сөз саптау нормаларын ұстанады;
- өз сөздерінде қазақ тілінің табиғатына тән сыпайылықты танытатын эвфемизмдерді орынды қолдана біледі;
- сөйлеу актілеріне қажетті этикеттік орамдарды орынды жұмсайды;

- көпшілік алдында сөйлеуде және сұхбаттасу үрдісінде өз ойы мен пікірін мәдениетті жеткізуге қажетті тілдік құралдарды дұрыс таңдап қолданады;

- пікірталас кезінде өз көзқарасын өтімді етіп жеткізудің амал-тәсілдерін дұрыс пайдаланып, түсіністікке қол жеткізеді;

- әдеби тіл нормаларын ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктеріне орай қолданады;

- қазақ тілінің этномәдени және эстетикалық даралығын таниды.

Сонымен, қазақ тілін жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдеріндегі дәрісханаларда жобалай оқыту технологиясын қолдану барысында студенттердің өмірлік дағдыларын қалыптастыруға қажетті құзыреттіліктерді бір-бірімен сабақтастықта, өзара бірлікте қарастыру білім берудің сапасын заман талабымен ұштастыруға, сол талапқа сай деңгейінде ұйымдастыруға әкеледі. Құзыреттіліктер шартты түрде осылай жіктелгенімен, олар бір студенттің бойында тұтастықта көрінеді де оның адамдық, азаматтық тұлғасын танытатын қасиеттердің негізін құрайды. Сондықтан бұл мәселеге білім мен тәрбиенің, мамандық пен адамдықтың қатар, бірге өрілу үрдісі деп қарау қажет.

Бекіту сұрақтары:

- 1.Қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттіліктің тілді меңгертудегі мәні.
- 2.Тілдік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми негіздерін анықтаңыз.
- 3.Ақпараттық құзыреттіліктердің студенттің білім алуындағы маңызы.
- 4.Проблеманы шешу құзыреттілігінің студентті болашақ мамандығына дайындаудағы рөлі.
- 5.Мәдени-танымдық құзыреттіліктердің компоненттерін атаңыз.
- 6.Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктер аясындағы студенттерден талап етілетін біліктерді саралаңыз.
- 7.Студенттің жалпы сөйлесім әрекетінің дұрыс жүзеге асуының талаптары.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТҮРЛЕРІ

Жобалай оқыту технологиясы бойынша істелетін жұмыстарға қойылатын талаптар:

1. Оқытушы кез келген проблемалық жобаларды қорғау немесе олардың ғылыми шешімдерін, өзіндік дәлелдемелерін жалпыға түсіндіру үшін жобаның сценарийін мынадай құрамда ұсынуы қажет:

- тақырыптың аты;
- қойылатын проблема;
- тақырыпқа сай нақты ұстаным, мысалы, «қатардан қалма және дәлелде», т.б.;
- жеке өзіндік көзқарас (пікір);
- қорытындылар мен түйіндемелер.

2. Полемикалық сипатта шешен сөйлетуге бейімдейтін сұрақтар қамтылуы қажет. Олардың бұл мәселе қажет пе? оның қойылуы міндетті ме? деген сауалдарға жауап беретіндей өткір болуына көңіл бөлінеді. Мысалы: Қазақстанда гендерлік саясаттың өзектілігін айту қажет пе?

3. Аудиторияны тартудың тілдік тәсілдерін қамту керек. Мәселен, риторикалық сұрақтарды пайдалануға болады. Оқу-тәрбие тақырыбына қатысты жоба жұмысының кіріспе сөзін «Жастарды қалай тәрбиелеуіміз керек? Оқу мен тәрбиенің бірлігін қалай жүзеге асыруға болады? Осы екі ұғымды бүкіл оқу үдерісінде бірге қамтудың қандай мүмкіндіктері бар? Міне, осы мәселе бойынша ойлануымыз керек» деп бастау тыңдаушылардың назарын аударуға және өз сөзінің басты бағытын танытуға оң ықпал етеді.

4. Жоба жұмысында орындаушының тілдік дағдыларын дұрыс қалыптастыруға көңіл аударылуы тиіс. Ол үшін арнайы клишелерді орынды пайдалану талап етіледі. Мысалы:

- мен өзімнің жобамды ұсына отырып мынандай проблемалық сұрақтарға жауап іздегім келеді...;
- мәселенің шешімін таппай тұрып, _____ жөнінде айту әлі ертерек...;
- бұл сіздерге белгілі (таныс) тақырып. Сіздерді бұл тақырып қызықтыратын болуы керек;

- мен мынадай пікірге келдім...;
- сіздер мені қолдайды деп сенемін;
- қысқаша айтсам,...;
- егер сөзімді, пікірім мен ойымды қорытындыласам, ...;
- мен сіздерге өзімнің жеке пікірімді дәлелдеуге тырыстым;
- бұл дәлелдемелер мен келтірілген фактілер бізді кәміл сендіреді;
- сонымен, ең бастысы...;
- бұл дәлелдер ойымызды толық жеткізу үшін (сендіру үшін, еске салу үшін, алдын ала сақтандыру үшін) келтірілді;
- мен сөзімді мынадай нақыл сөзбен түйіндегім келеді:
« _____ ».

Әрине, барлық сабақты жобалай оқыту технологиясымен өткізу мүмкін де емес, қажет те емес. Өйткені үнемі бір әдіске жүгіне беру студенттердің қызығушылығын төмендетері сөзсіз. Сонымен қатар мұндай сабақтар студенттің көп уақытын алады. Сондықтан оқытушы пәннің мазмұнына қарай жобалау әдісімен негізінен СӨЖ/СОӨЖ жұмыстарын ұйымдастыру тиімді. Онда студенттер қойылған проблеманың өте маңызды, кәсіби мамандығына пайдалы жақтарына көңіл бөледі. Осыған орай жобалай оқыту технологиясын қолдануда мынадай талаптар қойылады:

1. Бірнеше пәннен іргелі білімді талап ететін проблемалардың болуы.

2. Тұжырым-нәтиженің теориялық, практикалық жағынан студент үшін танымдық маңызының жоғары болуы.

3. Студенттердің дербес өз бетімен орындауына ыңғайлы болуы.


4. Жобаның мазмұндық-құрылымдық бөлігін бірнеше кезеңге бөліп қарастыру.

5. Зерттеу әдістерін әрекет деңгейіне қарай бірізді қолдану. Атап айтқанда:

- проблеманы және одан шығатын дидактикалық міндеттерді анықтау;
- болжамдар және оны шешудің жолдарын ұсыну;
- қажетті және тиімді әдістерге талдау жасау;
- нәтижені көрсетудің формаларын: тұсаукесер, рөлдік ойын, баяндама т.т. анықтау;

- алынған нәтижеге талдау жасау, жүйелеу;
- қорытынды жасау және оны безендіру;
- жаңа проблемалар ұсыну.

Жобалау технологиясы арқылы орындалатын жұмыстарды өз деңгейінде дұрыс ұйымдастыру үшін олардың типтерін білу басты мәселе (11-сурет).



11-сурет – Жобалай оқыту жүйесі

Ол үшін олардың мынадай белгілеріне мән беру қажет:

- 1.Жобалау технологиясындағы басым әрекет түрі - зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы болатыны.
- 2.Пәндік-мазмұндық сипаты бойынша:
 - моножоба;
 - пәнаралық жоба болып бөлінетіні.
- 3.Жобалау әрекеті үрдісіндегі қарым-қатынас тәсілінің сипатына қарай:
 - тікелей қарым-қатынас;
 - коммуникациялық технология арқылы деп ажыратылатыны.

4.Жобаны үйлестіру сипатына қарай: тікелей, елеусіз деп жіктелетіні.

5.Байланыстың сипатына қарай :

- аймақтық жоба;
- оқу орнының өзінде орындалатын жоба;
- халықаралық жоба деп саланатыны.

6.Жобаға қатысатындардың санына қарай: жекелік, жұптық, топтық деп бөлінетіні.

7.Жобаның ұзақтығына: қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік, ұзақ мерзімдік деп іштей топтастырылатыны.

Жобалай оқыту технологиясындағы басым әрекет түрлеріне қарай жобаның мынадай типтері бөлінеді:

1. зерттеу жобалары;
2. шығармашылық жобалар;
3. ойын жобалары;
4. қолданбалы-практикалық жобалар;
5. пәнаралық жобалар;
6. моножобалар;
7. акпараттық жобалар;
8. рөлдік жобалар, т.б. Бұл жобалар сипаты жағынан іштей

екі үлкен топқа: ғылыми-ізденімдік және қолданбалы практикалық болып сараланады.

ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІСТІК ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Ғылыми-ізденістік жобалардың түрлеріне зерттеу, шығармашылық, пәнаралық, т.б. жобалар жатады. Оларды аралас жоба типтеріне жатқызуға да болады. Өйткені жобаның бұл түрлерінде жалпы жобаға тән барлық элементтер қатар қамтылатындай мүмкіндік мол. Жобаның қандай типімен жұмыс істелсе де, онда әр түрлі әдістер, әсіресе, зерттеушілік әдіс міндетті түрде қолданылып, негізгі орынды иемденеді. Бұл әдіс тілді меңгерту үдерісінде дербес те, жобалай оқыту технологиясының құрамында да қолданылады. Өйткені зерттеушілік әдіс жалпы білім

берудің басты міндеттерін орындауға қолайлы әдістің бірі және ол жалпығылыми әдіснамалық тұрғыдан қарастырылады. Жобалай оқыту технологиясының ауқымында алынатын ғылыми-ізденістік бағыттағы басты мәселелердің мәні:

- студенттің зерттеушілік әрекетінің мақсатын айқындаудан;
- зерттелетін проблеманы ұсынудан;
- проблеманы шешудің тиімді жолдарын көрсететін болжамдар жасаудан;
- ақпараттар жинауда, оларды өңдеуде, проблеманы бөлуде, талдауда толық қатысып, жан-жақтылықта қамтылудан көрінеді.

Ғылыми-ізденіс жұмыстарында, негізінен, студенттердің танымдық әлеуетін көтеруге, олардың лингвоелтанымдық мәдениетін дамытуға теориялық тұжырымдар мен қағидаларды орынды қолдана алу дағдыларын дамытуға басымдылық беріледі.

Енді осы топтағы жобалай оқытудың ішкі түрлеріне жеке-жеке тоқталайық.

Қазақ тілін меңгерту үрдісінде ұйымдастырылатын зерттеу жобаларының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай жобаларды студенттерге ұсынар алдында оқытушы мына мәселелерді анықтап, өзара сабақтастыққа негізделген жүйесін белгілеп алады:

- жобаның мақсатын;
- зерттеу тақырыбының жеке студент үшін немесе оны орындауға қатысатын студент тобы үшін өзектілігін;
- тақырыптың құрылымын;
- тақырыптың әлеуметтік маңызын;
- сәйкес әдістер мен тәсілдер жүйесін;
- қол жеткен нәтижені өңдеу әдістерін.

Зерттеу жобалары зерттеу логикасына толық бағынады және оның шын ғылыми зерттеулермен толық сәйкес келетін құрылымы болады. Мәселен, онда сол тақырыптың өзектілігі дәйектеледі, зерттеу проблемасы анықталады, зерттеу міндеттері қойылады, зерттеу әдістері белгіленеді, зерттеудің қайнар көздері көрсетіледі, зерттеу болжамы ұсынылады, оны шешудің жолдары қарастырылады, алынған қорытындылар мен нәтиже-

лер талқыланады және одан туындаған жаңа проблемалар анықталады.

Шығармашылық жобалардың өзінің ерекшеліктері бар. Ғалым Е.С.Полат пен М.Ю.Бухаркина жобалардың түрлерін саралай келе, «жалпы жобаның бәріне де шығармашылық пен зерттеушіліктің тән екенін айтады [4]. Олар, дегенмен, осы жобаның ерекшелігі ретінде мыналарды атап көрсетеді: шығармашылық жобалардың нәтижелері ерекше болады, олардың даралығы оны орындаушылардың ойлау даралығынан, бір-біріне ұқсамайтын ерекшелігінен туындайды. Бұл жобада оны орындаудың әр бөлігі алдын ала жоспарланбайды. Оның өрістеуі оны орындаушылардың еркіне көбірек бағынады. Мұнда тек түпкі нәтиже мен оның формалары (газет, шығарма, бейнефильм, драмалық қойылым, рөлдік ойын, т.б.) белгіленеді. Бірақ жобаның нәтижесін рәсімдеу сол ойластырылған жобаның сценарийінде толық көрініс табуы тиіс.

Сондықтан ол нәтижелердің рәсімделу үлгісі де шығармашылық мазмұнда болады. Олар әр түрлі болып келеді, мысалы:

- бейнефильмнің сценарийін жазу;
- ойын-сабақ ұйымдастырудың барысы;
- «Наурыз» мейрамының сценарийі;
- қабырға газетінің құрылымы;
- шығарма мен мақала мазмұнының жоспары;
- экспедицияның ұйымдастырылу жоспары, т.б.

Студенттерге қазақ тілін оқыту барысында «Шығармашылық жобалардың» мынадай тақырыптарын ұсынуға болады:

- «Астана – Сарыарқа төріндегі қазақ елінің інжу-маржаны»;
- «Наурыз мейрамының ұлттық мәні қандай?»;
- «Қазақстандағы қарттарға қамқорлық жайы туралы мәселелер»;
- «Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа,
Өз қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім!»
- «Қазақ басылымдарындағы елдің әлеуметтік өсу жайының қаралуы» т.б.

Пәнаралық жобалар -қалай болғанда да дәрісханадағы сабақтан тыс уақытта орындалатын жобалар. Бұл жоба түрін

орындауда екі-үш пәннің түйісер нүктесіндегі тақырып таңдалынады.

Егер студенттің мүмкіндіктері оқытушы тарапынан дұрыс танылып, бағаланса, институт, университет аумағындағы мәселені қамтитын тақырып алуға да болады.

Бұл жоба түрін орындауда студенттер тобы іштей бірнеше шығармашыл кіші топтарға бөлінуі мүмкін.

Оқытушы тарапынан жүргізілетін басқарушы және нұсқаушы міндеттер ұйымдастыру шеберлігін аса қажет етеді. Зерттеу жобасымен де ұқсас келетін мұндай жоба түрінің нәтижесі де аумақты мәселені қарастыратын болғандықтан, ауқымды және жан-жақты болып келуі заңды. Соңғы қорытынды тұсаукесерге дейін аралық тұсаукесерлер өткізу тиімді. Ол тақырыптың толық ашылуына, пәндерге байланысты мазмұндық компоненттерді «пісіре түсуге» көмегін тигізеді.

Пәнаралық жобаларға мынадай тақырыптар ұсынуға болады:

- Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «достық» тақырыбына байланысты фразеологизмдер;

- «Қараңғы түнде тау қалғып»: Абайдың, Лермонтовтың, Гетенің үндесуі;

- Л.Гумилевтың «пассионарлық» туралы идеясы және қазақ жыраулары мұрасындағы олардың көріністері т.б.

Тарих және филология мамандығына оқып жатқан студенттердің бірлесе орындайтын «жоба жұмысын» ұйымдастыруда ерекше бір ұтымдылықтар болады. Осы екі болашақ мамандық иелерін біріктіретін ортақ тақырыптар бойынша жоба жұмыстарын орындату арқылы ғылымдар тоғысуы (интеграциясын) ғана емес, өмірдегі біртұтастықтың санқырлы болмысын таныту да мүмкін болады. Мысалы, «Хандық дәуіріндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері» деген тақырып берілетін болса, мұнда тарих пен орыс тілі мен әдебиеті мамандығын игеріп жатқан студенттер үшін үлкен елтанымдық маңызы бар жоба жұмысы орындалады. Сонымен бірге, мұндай жобалардың орындалу нәтижесінде материалды, нақты көптеген тарихи, әдеби, елтанымдық нәтижелерге қол жеткізіп, студенттер қазақ тілінің рухани байлық сақтаушысы екеніне, сол арқылы жалпы тілдің кумулятивтік қызметіне назар аударады.

«Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының» дәрісханада және сабақтан тыс орындайтын тақырыптар жүйесі іштей сараланып беріледі. Соның негізінде студенттер үздіксіз өзіндік ізденіс үстінде болады. Бұған кредиттік оқу жүйесі де мүмкіндіктер бере алады.

Барлық педагогикалық технологияларға тән маңызды ерекшеліктер жобалай оқыту технологиясына да тән. Ол ерекшеліктерді тану мынадай үш тұрғыдан жүргізіледі:

- қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертуді ғылыми таным тұрғысынан тану;

- қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертуді процессуалдық-сипаттау тұрғысынан тану;

- қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертуді процессуалдық-әрекетшілдік тұрғысынан тану.

Осы тұрғыдан келетін болсақ, қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту технологиясының ғылыми болмысы анықталып, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының құраушы бөлшегіне айнала алады деп ойлаймыз.

Ғылыми таным тұрғысынан келгенде қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай жүйесінің рационалды қолданысы, сапалы білім берудегі осы жобалай оқыту технологиясының алатын тиісті орны, осы оқыту жүйесін басқару жолдары мен жүзеге асыру механизмдері кең де орнықты түрде анықталады.

Жобалай оқыту жүйесінің тиімділікпен қолданылуы үшін және түпкі нәтижесі сапалы болуы үшін осы оқыту жүйесіне қатысатын барлық құраушы бөлшектердің сипаты мен қызметін тану және бірізді тәртіпке келтіруі маңызды болады. Соның өзінде бір ғана оқыту технологиясын бірнеше адам қолдануы барысында түрліше нәтижелерге қол жеткізіп жатады. Бірақ әрбір оқытушының жеке қабілетін қоса есептейтін болсақ, бәрібір, қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту арқылы меңгерту жүйесінің белгілі бір орта шамадағы индексі болуы қажет, яғни бұл технологияны қолдануда студент-

тердің дара қасиеті ескеріледі, бірақ бұл бір ғана басты ұстаным екен деп қабылдауға болмайды.

Жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде ғылыми-ізденіс жобаларын қолданудың өзіндік ерекшеліктері мен ішкі тәртіптері болатыны белгілі. Солардың кейбіріне тоқталып өтеміз.

Жалпы алғанда, қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертудегі негізгі бағыт – студенттің білімді өз бетімен ізденіп игеру болып табылады. Жобалай оқытудың амал-тәсілдерін қолдана отырып оқу арқылы студент әрдайым сабақ тақырыбына байланысты алдына қойылған мәселелердің шешілу жолдарын өзіндік жоба түрінде ұсынады, дәйекті түрде дәлелдейді. Осы жобаны орындау және оның шешімін көрнекілеу кезінде, жобаны шешім түрінде дәлелдеу барысында студент өз бетімен білім алу әдістері мен амалдарын меңгереді.

Қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне ғылыми-ізденіс жобалар арқылы оқытуда оқытушы орындауы тиіс басты мәселелердің бірі – жобалау жұмысының топтама тақырыптарын анықтау және бекіту. Бұл бағыттағы жобалай оқыту жұмысының топтама тақырыптары теориялық мәселелерге арналады. Бірақ пәніміздің өзі практикалық болғандықтан оның тек ғылыми тұжырымдармен шектелуі тиімсіз саналады. Онда алынған мәселенің теориясын студент өзі бағамдағанмен, оның қорғалу үдерісі шынайы ғылыми жұмыс тәртібімен жүргізілгенмен, оның практикалық маңызы да есте болады. Сондай жоба түрін ұйымдастырудың амал-тәсілдерін толық көрсету үшін нақты тәжірибеден мысал келтіреміз:

Жобаның тақырыбы: Термин сөздердің қолданыстағы мәні (заң терминдері бойынша)

Жобада қолданылатын әдістер:

- ақпараттық
- зерттеу

Көрнекі құралдар:

Заң терминдері жазылған кесте:

1-кесте: Заң терминдерінің аударма сөздігі

Құқық – право

Нормативті – нормативный
Талапкер – истец
Құзырет – компетенция
Қызмет – служба
Тағайындау – назначить
Заң – закон
Өкіл – представитель
Көші-қон – миграция
Қол сұғушылық – посягательство
Сот орындаушысы – судебный исполнитель
Төраға – председатель
Сот ісі – судопроизводство
Тыйым салу – запретить
Құқық бұзушы – правонарушитель
Күшін жою – утратить силу
Конституциялық – конституционный
Лауазымды тұлға – должностное лицо
Заңды бұзу – нарушение закона
Талап – иск
Шағым – жалоба
Азамат – гражданин
Азаматтық іс – гражданское дело
Әкімшілік іс – административное дело
Әкімшілік – администрация

Сабақтың құрылымы:

- 1) білімді өзектендіру;
- 2) алған білімдерін нақты жағдайларда қолдануға мотивация тудыру;
- 3) алған білімдерін заң әдебиеттерін оқу барысында; өздерінің азаматтық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау барысында қолдана білу;
- 4) білімнің игерілуін бақылау

Сабақ жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Білімді өзектендіру:

- термин сөздердің қолдану ерекшелігін қайталау;
- термин сөздерінің түрлілігі туралы ақпаратты тыңдау;

- заң терминдерінің ерекшелігі туралы ақпаратты тыңдау.

III. Алған білімдерін нақты жағдайларда қолдануға мотивация:

- заң терминдерін өздерінің құқықтарын қорғауда қолдана отырып туындайтын мәселелерді шешу.

IV. Білімді қолдану:

- жобаны қорғауға ұсыну;
- оппоненттердің сұрақтарына жауап беру.

V. Шығармашылық тапсырма:

1.Өздерінің топтарында жобаға қатысты мәселелерді талқылаңыз. Жобаның басты мәселесі не? деген сұраққа жауап дайындаңыз.

2.Өздеріңіздің топтарыңызда заң терминдерінің қолданылуы бойынша жоба жұмысының құрылымын дайындаңыз. Оның зерттеу әдістерін көрсетіңіз.

3.Зерттеу мен жобаны қорғау нәтижелерін көрсету бойынша жоспар әзірлеңіз.

VI. Заң терминдерінің дұрыс қолданылуын бекіту үшін түрлі жағдаяттар ұсынылады. Мысалы:

- жас жұбайлардың жағдайлары;
- банкіде өз құқықтарын қорғау жағдайы;
- заң газеттерін оқығаннан кейін оны талқылау барысы жағдайы;
- тұтынушы ретінде бір зат сатып алу барысындағы жағдай;
- көліктерде жүру барысындағы өз құқықтарын қорғау жағдайы.

VII. Алған білімдерін бақылау.

Алған білімдерінің нәтижелерін келесі түрде талқылау, көрсету:

- ауызша баяндама;
- пікірталас;
- дәйектеу;
- рөлдік ойындар.

VIII. Жасалған қорытындылар бойынша жобаға қатысқан студенттердің жұмыстарына баға беру.

«Қазақ тілі» пәнін қызығушылықпен оқып-үйренуі үшін студенттің ғылыми жобалар орындауына үлкен мән берудің қа-

жеттігі дәлелдеуді керексінбейтіні даусыз. Әрине, студенттің барлығы болашақ ғалым болмасы анық. Бірақ олар – ғылыми біліммен қаруланған тарих, орыс тілі мен әдебиеті т.б. пәннен сабақ беретін болашақ мұғалімдер.

Мұғалімдердің қазіргі кезде көп ақсап жүрген тұсы – теориялық білім мен практикалық шеберліктің басын біріктіре алмай, дағдарысқа түсуі. Себебі мұғалімдер қандай қиын кезеңде де болашақ ұрпақты оқытып-тәрбиелеу жолында еңбек етіп келеді.

Өкінішке орай, олардың басым бөлігі оқытудың жаңа технологияларын интуициялық жолмен меңгеріп келеді, азғантай уақытқа ұйымдастырылған курстар ештеңе бере алмайды. Ал мектеп басшыларының өздері көп жағдайда жаңа педагогикалық технологияға «өтіп кететін маусымдық сән» сияқты келмеске кететініне үміттеніп қарап жүргені де жасырын емес. Оқытудың жаңа технологиясының әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі мен амал-тәсілдеріне мән бермегендіктен, бұл технологиялар толыққанды өз дәрежесінде іске аспай келеді. Оның себебі неде? Мұндай келеңсіз құбылыстың мектептерде орын алу себептері мынада:

Біріншіден, қазіргі кезде білім беру саласында ғылымилық ұстаным алға шығарылып отыр. Бірақ бұл оқу пәнінің ғылымын игерсе болды деген сөз емес. Мұғалімнің ғылыми ізденім жағынан қаруланған болуы тиіс дегенді танытады. Ал мұғалімдер бұл мәселеде көп нәрсеге уақыт жағынан үлгірмей жатады немесе ізденіске мән берілмейді.

Екіншіден, ғылыми білімнің практикалық өмірде қызмет етуін талап ететін жаңа технологиялар туындап келеді. Мұғалімдердің оларды түсініп қабылдауы да кемшін. Олар дәстүрлі жұмыстан өзгеше бір әдіс секілді ғана қабылданады.

Үшіншіден, мұғалімдерге оқылатын курстардың оқу сапасы мен білім мазмұны жаңа технологиялардың талабына сай келмейді. Курс тақырыптары жаңа заман мәселелерін көтергенімен, ондағы дәрістердің дені дәстүрліліктен арыла алмай жүр.

Төртіншіден, мұғалімдердің жүйелілік ұстанымын мүлде дерлік түсінбейтіні, оған назар салмайтыны байқалады. Көп жағдайда, мұғалімдер әр технологиядан бір-бір үзіп-жұлып, тұтас сабақ құраған болып жүр. Егер мұғалімдердің барлығына

«Аралас технология» сізге ұнай ма?» деген сұрақ қойылса, онда олардың 90 %-ы «ұнайды» деп жауап береді. Себебі оларға әр технологиядан бір элемент алу — бір технологияны жүйелілікпен қолданудан жеңіл.

Бесіншіден, оқулық пен оқу құралдарына деген сыни көз-қарас білдіруге мұғалімдер енжар қарайды. Ал мұғалімдер теориялық біліммен дұрыс қаруланса ғана, ғылыми таным әдістерін меңгерсе ғана кез келген оқулыққа талдау жасай алар еді. Сонда ғана «ең жақсы оқулық» деген мәселенің талаптарын түсінер еді. Әрі оқулықтарды әділ сын негізінде әрдайым толықтыруға, дамытып отыруға қатысу оның шәкірттері үшін қажет мәселе екенін түсінер еді.

Сондықтан жоғары оқу орны қабырғасында қазақ тілін сапалы оқытудың дидактикалық мақсат-міндеттерін дұрыс орындау үшін, студенттерге жоба әдісі арқылы қазақ тілінен өз бетімен білім алудың тиімді амал-тәсілдерін жете үйрету көзделеді. Жобалай оқыту технологиясы студентке өз бетімен білім іздеу барысында оқу-танымдық амалдардың жиынтығын меңгеруіне оң ықпал етеді.

Көзделген нәтижеге қол жеткізу үшін студенттің өз бетімен білім алуы аса қажет. Өйткені тірелген тығырықтан сырттан берген ақыл бір-ақ рет шығара алады, ал өзінің практикамен тығыз байланыста танып-игерген әдістері өз ойымен бірлікте болып, саналылықпен күнделікті дағды болып сіңіріледі.

Жоғары білім беру саласы модернизациялау, жаңа оқыту технологияларын қарқындылықпен практикаға енгізу үшін дәстүрлі лекция мен семинар сабақтарды, практикалық сабақтардың болмысына жаңа леп енгізу керек. Егер дәстүрлі сабақтарда «білім, білік, дағды» ғана негізгі нысанға алынса, жаңа технологияларды қолдануда «студенттің жеке тұлғасы» проблемасы алдыңғы орында тұрады.

Қазақ тілі бойынша студентке берілген жоба түрлері мен тақырыптары – студенттің білімдік және оның толыққандылығын қамтамасыз ететін жан-жақты ақпаратты өз бетімен іздеп табуына лайықталып іріктелінеді, жүйеленеді.

Қазақ тілін ғылыми-ізденіс арқылы меңгертудегі амал-тәсілдердің бірі - студентті ақпаратты жинау амалдарымен таныс-

тыру. Онда әдебиетпен жұмыстың жолдары түсіндіріледі. Мәселен, бірінші тәсіл – сөздік минимумды анықтау. Жоғарыдағы заң терминдерін меңгеруде мынадай амалдар қолданылады: студент алдымен орысша-қазақша сөздіктерден, сосын түсіндірме сөздіктермен жұмыс жасай отырып өзіне қажет сөздерді таңдап алады. Келесі тәсіл – өзі жинаған сөздерді актив және пассив сөздерге бөлу. Сөздік қордағы сөздерді актив және пассив деп бөлу тілді үйрену барысында қандай сөздерге айрықша көңіл бөлу керектігін және тапсырманы орындауда алдымен қай лексикадан бастау керектігін, сөздердің жиілігі мен тіркесу қабілетінде қайсысы негізгі екендігін, т.б. анықтауға мүмкіндік береді. Келесі орындалатын жұмыс – сөз тіркестерін құру. Бұл заңдық ұғымдарды кең түсінуге көмектеседі. Тілдік жағынан тиісті грамматикалық норма арқылы бұл тұлғалардың айтар ойға сәйкес бір-бірімен тіркесу, байланысу қабілеттерін меңгеру. Келесі тәсіл – мағыналық тіркестерден сөйлем құрау. Одан кейінгі кезеңде өздері таңдаған жағдаяттарға сай сол сөйлемдерді пайдаланып мәтін құрау. Өз ойын жеткізуде фонетикалық нормаларды сақтай отырып, қатысымдық тұлғаларды орынды пайдалануға төселу – осы жұмыстың тілді қолдану тұрғысындағы нәтижесі деп саналады. Ал жоғарыдағы амал-тәсілдер сөйлесімді жүзеге асырудың базалық негізін қалайды.

Ал жобалау технологиясын қолдануда студенттер өздерінің алдына қойылған қазақ тілі бойынша жобаларды шешудің жолын, әдісін оқытушының басшылығымен, бірақ, негізінен, практикалық жолдан өздері орындап «өтіп шығуы» қажет болады. Өйткені жеке бастың тәжірибесі адамның өзінің жолын талдауының, салыстыруының, ұтымды тұстарын жинақтай білуінің нәтижесінде жинақталатыны аян.

Бұл жерде әрбір жеке студенттің өзін-өзі, яғни өзінің білім алу, дүниетану мүмкіншіліктерін танып-білуіне қажетті р е ф л е к с и я л ы қ әдістерді игеру қажеттілігі де туындап тұрғанын айқын көреміз. Осы жұмысты жүзеге асыруда топтық, жұптық жұмыстар ұйымдастырылады. Ол үшін білімді өзектендіру амалы қолданылады. Өзектендіру – тақырыптың өз өмірлеріне байланысты мүмкіндіктерді танумен байланысты жүргізіледі. Осы тұста студенттің тапсырманы орындауға және білімді саналы игеруіне жол ашатын мотивациялық тәсілдерді қолдану тиімді

болып табылады. Мысалы, оны берілген тапсырмалардың түрлендірілуі арқылы, топтар мен жұптарды кездейсоқтық амалымен құру арқылы, бір-бірімен топтық жарыстар ұйымдастыру арқылы жүргізудің пайдасы мол.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту мәселесін ескеру оқу нәтижесін арттырады. Мысалы, студенттің таным үдерісінде де рефлексияның алатын орны зор. Қазіргі таңда оқушының рефлексиялық мүмкіншіліктерін тану, жекелеген пәндерді оқыту арқылы оны дамыту мәселесі қарастырылып жүр. Атап айтқанда, жобаны орындау барысындағы студенттердің тақырыпты талқылауы мен есеп беруі рефлексиялық қабілеттің дамуына, қалыптасуына тірек болып табылады. Жобаны студенттер жеке түрде немесе топ болып орындайды. Жобаны орындаудың кезеңдері анықталған соң, әр кезеңнің соңында:

- «не тындырдық?»
- «әлі қандай мәселе бар?»
- «қандай мүмкіндіктер бар?»
- «біздің мүмкіндігіміз қандай?»
- «менің мүмкіндігім қандай?»
- «жобаны жақсы орындап шығудың тиімді жолдарын

қалай болжауға болады?» деген сияқты топтық немесе жеке рефлексиялық сәттер өткізіледі. Бұл тәсілдің өзі студент үшін өмірлік құндылық болып табылады. Өйткені Абайдың қара сөзінде айтылғандай, адам өзіне күн сайын, апта сайын, болмаса ай сайын есеп беріп үйренуі керек.

Проблеманы анықтай білу, оны шешуге кірісу, қажетті әдістер мен тәсілдер жүйесін алдын ала жүйелей алу – студенттен талап етілетін міндеттер. Оқытушының айтуымен ғана емес, өзінің осыған дейінгі білімі мен өмірлік тәжірибесінің негізінде осындай кезеңді қалап алған соң, студент проблемалық жағдайдың «ішіне ене алатын болады».

Ғылыми-ізденімдік жобаларды жүзеге асыру оқытушымен бірлесе отырып жасалған жұмыс жүйесінің нақты кезеңдері мен сол кезеңдерге сай келетін тапсырмалардың алдын-ала нақты берілуін талап етеді. Онда қолданылатын әдістер мен амал-тәсілдер сондықтан қадам сайын белгілі болып отырады. Студенттердің қазақ тілінен берілген проблемалық жағдайларға құрыл-

ған жоба жұмысының орындалу сатыларындағы сол әдіс-тәсілдерді төмендегі кестеден (3-кесте) анық көруге болады:

3-кесте

*Ғылыми-ізденіс жобаларын ұйымдастырудың
әдіс-тәсілдер жүйесі*

№	Студенттерге ғылыми-ізденіс жобаларын орындауда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар жүйесі
1	2
1	Қазақ тілінің фонетикасы туралы берілген тірек оқу материалымен танысып шығыңыз
2	Осы материал бойынша аннотация құрыңыз
3	Осы материал негізінде реферат жазыңыз
4	Осы оқу материалында берілген лингвистикалық ғылыми ұғымдар мен терминдерді дәптерге көшіріп жазыңыз
5	Мәтіннің негізгі мазмұнын конспектілеңіз
6	Оқу мәтін бойынша жоспар құрыңыз
7	Сіз үшін мәтіндегі тірек сөздер қайсы, теріп жазыңыз
8	Оқу мәтінін оқи отырып оның мазмұны бойынша алдын ала берілген сұрақтарға жауап беріңіз
9	Проблемалық сұрақтарға мәтінде даяр жауап бар ма, табыңыз
10	Берілген мәтінге тезис құрыңыз
11	Осы тезистің мәнін ашатын қағидалар оқу мәтінінен табыла ма, анықтаңыз
12	Оқу материалы мәтіні бойынша жоспар құрыңыз
13	Жазылған тезистеріңіз бойынша оқу мәтінінен мысалдар мен үлгілер келтіріңіз
14	Оқу мәтіні бойынша сұрақтар мен тапсырмалар құрыңыз
15	Берілген дұрыс емес сөйлемдердің дұрыс мағыналарын анықтап, сөйлемді қайта құрыңыз
16	Оқу материалында берілген мазмұнға қатысты өзіңіздің көз-қарасыңыз бен бұрынғы білімдеріңізді қосып, белгілі бір ой-түрткі шығарма жазыңыз
17	Оқу материалы мен жаттығулардағы негізгі ұғымдарды жүйелеп, сөздік талдау жасаңыз
18	Оқу материалы мен жаттығулардағы негізгі ұғымдарды жүйелеп, глоссарий жасаңыз
19	Тапсырма бойынша жоспар – конспект құрыңыз
20	Қосымша кітаптар мен еңбектерден тақырыптың жоспарына

	жақын келетін материалдарды іріктеңіз
21	Оқытушының тапсырмасына байланысты әдебиеттерді анықтаңыз
22	Тапсырма бойынша берілген оқу материалына жақын келетін қосымша материалдар оқыңыз
23	Оқу материалы мен тапсырмаларға жақын келетін бірнеше еңбектерді оқып шығып, солар бойынша даярлайтын баяндамаңыздың жоспарын жасаңыз
24	Оқу материалы бойынша қосымша оқыған еңбектеріңізден фрагменттер әзірлеңіз
25	Қойылған проблема бойынша оқыған бірнеше еңбектер негізінде түрлі көзқарастар бар екенін дәлелденіз
26	Проблеманың тақырыбын топ болып талқылаңыз, сұрақтарды өзара бөлісіп алыңыз, жеке-жеке даярланып, соңынан тұтас жауап әзірлеңіз
27	Алға қойылған проблеманы айқын танытатын иллюстрациялар әзірлеңіз
28	Жасаған жоспарларыңызды қосымша еңбектерге сүйене отырып, кең түрде баяндаңыз
29	Алға қойылған проблемада берілген ұғымдар мен терминдердің ғылыми анықтамаларын анықтаңыз
30	Берілген тапсырма мен оқу материалын коммуникативтік мақсатпен (хабарлама жасау, әңгімелесу, пікірталас жасау үшін) бірнеше рет оқып шығыңыз
31	Берілген проблема бойынша лингвистикалық есептер шығарыңыз
32	Реферат орындаңыз
33	Алға қойылған проблеманы шешу мақсатымен оқытушыдан кеңес алыңыз
34	Алға қойылған проблеманы шешу мақсатымен біреуге кеңес беріңіз
35	Берілген жоба материалын рөлге, іскери, ситуациялық ойындарға айналдырып орындауға дайындалыңыз
36	Берілген жоба материалын өзіңіздің мұғалімдік кәсібіңізде қалай қолданатыныңызды көрсетіңіз, сол мақсатқа лайықтап жүйеленіңіз
37	Негізгі және қосымша оқу материалына аналитикалық тұрғыдан іріктеу жасап, көпсатылы, концентрлік баяндама жасаңыз
38	Берілген жоба тақырыбына қажетті библиография жасаңыз
39	Берілген жоба тақырыбына байланысты сұрақтар жүйесін

	жасаңыз
40	Берілген жоба тақырыбына байланысты жаттығулар жинағын жасаңыз
41	Берілген жобаны жақсы нәтижелі орындау үшін студенттерге оқытушы қандай «Әдістемелік нұсқау» жасау керек деп санайсыз? Өзіңіз сондай нұсқау жасаңыз
42	Берілген жобаны сіздің оқушыларыңыз қалай қабылдайды деп ойлайсыз? Қиялмен, болжаммен толықтырған эссе жазыңыз

Бұл әдістер жүйесі жобалай оқыту технологиясында түрлі деңгейде, түрлі сабақтастықта қолданылады. Қалай болғанда да студент жобаны орындау барысында коммуникацияның мақсатына байланысты түрлі позицияда жұмыс жасайды, бір-бірімен қазақша қарым-қатынас жасауда интеракцияның (студенттердің өзара қарым-қатынасы), өзара перцепцияның (студенттердің өзара түсіністігі) дағдыларын меңгереді.

Қазақ тілін жоба әдісі арқылы оқыту технологиясында коммуникативтік бағдар негізгі орын алатыны белгілі. Ал бұл бағыттың студенттердің қазақша сөйлеуіне қажетті материалды жүйелеуге, жоба әдісін модельдеуде қандай лексикалық және грамматикалық тақырыптарды іріктеуде әдіснамалық орын алатыны анық.

ҚОЛДАНБАЛЫ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қолданбалы практикалық жобалар – оған қатысушы студенттердің белсенділігін дамытуға арналған және атқаратын рөлдерін алдын ала әбден талқылап алатын жоба түрі болып есептеледі. Мұнда студенттердің әлеуметтік өмірлерінің көріністерінен элементтер болуы міндетті болып саналады.

Сондықтан қазақ тілін оқыту барысында студенттің қазақша сөйлеу тілі, оның дамуы әлеуметтік өмірмен көп байланысты екенін студент өзі де айқын түсінетін болады.

Жобаны орындатуда оның құрылымы мен орындау логикасы әбден талқыланып, реттелінеді. Одан соңғы кезеңдерде жобаны әр сабақта талқылау және оқытушы тарапынан жаңа

ұсыныстар мен нұсқаулар берілгені болмаса, басынан ұсталынған бағыт бұзылмайды.

Алынған нәтижені рәсімдеу және қорғау барысында осы жобаның практикаға, яғни нақты өмірге қандай пайдасы бар екендігі басты орында тұруы керек екенін оқытушы анық білуі тиіс.

Қолданбалы практикалық жобалар тақырыбы мынадай ретте жүйеленеді:

- Астана қаласындағы көше атаулары неге қазақша емес?
- Алматының ауасы қашан тазарады?
- Жамбыл облысының ауыз суға зәрулігі қашан бітеді?
- Атырауда мұнай көп, ал табиғат қандай күйде?
- Жеке кәсіпкер мен мемлекеттік қызметші: әлеуметтік және экономикалық салыстырулар.
- Қазақша-орысша аударма сөздіктерінің ерекшеліктері.
- Мейрамханада қашан қазақша сөйлеседі? т.б.

Рөлдік және ойын жобаларды орындауда студенттердің жобаның құрылымын алдын ала жасап алуына біршама кедергілер бар. Мұндай жобаны орындауға кірісерде студент түпкі нәтижеге қол жеткізгенше, жобаның нақты құрылымы рәсімделмейді. Бұл жобаның түрін студенттер топтық жұмыс түрінде орындағаны тиімді.

Студенттер өздеріне тапсырылған жобаны орындауда өздерінің қабілеті жететін тапсырманы өз еркімен таңдап алады. Студенттер өздерінің мінезіне, сезімдік қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды орындауға қызығушылықпен кіріседі.

Мұндай жобалар түрі мен мазмұны жағынан әлеуметтік немесе іскери қарым-қатынастағы шиеленіскен жағдайлармен байланысты танылатын әдеби кейіпкерлерді сомдаумен сабақтас болып келеді.

Бұл жобалардың нәтижелерін алдын ала белгілеуге де болады, кейде нәтижелер соңынан анықталуы мүмкін. Жобаның бұл түрі шығармашылықтың терең болуын қажет етеді.

Рөлдік жоба және ойын жобаларын орындауға мынадай тақырыптар ұсынуға болады:

- «Қазақ тілінің сөз таптары әлемінде» тақырыбында мини-спектакль әзірлеу;

- «Қазақ тілі - әскери қызметте» тақырыбындағы ойын жобасы;

- «Менің болашақ оқушыларыммен қазақша сұхбат» тақырыбындағы рөлдік жоба;

- «Қазақ тіліндегі телехабарлар: сан мен сапа» тақырыбындағы ойын жобасы.

Ақпараттық жобалар. Жобаның бұл типі әуел бастан-ақ бір нәрсе, бір құбылыс туралы ақпарат, мәлімет жинауға арналған. Жобаға қатысатын студенттерге сол танылуы тиіс нәрсе немесе құбылыс туралы алдын ала белгілі бір дәрежеде мағлұмат беріледі. Келесі кезекте сол мағлұматты терең тану арқылы, талдау мен фактілерді топтастыру арқылы дәрісхана алдында нәтижесін баян ету тапсырылады.

Жобаның бұл түрі зерттеу жобасымен ұқсас болып келеді. Осыған орай оны орындаудың тәртіптелген бір жүйесі, құрылымы оқытушы басшылығымен алдын ала белгіленеді. Сол себепті ақпараттық жобаның құрылымын мынадай етіп жүйемен беру ұсынылады:

- ақпараттық жобаның мақсатын белгілеу;
- ақпараттық жобаның өзектілігін айқындау;
- ақпарат көздерін анықтау;
- «ойға шабуыл» тренингін өткізу;
- алынған ақпараттарды өңдеу: талдау, топтастыру, белгілі фактілермен салыстыру, дәлелденген қорытындылар жасау;
- нәтижені рәсімдеу: реферат жазу, мақала жазу, баяндама жасау, видеофильм түсіру, фото-альбом жасау т.б.;
- жобаның тұсаукесері (презентациясы).

Бұл жоба түрін кейде ірі зерттеу жобаларының бір құрамдас модулі ретінде орындату мүмкіндіктері де бар.

Ақпараттық жобаларды орындауға мынадай тақырыптар ұсынуға болады:

- Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдай.
- Алматы – қазақстандық қаржы орталығы: болмыс пен болашақ.

- Қазақ тілінде «жастар сленгі» бар ма?

• Елбасы Н.Назарбаевтың 2007 жылғы Жолдауындағы мемлекеттік тіл мәселесі және «тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы.

Атынан көрініп тұрғандай, моножобалар бір пәннің аясында ғана орындалады. Қазақ тілінің тілдік және сөйлеу ерекшеліктерін таныту үшін осындай жобалар орындатудың пәнді байыптылықпен оқуға пайдасы көп тиеді.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіндегі өзіндік ерекшелігі бар «Сингармонизм заңы және оның ерекшеліктері» деген тақырыбы жоба ретінде ұсынылатын болса, онда оны орындауды бір баяндамамен немесе рефератпен шектеу тиімді болмас еді. Мұндай жобаны сабақтар бойы орындату керек болады, яғни осы тақырып бойынша студент әр сабақта ашқан жаңалығы мен таныған заңдылықтарын баяндап отырады. Не болмаса, тақырыптың терең мазмұнды болуы көзделсе, оны студент тобына тапсыру керек. Өйткені әр сабақта әр студенттің пікірін жинақтау барысында алынатын мәліметтің саны да, сапасы да жоғары болуы әбден ықтимал.

Бұл жоба түрінің тақырыбы анықталған соң, оның құрылымы да толық анықталуы қажет. Онан соң оқытушының басшылығымен студенттер жобаның мақсатын, міндеттерін, жобаны орындау барысында қалыптастырылуы тиіс білік пен дағдылар жүйесін айқын белгілеп алады.

Әр сабақта әр студент топ атынан жобаның нәтижесін баяндау арқылы қандай ақпаратты өз бетімен тапқанын, талдағанын, маңызды факті деп нені тани алғанын баяндап отырады. Бұл жобаны орындауды ғана емес, талқылауды да сабақтан тыс уақыттарда, ғылыми үйірмелер мен факультативтерде ұлас-тыруға болады.

Моножобалардың тақырыбы етіп мыналарды ұсынуға болады:

– «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі»;

– «М.Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі Көксерек бейнесін суреттеуде қолданылған теңеулер мен салыстырулар»;

– «Қазақ тіліндегі синонимдер, омонимдер, антонимдер: дамуы мен қазіргі күйі»;

– Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы атаулы сөйлемдердің стильдік ерекшеліктері т.б.

Өзгетілді дәрісханада қазақ тілін оқыту, негізінен, практикалық сабақтар арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Практикалық қазақ тілі сабақтарында жүзеге асырылатын дидактикалық міндеттер тұтастықта жүзеге асырылады. Оларды атап айтатын болсақ, қазақ тілінен бұрынғы алынған білімін бекіту, қазақша сөйлеу, оқу, тыңдау, жазу дағдыларын дамыту, қазақ тілі теориясынан берілген білім минимумын игерту арқылы практикалық машық-дағдыларын қалыптастыру, қазақ ұлттық тілтаным арқылы елтаным міндетін шешу, т.б. болып жалғасады. Олардың барлығы бір сабақ үстінде шешілуі тиіс және шешіліп те жататын оқу мен оқыту міндеттері.

Осы айтылғандарға қоса, қазақ тілін оқып-үйренушілердің ұлттық ерекшеліктерін және әрбір жекелеген студенттің жеке басы қасиеті ерекшелігін ескеру ұстанымы да назардан тыс қалмауы тиіс.

Практикалық қазақ тілі сабақтарында оқытушы қазақ тілінен нақты сабақта меңгертілуі тиіс деп іріктелген грамматикалық және лексикалық білім минимумын меңгертуі керек болады. Ал студент санасында қазақ тілі туралы оқу материалын игеру үдерісі өткеріліп жатады, қабылдау үдерісінің өзіндік ерекшелігі бар бір мәселе. Оған қоса, студент талдау, жинақтау, салыстыру, топтастыру, шешімге келу, өз шешімін белгілі бір тілдік заңдылықтарға байланыстыра түсіндіре алу әдістерін үйреніп, игеріп жатады.

Қазақ тілі сабақтарын өзгетілді дәрісханада өткізуде студенттің өз бетімен орындайтын түрлі жұмыстарын арнайы жүйеге түсіріліп алынғаны дұрыс. Зерттеуде, негізінен, студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстарына иек артатын әдістемеге жүгінетін болғандықтан, бұл ретте, олардың танымдық-практикалық белсенділіктерін бір мезгілде қатар дамыта түсетін әдістер мен тәсілдерді анықтау мәселесіне тереңірек тоқталамыз.

«Қазақ тілі» пәні бойынша қолданбалы-практикалық жобаларды орындатуда еліктеу әдістеріне (имитационные методы) көбірек орын берілетіні белгілі. Ол имитациялық-еліктеу әдістері іштей екі үлкен топқа бөлінеді:

- ойын әдістері (игровые методы);
- ойын емес әдістер (неигровые методы).

Бұл әдістер екі топқа бөлінгенімен, студенттің қазақ тілін оқыту ынтасын арттыруында, тілді үйретуді жеделдетуге біртұтас нәрсенің екі жағы ретінде қатысады.

Оларды кесте түрінде төмендегідей етіп көрсетуге болады (4-кесте).

4-кесте

*Қазақ тілін оқытуда қолданылатын
интерактивтік әдістер*

Қазақ тілін оқытудың интерактивтік әдістері	
Ойындық емес әдістер	Ойын әдістері
- нақты тілдік жағдаяттарды талдау	- шығармашыл топпен нақты өндірістік жағдаяттардың практикалық міндеттерін шешу
- қазақша тілдік тапсырмаларды орындау	- нақты нысанда топтық ойын жүргізу
- қазақша сұхбат сценарийін құрғызу	- нақты жұмыс материалдарын талдау және топтастыру
- сөйлесу тақырыптарын анықтау	- нақты өндіріс, жұмыс орнында ойын жағдаяттарын қолдану
- қазақша іс қағаздарымен жұмыс жасай білуі	- іскери ойындар
- жобалау әдісі арқылы ізденіс жұмысын орындау	- рөлдік ойындар

Қазақ тілін оқыту барысында студенттерде қалыптасуы тиіс құзыреттердің ең бастысы ретінде коммуникативтік құзырет аталады. Студенттің шын өмірде кездескен тілдік жағдаяттарында сабырсызданбай, байыппен қазақша тіл табысуға ұмтылуын жүзеге асырудың бір аса тиімді жолы – қолданбалық-практикалық жобалар орындату. Өйткені осы жобаларды орындау барысында студенттің еркін ойлау механизмі, релаксациялық жігері іске қосылады, оның артында студенттің қазақша ойлау мүмкіндігін қалыптастыру тұратыны анық.

Оқытудың белсенді әдістерін анықтау, жүйелеу және білім беру үдерісіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру барлық ғылым салаларын оқытумен байланысты әрдайым жүргізіліп келді. Бұл тұста педагогтардың да, психологтардың да көптеген зерттеулері, ұсыныстары жеткілікті.

Қолданбалы-практикалық жобалар студенттің өзіндік шешіміне, қиялына көбірек ерік беретіндіктен, оқытудың белсенді әдістерін жүйелі қолданудың маңызы зор. Сонымен сабақтаса қолданылатын амал-тәсілдер де студенттің қызығушылығы мен саналы әрекетін қатар ескере отырып жүргізуге септеседі.

Қазақ тілін белсенді оқыту дегенде, ең алдымен, студенттің қазақ тілін жетік дәрежеде меңгеруге ебі бар және нық сеніммен қолдануға болатын оқу формалары, оқу әдістері – дәріс, семинар, практикалық сабақтар, семинар-пікірталас, нақты тілдік жағдайды талдау, ЭЕМ көмегімен математикалық немесе дыбыстық модельдеу т.б. жолдары айтылады.


Студенттердің жобалай оқыту технологиясын қолдануға деген қызығушылығы үлкен. Өйткені нақты жобаны орындау барысында студенттің өз бетімен білім іздеу, оқу-танымдық қабілеті оқытушының басшылығымен және достарымен біріге отырып алға қойылған проблеманы шешу барысында жетіледі, дамиды, қалыптасады.

Өздігінен шешім табу арқылы студент өмірлік қажеттіліктерді анықтау мен болжам жасау арқылы оларды іздеп тани және таба алу әдістерін меңгереді. Ал өздігінен меңгерген білім – өмірлік азық.

Студенттердің болашақ мұғалім кәсібіне аса қажетті болып табылатын басты мәселенің бірі қазақша педагогикалық шешендік десек, оның бастауы қазақ мақал-мәтелдерін танудан, талғаудан, қолдану дағдыларын игеруден басталады. Осы мақсатқа лайықталып орындалатын Жоба жұмысының үлгісін қарастырайық. Бұл жұмыстар қолданбалы-практикалық жобаға тән қағидалар, орындалатын тапсырмалар және білім алуға қажетті әдіс-тәсілдер айқын көрінеді.

Жоба тақырыбы: «Қазақ мақал-мәтелдері»

Жобалау алгоритмі



Сабақтың мақсаты:

1. Оқу-танымдық мақсат: Студенттерді қазақша мақал-мәтелдерді дұрыс қолдануға баулу.
2. Дамыту мақсат:
 - а) студенттердің қазақша мәнерлеп оқу техникасын дамыту;
 - ә) төл дыбыстарды дұрыс айта білу.
3. Тәрбиелік мақсат: студенттерді қазақ әдеби сөзі әлемімен таныстыра отырып, қазақша сөйлеу мәдениетіне баулу.

Сабаққа қатысты эпиграф: «Өнер алды – қызыл тіл»

Сабақтың құрылымы:

- 1-кезең. Тақырыпқа қызығушылық таныту
 - 2-кезең. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқу, олардың мағынасын түсіну.
 - 3-кезең. Берілген мәтіндерге ой-пікірлерін білдірту.
 - 4-кезең. Ойын түрлері
 - 5-кезең. Қорытындылар жасау
- Жобада қолданылатын әдіс-тәсілдер: ақпараттық, зерттеу әдістері
- Ұйымдастыру кезеңі.
- (Студенттер бір-бірімен шағын топпен ынтымақтастық әдістемесі бойынша жұмыс жасайды)

Топ құрамы	Топтағы рөлдер	Топты жабдықтармен қамтамасыз ету
------------	----------------	-----------------------------------

1 топ 5 студент	Отан, ел туралы мақал-мәтелдері Аталған тақырыптағы мақал-мәтелдердің маңызы туралы шағын баяндама жасайды.	Елжандылық сезімді қалыптастыратын суреттер, плакаттар
2 топ 5 студент	Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер Осы тақырыпта ақын-жазушылардың ой- пікірлерін жинақтайды.	Мақалдарға қатысты синоним сөздерінің тізбесі
3 топ 5 студент	Адам туралы мақал-мәтелдер Осы тақырыпта альбом жасайды, суреттер салады.	Адам туралы антоним сөздері жазылған пла- кат

Отан, ел туралы мақал-мәтелдер

- Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы.
- Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
- Отанды сүю – отбасынан басталады.
- Отан оттан да ыстық.
- Ел іші – алтын бесік.
- Пәлен жерде алтын бар, өз жерінде қайда бар.
- Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.



12-сурет – Отан сүю тақырыбындағы суреттер

Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер:

- Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.
- Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт.
- Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп.
- Өмірдің өзі – ұлы ұстаз.
- Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – жанып жатқан шырақ.
- Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
- Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.
- Кітап – алтын қазына.
- Өз білмегенінді кісіден сұра, үлкен жоқ болса, кісіден

сұра.

- Өзі білмегеннің аузына қарама.
- Оқымаған бір бала, оқыса екі бала.
- Көп сөйлеген білімді емес, дөп сөйлеген білімді.
- Білім – арзан, білу – қымбат.
- Білім инемен құдық қазғандай.
- Еңбегі жоқ ғалым – ыстығы жоқ жалын.
- Асыл – таста, өнер – жаста.



13-сурет – Өнер-білім мәнді сурет

- Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында.
- Адам әдет етеді, әдет түпке жетеді.

- Адам болып туған соң, адам болып өлу – парыз.
- Адам деген – ардақты сөз.
- Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде.
- Ақ жүрген адам азбас.
- Адам жайын ауылдас білмейді, істес біледі.
- Елде елу түрлі адам бар.
- Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның

тынысы.

- Адамның көркі – еңбек, заман көркі – адам.
- Кісімін дерсің, кім екенінді басыңа іс түскенде білерсің.
- Кісі қатесіз болмас, от түтінсіз болмас.
- Талабы жоқ жас – қанаты жоқ құс.
- Асыл адам жасына жетпей марқаяр.
- Он адам жүрген жерде із қалады, мың адам жүрген жерде жол қалады.
- Әркімнің өзі шығар биігі бар.

Студенттердің меңгеруі тиіс белсенді сөздігі жадынама түрінде беріледі:

1. Отан – Родина
2. ел – страна
3. алтын бесік – золотая колыбель
4. жер – земля
5. күрес – борьба
6. шаһар – қала
7. шипа – лекарство
8. туған жер – родная земля
9. парыз – долг, обязанность
10. адамның көркі – красота человека
11. асыл – благородный, драгоценный
12. талабы жоқ – нет стремления, требования
13. жалын - пламя
14. ұлы ұстаз – великий учитель, наставник, педагог
15. ақыл – разум, ум, интеллект
16. ел аралаған – обойти страну
17. сыншы - критик
18. арзан - дешевый

19. қымбат - дорогой
20. із қалады – останется след
21. марқаяр - подрастающий
22. заман – время, эпоха, эра
23. әркім - каждый
24. от түтінсіз болмас – нет дыма без огня
25. бейнет – мука, труд, тяжба
26. зейнет – блаженство (пенсия, наслаждение)
27. өнер – искусство, мастерство, ремесло
28. қанат - крыло
29. із – след
30. қазына – клад, достояние, богатство, казна
31. білім – знание, образование
32. әдет – навывк, обычай, привычка
33. ауылдас – земляк (землячка), односельчане
34. күрес – борьба
35. үлес – вклад, доля, часть

Сабақтың барысы:

1-кезең. Тақырыпқа қызығушылық таныту.

Оқытушы. Қазақ халқында мақал-мәтел «сөздің атасы» болып танылады. Мақал-мәтел белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданған үлгілі және тәрбиелік мәні зор сөздер. Онда халықтың дүниеге деген көзқарасы көрінеді.

Студент. Мақал-мәтел біз үшін өте керек. Өйткені мақалдап сөйлесу адам баласын жақсылыққа тәрбиелейді, мен достарыммен сөйлесу кезінде әрдайым мақалдарды қолданамын. Мысалы: Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет деген мақал адамдарды білімге баулиды, білім алуға шақырады, алды қиын болса, соңында жақсы нәтижелерге жететінін айтады. *(Өзінің мақал-мәтел туралы шағын баяндамасын мәнерлеп оқиды).*

2-кезең. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқу, олардың мағынасын түсіну.

Оқытушы слайдтарды көрсете отырып, ондағы мақал-мәтелдерді өзі оқып, кейін студенттерге оқытқызады.

1-топ. Отан, ел туралы мақал - мәтелдердің маңызы туралы шағын баяндама жасайды.

2-топ. Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер туралы ақын-жазушылардың ой-пікірлерін жинақтайды.

3-топ. Адам туралы мақал-мәтелдерге арналған альбом жасайды, суреттер салады.

3-кезең. Берілген сұрақтарға жауап беру.

Студенттер келесі сұрақтарға жауап береді:

1. Мақал – мәтелдің айырмашылығы неде?
2. Мақал-мәтелдердің түрлерін атаңыз.
3. Мақалдың тәрбие жұмысындағы рөлі қандай?
4. «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» деген мақалға түсініктеме беріңіз.
5. «Бай болмасаң, болма, білім-өнерге сай бол»- деген мақалда негізгі байлық неде екенін көрсетеді?
6. «Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол» мақалының мәнін түсіндіріңіз.
7. «Адам жайын ауылдас білмейді, істес біледі» деген мақалды қандай жағдаятта қолдану керек?
8. «Білім инемен құдық қазғандай» деген мақалды қандай ситуацияда қолдану керек?
9. «Он адам жүрген жерде із қалады, мың адам жүрген жерде жол қалады» деген мақалды қалай түсінесіз?
10. Өнер-білім туралы 5 мақалды жатқа айтыңыз.
11. «Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толады, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы солады», - мағынасын түсіндіріңіз.
12. Адам туралы 5 мақалды жатқа айтыңыз.
13. Отан, ел туралы 5 мақалды жатқа айтыңыз.
14. «Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің» деген мақалдың мағынасын түсіндіріңіз.

4-кезең. Ойын түрлері

1. Кімнің күні жарқын?

Топ басшылары тақтаға шығады. Тақтада үш дөңгелек суреті салынған, олар өздерінің тақырыптары бойынша мақал-мәтел айтады және әр айтқан адам дөңгелекке күн сәулесін

салады. Белгіленген уақытта күнге көп сәуле салған капитан жеңімпаз атанады.

2. Кім жеңеді?

Топ мүшелеріне оқытушы мақал-мәтелдің басын айтады, ал қатысушылар сол мақалды немесе мәтелді аяқтауы керек. Кім бірінші болып барлығына жауап береді сол топ жеңеді.

3. Дұрыс сөз.

Үш топтан бір адам шығады, әр қатысушыға бір сөз беріледі. Ол сол сөздерден тұратын мақал-мәтелдерді айтады.

4. Дәл қолдан.

Әр топқа үш мақал-мәтелден беріледі. Олар берілгендерді нақты ситуациялар жасап, сол ситуацияларда қолданады. Мақалды орынды қолданған топ жеңеді.

5. Пантомима.

Топқа актив сөздігінен сөздер беріледі. Олар берілген сөздерден пантомима жасайды.

6. Поэзия.


Оқытушы өлең жолдарын оқиды, тез оқуы керек, ал ойынға қатысушылар өлең жолдарынан мақал-мәтелдерді тауып алады.

7. Сөздерді тап.

Бірнеше әріптер жазылады. Қатысушылар сол әріптерден сөздерді тауып мақал-мәтел құрастырулары керек.

5-кезең. Қорытындылар жасау.

Сабак аяқталған соң, барлық мақсаттарға қол жеткізіледі. Онда студенттің бойында жағымды қабілеттер қалыптасады. Қолданбалы-практикалық жобалар арқылы қалыптасатын жеке тұлғаның бойындағы қасиеттер құрамы төмендегі суретте (14-сурет) көрсетеміз.



14-сурет – Қолданбалы-практикалық жобалар арқылы қалыптасатын жеке тұлғаның бойындағы қасиеттер

Негізінде, жобалай оқыту технологиясы қазақ тілін оқыту үдерісінде қолданылғанда, студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағдарланады. Сондықтан да оқытушының тікелей басшылығымен орындалатын жобаларды студентті өзін-өзі жеке тұлға ретінде тануға жасалынған айқын мүмкіндік деп те бағалауға болады.

Студенттер жобаны орындауда оқытушыны тек ақылшы деп қана емес, ынтымақтастықпен бірлесе отырып орындауға басшылық ететін жанашыр ретінде де тани алады. Сонымен бірге ынтымақтастықтың кілті өзінің курстастарымен де тіл табысып отырып қана жобаның болжамын дәлелдеуге мүмкіндіктер таба алатынына көзі жетеді.

Осының барлығы келіп, жобалай оқыту технологиясының білімді бірлесе отырып іздену – өмірдің қиындығы мен ауыртпалығын жалпыадамзаттық проблема, ал одан шығу жолдарын іздеу де жалпыадамзаттық проблема екенін тануға алып келеді. Ал бұл болашақ педагог үшін аса қажетті қабілет болып саналады.

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

Студенттер қазақ тілі бойынша орындаған жобаларды өздерінің мектептегі іс-тәжірибесінде жүзеге асырып, оқушылармен бірге оқу үдерісіне енгізуге мүмкіндік алады. Сондықтан студенттердің белсенді оқыту әдістерін меңгеруі – қазақ тілінен жобалар орындатуда қажет болып саналатын маңызды іскерліктің бірі.

Белсенді оқыту әдістері қазақ тілін оқыту барысының жекелеген сабақтарының кезеңінде болсын, тұтас оқыту үдерісінде болсын, өзінің икемділігімен ерекшеленеді. Осы икемділігі

мен қолдануға қолайлылығының арқасында белсенді оқыту әдістері қазақ тілін тиімді оқытуда студенттің тіл меңгеруінде нәтижелі мәнге ие болады.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану тек білім алушының белсенділігін арттыру үшін қолдану дегенді білдірмейді. Белсенді оқыту әдістерінің жүйелі қолданысы мен бірізділікте дамытылып отыруы ғана көзделген түпкі мақсатқа жеткізері хақ.

Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертуде белсенді оқыту әдістерін қолданудың өзіндік логикалық ретті жолы болады.

Біріншіден, студенттерге белсенді оқыту әдістерін жобалай оқыту үдерісінде жүйелі қолдану арқылы қазақ тілін оқытуда дәстүрлі жүйедегі әдістердің қазақ тілін жедел және сапалы оқытуға жеткіліксіз екенін студенттің саналы түсінуіне мүмкіндік жасау керек. Оған оқытушы қазақ тілінің оқыту құралдарын, бағдарламалары мен оқулықтарын талдау арқылы және студенттер арасында жүргізілген түрлі тест, сауалнама, жаттығу-тапсырмалар арқылы көз жеткізуге болады.

Екіншіден, оқытушы белсенді оқыту әдістерін нақты жобаны орындату барысында дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттардың әрқайсысына сай іріктеп алып, оны студенттердің қызығушылығын арттырудың бір жолы ретінде де пайдалануы нәтижесінде оқыту үдерісі де жандандырылатын болса, студенттің бұл әдістерді саналы қолдануы жүзеге асады.


Үшіншіден, қазақ тілін оқыту үдерісінде белсенді әдістерді қолдану студенттің білімді саналы түрде меңгеруіне де тірек ретінде қолданылуы тиіс. Сонда студенттің өзі-ақ кейбір әдістемелік құралдарда беріліп жүрген қандай да бір жалған түсінік тудыратын («Алмас орманда келе жатып, ағаш басынан телевизор көріп қалды» деген сияқты т.б.) оқыту өрнектерін мүлде қолданбауға саналы түрде келеді. Бұл жоба жұмыстарында барынша пайдалы және қажетті мағлұматтарды орынды қолдануға мүдделі ететін болады.

Төртіншіден, қазақ тілі сабақтарында белсенді оқыту әдістерін неғұрлым өмірге жақын жағдаяттармен байланыстырып қолдану да студенттің білімі мен білігінің ұштасуына әкелетінін оқытушы ескеруі тиіс. Бұл орайда алынған білімді арнайы ұйымдастырылған тілдік жағдаят арқылы практикалық

дағдыға айналдыру мүмкіндігінің үлкен екені дау тудырмайды. Ойындық жобалардың өзінде де студенттің белгілі бір проблемалық жағдаятты шешуге қатысуы арқылы сол сабақта алған білігі автоматтандырылып, оның өмірлік дағдыларын қалыптастыруға жол ашатын болады.

Бесіншіден, студенттердің шығармашылық, ізденімдік қабілеттерін дамыту мақсатында орындалатын жұмыстардың жүргізілу жүйесі мен бағдарлары да белсенді оқыту әдістеріне негізделуі оқытушы жадында тұруы қажет. Мысалы, жобалай оқыту технологиясы аясында студенттің белгілі бір атау этимологиясын зерттеуі, қазақ тіліндегі жарнамалардың тіліне талдау жасау, көше атауларының тарихын зерделеу, т.б. бағыттағы жұмыстар студенттердің шығармашылық қабілетінің ұшталуына жақсы әсер ететіні сөзсіз.

Алтыншыдан, белсенді оқыту әдістерінің тиімділігін студенттің күнделікті шынайы өмір салтына байланысты тексеру жолдарын нақтылап белгілеу де оқытушының шеберлігін көрсетеді. Студент өзінің мамандығы бойынша қазақ тілінде ғылыми баяндама жасауына, реферат жасауына қажетті білік-дағдылар қалыптастырып, пәнаралық байланыс негізінде кәсіби пәндер оқытушысымен бірлесе отырып, интеграциялық сабақ өткізілсе, студенттің өзі меңгерген білімнің деңгейін тексеруіне мүмкіндік туар еді. Бұл орайда, әсіресе, пәнаралық жобаларды сапалы жүргізудің жүйесі қалыптасатыны да анық.



*15-сурет – Белсенді әдістер тиімді қолданылатын қазақ тілін
жобалай оқыту түрлері*

Қазақ тілінің сапалы оқытылуы – мемлекеттік тілді дамыту саясатымен де, педагогикалық мақсатпен де, әлеуметтік сұраныспен де тікелей байланысты мәселе. Сондықтан да қазақ тілін өзгетілді дәрісханада оқыту әдістемесінің жаңа арнаға бұрылуына қолайлы мүмкіндіктердің барлығын талдау, тану және қолдан келгенше қазақ тілін оқыту тәжірибесіне енгізу арқылы үлкен міндеттерді шешуге әр оқытушы және тұтас әдіскер-ғалымдар тобы өз үлесін қоса алатыны даусыз. Бұл бағыттағы жұмыстар дәстүрлі оқыту жүйесі мен қазіргі студент білім берудің маңызды субъектісіне айналған жаңа жүйенің – кредиттік оқу жүйесінің арасындағы айырмашылықты түсіну және соған сай әр оқытушының өзінің оқу-оқыту үдерісіндегі орны мен рөлін дұрыс бағамдау нәтижесінде ұйымдастырылғанда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондай жаңа бағыттағы жаңа технологияның бірі – жобалай оқыту технологиясы арқылы оқыту мен дәстүрлі оқыту жүйесінің басым бағыттарын өзара талдау жасау осы мәселенің саналы шешілуіне ықпал етері анық. Мәселен, келесі кестеде (5-кесте) бұл айқынырақ көрініс тапқан деуге болады:

5-кесте

*Дәстүрлі және жобалай оқыту жүйелерінің белгілерін
салыстыру кестесі*

Салыстыру негіздері	Дәстүрлі оқыту жүйесінде	Жобалай оқыту технологиясы жүйесінде
Оқыту мақсаты	Студенттерге білім беру	Студенттердің жеке басының қабілеттерін, теориялық білім алу арқылы теориялық ойлауы мен тілін дамыту
Тұғыры	Студенттердің жеке басының қажеттіліктері мен қызығушылығын қоғамдық қажеттіліктерге бағындыру	Студенттердің теориялық ойлауының дамуына, дүниетанымының ғылыми негізде қалыптасуына, сөйлеу тілінің алған теориялық біліміне сай дамуына бағыттау

Оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасы	Студенттер – оқу әрекетінің объектісі. Оқытушы – түсіндіруші, студент – білімді қабылдаушы.	Оқытушы - субъект; студенттер –субъект, Субъект-субъект қарым-қатынасына негізделген, оқытушы мен студенттің ынтымақтастығы.
Мұғалімнің қызметі	Студенттерге қажетті білім мазмұнын игерту	Студенттердің оқылып отырған тіл құбылысын танымдық объект ретінде меңгеруіне жағдай жасау
Студенттердің қызметі	Оқытушы айтқан білім мазмұнын меңгеру, берілген тапсырмаларды орындау	Оқытушының басшылығымен өміртаным заңдылықтарын өз бетімен игеруге дағдылану
Студенттердің білімін бағалау	Нақты критерийлер арқылы, басқа студенттермен салыстыру арқылы бағалайды	Студенттердің дара тұлға ретінде өсу барысын анықтай отырып, рейтинг жүйесімен болашақта қандай мүмкіндіктері танылатынын болжай отырып бағалайды

Жоғары оқу орындарында мұғалім даярлауда оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін меңгерту – болашақ қазақстандық маманның сапалы даярлауының бір көрсеткіші. Гуманитарлық бағыт мұғалімдерін даярлауда оларға қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгертудің тиімді жолы – жоба әдісін қолдану.

Тарих және құқық пәндері мұғалімдерін, орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерін, бастауышта оқыту мұғалімдерін даярлауда оларды кәсіби тұрғыдан қазақ тілінің даналық сөздері мен ой маржанына баулу мен тәрбие беру арқылы болашақ қазақстандық мектепте оқитын балалардың дамуына жайлы мүмкіндіктер қаланады.

Гуманитарлық бөлім студенттерінің кәсіби тұрғыдан дамуына қазақ тілі пәнін оқыту арқылы жоба әдісін қолдану көптеген игі нәтижелер бере алады. ЖОО-да білім беруді жаңашаландыру үдерісінде студенттердің белсенділігін арттырудың бір жолы қазақ тілінен олардың мамандығына байланысты жобаларды орындату болып келеді.

Оқытушы қазақ тілінен жоба орындаушы студенттердің ойын технологиясынан хабардар болуына мүмкіндік беруі керек. Ойын әдістері қазақ тілін меңгеруде күнделікті жұмыспен бірге студенттердің жоба орындау барысындағы шығармашылық-ізденім жұмыстарын да қызықты және әсерлі ететін оқытудың ұтымды тәсілдерінің бір жолы болып табылады. Ойын әлемінің қызықты шарты қайталау, есте сақтау, алынған мәліметті бекіту мен меңгерудегі бір сарынды әрекетке эмоциялық жағымды әсер береді, ал ойын қызметіндегі эмоциялық әсер студенттің барлық психологиялық үдерістер мен әрекеттеріндегі белсенділігін арттырады.

Ойынның тағы бір ұтымды тұсы – білімді жаңа жағдайда қолдана алу қабілетінің дамуына және студенттердің қазақ тілінен меңгерілген оқу материалын өзіндік тәжірибеден өткізуіне септігін тигізеді және оқу үдерісін түрлендіреді, оқушыларды ынталандырады. Осы кездегі ойын әдістерінің студент алатын білімнің ақпараттық жағынан кеңеюіне де өзіндік пайдасын тигізе алады.

Ойын – жобалық тапсырмаларды орындау барысында студенттің қызығушылықпен қолданатын әдістердің бір түрі. Ойын – оқыту құралы. Оқыту үдерісінде ойынды қолдану – кездейсоқ нәрсе емес. Педагогтар мен психологтар білім берудегі дағдарыстарды женуде ойынның дамытушылық мүмкіншілігі зор екенін атап өтеді. Бұл әдіс шет елде білім беру ісінде кең өріс алып отыр.

Ойын барлық әрекет түрінің әмбебап практикалық аспабы ретінде қолданылады. Педагогикалық әрекеттің негізгі мәні білім беру ғана емес, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, таным қызметін басқару және проблемалық-танымдық жағдайларды құрудан тұрады.

Ойын технологиясының маңызын айта келе, зерттеуші ғалымдар ойын әдісінің төмендегідей қызметтерін бөле-жара көрсетеді :

- сергіту (бұл ойынның негізгі қызметі – сергіту, шабыттандыру, өз ісіне риза болу, қызығушылығын арттыру);
- қарым-қатынастық (сөйлеу диалектикасын меңгеру қызметі);

- диагностикалық (нормативтік тәртіптен ауытқушылық, ойын барысында өзін-өзі тану);
- терапиялық (тұрмыста пайда болатын түрлі қиындықтарды жеңу);
- өзін көрсете білу (жасырын мүмкіндіктер мен қабілеттердің танылуы);
- ұлтаралық қарым-қатынас (жалпыадамзаттық әлеуметтік- мәдени құндылықтарды меңгеру);
- әлеуметтілік (қоғамдық қарым-қатынас жүйесіне қосылу);
- эстетикалық (ойыннан ерекше әсер алу) [37].

Ойында барлық студенттер тең деңгейде болады. Онда өзіне берілген тапсырманы әр студенттің тіпті қазақ тілінен тиянақты білімі жоқ студент те орындай алады. Тіпті тілден дайындығы төмен студент ойын үстінде өзін бұрын беймәлім болып келген жаңа қырынан көрсетуі де мүмкін. Өйткені кей жағдайда ойынды өткізу кезінде пәндік білімнен гөрі тапқырлық пен зерттік маңыздырақ рөл атқаратын жайлар да кездеседі.

Өзара теңдік сезімі, тапсырманы орындау үстіндегі өзін еркін сезіну, қуаныш және еліктеушілік атмосферасы – осының бәрі студенттің сенімін арттырады, ұялшақтық, жасқаншақтық сезімдерін жеңе білу мүмкіндіктерін қалыптастырады. Ойын қатынастары арқылы студент материалды еркін меңгеріп кетеді және оның бойында өзіне, өз ісіне риза болу сезімі оянады.

Жоба орындау үдерісіндегі ойын әдістері студенттің белсенділігін арттыратын түрлі ойын әдіс-тәсілдері және жағдайлар арқылы жүргізіледі. Түрлі жағдайда ойын белгілі бір драмалық шығарма тәрізді, оның өз сюжеті, қайшылықтары және қатысушы тұлғалары болады.


Ойын жағдайлары ойын сабақтарының барысында бірнеше рет қайталануы мүмкін және әр жағдаяттың ерекшелігіне қарай кей кезде ол жаңа нұсқада ойналады. Ойын барысында ұсынылатын жағдаяттар – нақты өмірдегі жағдайлардың баламасы. Оның өмір шындығына жақындығы ойындағы негізгі тетекірісте (конфликт) жарыс ойындарында ашыла түседі.

Жарыс ойындары – қазіргі таңда ойын әдістерінің ішінде жиі қолданылатын түрі. Мұндай ойындар студенттің ойлау шап-

шаңдығын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысында міндетті түрде күтпеген жағдайлар болады, осындай кезде студент кідіріп қалмай жылдам шешім қабылдай білуге жаттығады. Жобаны орындау үдерісінде ойын әдістері мен жағдайларын жүзеге асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- студенттер алдына дидактикалық мақсат ойын тапсырмалары негізінде қойылады;
- оқу қызметі ойын ережелеріне бағынады;
- оқу материалы оның құралы ретінде қолданылады;
- оқу қызметіне дидактикалық тапсырмаларды ойынға ауыстыратын жарыс элементтері енгізіледі;
- дидактикалық тапсырмалардың сапалы орындалуы ойын нәтижелерімен байланыстырылады.

Оқыту үдерісіндегі ойын қызметі төмендегідей болып сараланады (16-сурет):



16-сурет – Жобаны орындау барысында қолданылатын ойынның атқаратын қызметтері

Ойынның бұл аталған қызметтері бір мақсатқа жұмылдырылғанмен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Атап айтқанда:

1. *Білімдік қызметі* білім алушының есте сақтау, зейін, ақпаратты қабылдау, жалпы оқытуда білім және біліктерін, тілдік ұғымдарды меңгеру қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді.

Мұның бәрі ойынның эмоционалдық және ойлау қызметінің, шешім қабылдау білігінің қалыптасуын талап ететін және басқа да оқыту мүмкіндіктеріне бай ерекше ұйымдастырылған оқу қызметі екенін көрсетеді.

2. *Тәрбиелік қызметі* ойын барысында зейінділік, ойын бойынша серігіне адамгершілікті қатынасы, ізеттілік, өзара көмек және өзара қолдау сияқты қасиеттерге тәрбиелейді, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

3. *Сергіту қызметі* жоба орындау барысында жағымды атмосфера қалыптастыра отырып, сабақты қызықты, тартымды етеді де, тіпті кейде ертегі әлеміне немесе ерекше оқиғаға айналдырады.

4. *Қарым-қатынастық* (коммуникативтік) қызметі тілдік ұғымдарды сөйлеу тілінде сапалы және сауатты қолдана білуде студент топтарын біріктіреді, жаңа эмоционалды-коммуникативтік қатынастарды қалыптастырады.

5. *Релаксациялық қызметі* тілдік теорияларды белсенді меңгеруде жүйкеге салмақ түсуінен пайда болған эмоционалдық шаршауды жоюға көмектеседі.

6. *Психологиялық қызметі* студенттің әрекетін неғұрлым сапалы ету мақсатында жеке физиологиялық біліктерді қалыптастырып, ауқымды ақпараттарды меңгеру үшін студенттің психикасын қайта құрудан тұрады. Психологиялық тренинг жүзеге асырылады, өмірдегі жағдайларға жақын рөлдік ойындарда және басқа да ойындар кезінде қалыптасатын түрлі жеке психологиялық қабілеттердің пайда болуынан байқалады.

7. *Дамытушылық қызметі* дара тұлғаның резервтік мүмкіндіктерінің белсенділігін арттырып, оның бойындағы жеке қасиеттердің даму үйлесімділігіне бағытталады.

Жобаны орындату барысында ойынды қолданудың критерийлері бар, олар мынадай болып келеді:

- когнитивтік;
- процессуалдық;
- іс-әрекеттік;
- эмоционалдық.

Мұндағы *когнитивтік критерий* жүргізілетін ойын әдісі жайында мұғалім білімінің, мағлұматының және де ойынның тиімділігі жөнінде түсінігінің болуын талап етеді.

Процессуалдық критерий субъектіде өзінің көздеген мақсатына жету үшін ойынды өз мүмкіндігіне қарай пайдалана білу біліктілігінің қалыптасуы, педагогикалық үдеріс шеңберінде ойын әрекеттерін жобалай білуін қажет етеді.

Іс-әрекеттік критерий – бұл мұғалімнің күнделікті педагогтік қызметінде ойын әдіс-тәсілдерін жүйелі пайдалану деңгейі.

Эмоционалдық критерий мұғалімнің өзіндік педагогикалық ойын әдістерін жүзеге асыруға деген құлшынысы мен ойынды өзінің сабақ барысындағы қажеттілігіне сәйкес пайдалануға деген қызығушылығының болуы.

Ойын технологияларын зерттеуші ғалымдардың бір тобы іскерлік ойынның студент білімі мен білігін арттырудағы мәніне көңіл бөлу қажеттігін айтады. Іскерлік ойынның басты ерекшелігі бұл технологияның төмендегідей кезеңдерінің мазмұнынан бай-қалады (6-кесте) [38]. Оның әр кезеңіне тән жұмыстар қатаң орындалғанда ғана іскерлік ойын өз мақсатына жетеді:

6-кесте

Іскерлік ойынды өткізу жүйесі

Дайын-дық кезеңі	I. Ойынға дайындық	- ойынның бағыты - іскерлік ойынның жоспары - ойынға жалпы сипаттама - ойынды өткізу нұсқауы - ойынды материалдық қамтамасыз етумен байланысты дайындық жұмыстары
	II. Ойынға кіріспе	-мақсат пен міндеттердің нақтылануы - шарты мен нұсқауы - уақыт кесімі, ережелері - рөлдердің бөлінуі
Өткізу кезеңі	I. Тапсырмалар бойынша топтық жұмыс	- қажетті әдебиеттермен жұмыс - тренинг - «ойға шабуыл» - ойын техникаларымен жұмыс

	II. Топтар арасындағы пікірсайыс	- топтардың қатысуы - пікірлерді қорғау - пікірсайыс ережесі - сарапшылар жұмысы
Талдап қорыту кезеңі	- ойын тұжырымы - талдау, пікірталас - жұмыс нәтижесін бағалау және өзін-өзі бағалау - тұжырым және жалпы қорытындылар - ұсыныстар	

Іскерлік ойындар міндетті түрде проблемалық сипатқа ие болады. Сондықтан оларды орындау нәтижесінде студенттерде мынадай іскерліктер қалыптасады:

1. Проблеманы түсіну іскерлігі, яғни студент ұсынған немесе келіп түскен ақпараттың мазмұнын бұрынғы игерген білім, дағдыларын пайдалана отырып түсінеді;

2. Проблеманы сипаттау іскерлігі, яғни материалдың мәнін түсініп, өздерінше болжамдар жасауы;

3. Проблема қою іскерлігі, яғни ақпаратты жеткізудің формасын ойластыру, бір формада екіншіге ауысу;

4. Проблеманы шешу іскерлігі, яғни проблеманың шартына, мақсатына қарай оны жоспарлау, талдау жасау, шешім қабылдауы;

5. Нәтижені (шешімді) ой елегінен өткізу іскерлігі, яғни шешімді толықтыруы, ол үшін басқа ақпараттарды іздестіруі, нәтижені бағалауы;

6. Қабылданған шешімді хабарлау, яғни оны жеткізудің формасын ойластыру, ойын екінші адамға түсінікті етіп жеткізе білу іскерліктері қалыптасады.

Проблемалық жағдаятқа талдау жасалғаннан кейін оқытушы студенттерге «ойға шабуыл» әдісін қолданады. Онда студенттерге проблеманың туу себебін ойластыру тапсырылады. Оқытушы оған алдын ала сұрақтар құрастырып, дайындалады, проблеманың басқа да нұсқаларын ұсынады.

Студенттер проблеманың бір нұсқасын таңдауы немесе өздері тарапынан ұсынылған проблеманың себебін, шешімінің дұрыс-бұрыстығын дәлелдеуге тырысады. Егер студенттер тарапынан басқа да проблемалар ұсынылса, олардың әрқайсысы

тақтаға жазылып, студенттер оның қойылу себебін іздейді. Оқытушы түрткі жасап, жетекші сұрақтар қою арқылы студенттердің жауаптарын толықтырып отырады.

Студенттердің ұсынған болжамдарының дұрыс-бұрыстығын бірден айтпай, өздеріне әрі қарай ойлануды тапсыру тиімді. Бұл болжамдар студенттердің әрі қарай топқа бөлініп, мәселені шешудің басқа да жолдарын іздестіруіне түрткі болады. Ал оқытушы қосымша ақпарат көзін айтып, оларды ізденуге бағыттап отыруы тиіс.

Кей кездерде проблеманың шешімі дұрыс та болмауы мүмкін, бірақ бұл үрдістегі негізгі мәселе олардың ізденуі, ол үшін әрекет етуі, қосымша ақпараттарды пайдалануы, өздерінше бір тұжырымдар жасауға қалыптасуы. Сонымен, проблеманы шешудегі ізденістер олардың жобалау әрекетінің формасы болып табылады.

Оқытушы ізденістің барлық кезеңіне қатысып отырады, кеңес береді, бірақ өзінің беделін пайдаланып, мәселенің түйінін өзі белгілемейді. Өйткені жобалай оқыту технологиясы студенттердің өз бетімен жұмыс істеу әрекетіне негізделеді. Студенттер жеке де, топпен де белгілі бір уақытта мәселенің шешімін дайындайды. Мәселені шешу үшін студенттің бойында интеллектуалды қабілеттер: талдау, салыстыру, жинақтау, ойша жобалау, болжамдар жасау, ақпарат көзін іздеу, бағалау т.т. болуы керек, яғни студенттердің бойында осындай қасиеттердің қалыптасуы көзделеді. Мұндай іскерлік бірден қалыптаспайды, ол үшін алдын-ала жүргізілетін дайындық жұмыстарына тікелей тәуелді болады.

Дайындық жұмыстарының құрылымы мынадай болуы мүмкін:

- 1) Жұмыстың тақырыбын, оның жобасын, типін, қатысушылардың санын анықтайды.

- 2) Оқытушы тақырыптың ішінен проблема туғызатын мәселені айқындайды, бірақ студенттерге оны міндеттемейді. Студенттер оқытушының қойған сұрақтарына қарай проблеманы өздері анықтайды.

- 3) Дидактикалық міндеттерді айқындап, оны орындайтын студенттерді топқа бөледі, тиімді әдістерді, ақпарат іздеу жолын, шығармашылық шешімдерді талдайды.

4) Студенттерді өз жоспарлары бойынша дербес, топпен шығармашылық міндеттерді шешуге жұмылдырады.

5) Топ болып немесе сабақта алынған нәтижені талдау.

6) Жобаны қорғау.

7) Жасалған тұжырымдарды ары қарай дамытуға байланысты болжамдар жасау, бағалау, жобаны қорытындылау.

Жобалай оқыту технологиясымен оқытудағы ең маңызды мәселе – проблеманы дұрыс қоя білу және оны шешуге студенттерді ұйымдастыра алу. Проблема белгілі бір тақырыптан алынатыны белгілі. Алайда онымен бірдей болмайды. Проблема тақырыптан ерекшеленеді. Атап айтқанда, проблема қарама-қайшылыққа құрылады, ары қарай талдауды, шешуді қажет етеді. Жобалай оқыту технологиясында қарама-қайшылық оқылатын пәннің мазмұнына қатысты туады.

Үлгі өрнек келтірейік.

Оқу пәні: Қазақ тілі.

Тақырып: Ойды жеткізудегі септік жалғауларының маңызы.

Проблема: Қазақ тілінің заңдылықтарын игермей-ақ, ойды жеткізе беруге болмай ма?

Жобалай оқыту технологиясының жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі орны ерекше. Ол ерекшелік студенттің өзіндік ізденіс белсенділігінің әрдайым жоғары болуымен, топтық ізденістің нәтижесін талқылай білуге дағдылануымен, болжам жасауға, шешімге келуге дағдылануымен анықталады.

Теориялық мәселелерді игеруге көп мүмкіндік беретін әдіс-тер шоғыры – ізденім-зерттеу әдістері. Жоғары оқу орындарының орыс тілді гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгертуде теориялық мәселемен байланысты жоба тақырыптарын «Қазақ тілі стилистикасы», «Ресми стильдің қалыптасу барысы», «Қазіргі қазақ газеттері және қазақ тіл мәдениеті мәселелері», «Этимологиялық ізденістер: қазақтың көне ыдыс-аяқ атаулары» т.б. түрде етіп беруге болады.

Зерттеу әдістеріне сай ұйымдастырылатын жобалар толығымен зерттеу жұмысын жүргізу логикасына бағынады, соны-

мен қатар осындай жобаның құрылымы да зерттеу жұмысының құрылымына ұқсас болып келеді.

Студенттер жобаның бұл түрін орындауды бастар алдында тақырыптың өзектілігіне қажетті аргументтерді жүйелеп, зерттеудің проблемасын анықтайды. Осымен бірге зерттеудің пәні мен нысанын, зерттеу міндеттерін, зерттеу әдістерін, ақпарат алу көздерін, зерттеудің әдіснамалық негіздерін, болжамын, проблеманы шешу жолдарында студент оқытушымен біріге отырып жобаны орындауға кірісер алдында толыққандылықпен шешіп алуы керек.

Қол жеткізілетін нәтиже мен зерттеудің ғылыми және практикалық жаңалығын да студент айқын белгілеп алуы керек. Зерттеу жобасының жазба түрде рәсімделуі мен осы зерттеу жобасынан туындайтын жаңа зерттеу тақырыптарын студент өз бетімен анықтауға ұмтылуы тиіс.

Гуманитарлық бөлім студенттеріне осындай зерттеу жобаларының мынадай тақырыптарын ұсынуға болады:

- қазақ тіліндегі жарнамалар және олардың стильдік ерекшеліктері;
- қазақ тіліндегі балабақшалар және олардағы ұлттық тәрбие;
- Қазақстан қалалары және олардағы көшелердің қазақша аталу жағдайы;
- Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында қазақ әйелі бейнесінің суреттелуіндегі ерекше тілдік қолданыстар;
- Томирис патшайым бейнесі және оны қазақ қыздарын тәрбиелеуде қолдану әдістемесі;
- Қазақстан – 2030: ұрпақ қамы, т.б.

Осындай бір жобаның түрін келтіре отырып, студенттің өз бетімен ізденім-зерттеу әдістерін меңгеру желісін зерделеп көрелік.

Жобаның тақырыбы: «Адам – табиғаттың перзенті, оның бір бөлшегі» деп аталды. Студентке осы тақырып бойынша зерттеу жүргізу үшін мынадай жұмыс жоспары құрылып беріледі:

- 1) тақырыпқа байланысты әдебиеттер жинау;
- 2) тақырыптың өзектілігі мен мақсатын айқындап, одан туындайтын міндеттер жүйесін белгілеу;

3) адам баласының өмірі табиғат аясында өтетіні және сол өз үйін қорғау әрбір азаматтың парызы екендігін өз тәжірибесі негізінде дәлелдеу;

4) қаладағы экологиялық проблемалар туралы материалдар жинау;

5) адам баласының табиғатты аялай білуге үйренуіне қажетті шарттарды анықтап, жүйелеу;

6) қорытынды сөз мазмұнын белгілеу, мұнда адамды табиғатты аялай білуге үйрету үшін, адамның өзін табиғаттың бөлшегі екенін ұғындырумен байланысты жұмыстардың ең алдымен жүргізілуі қажеттілігін дәлелдеу;

7) пайдаланылған әдебиеттер тізімін жасау.

Осы жоба бойынша жұмыс жасау барысында студент өз бетімен біраз әдістерді үйреніп, санасына сіңдірді, атап айтқанда, мынадай қабілеттері жетілді:

– студент өз бетімен тақырыпқа байланысты әдебиет жинауға машықтанды;

– студент өз ойын дәлелдеуге қажетті әдістер мен тәсілдерді саралай алды;

– студент өз ойын дәлелдеу үшін жинақтаған практикалық материалдарды өз мақсатына сай пайдалануға үйренді;

– студент алға қойған проблемадан шығудың өзіндік жолдарын анықтап, нақты теориялық немесе практикалық ұсыныстар берудің тиімді жолдарын анықтады.

Студенттің осы жоспардағы барлық іс-әрекетінің таным логикасы жүйесіне сай ұйымдасуына оқытушының басшылық етуі тиіс. Сонымен бірге, студент орындаған жоба жұмысына оқытушы өз тарапынан объективті баға беруі керек.

Ғылыми-ізденіс жұмыстарының жүйесі мен құрылымы шынайы ғылыми жұмыстармен толық сай келуі керек деген ұстанымға сай бұл бағыттағы жобаларды бағалау үшін міндетті түрде оппоненттер алдын-ала тағайындалады. Жұмыстың оппоненттері даярланған жобаларды мұқият талдап шығып, пікірлерін әзірлейді. Осы жобаны қорғау кезінде қазақ тілі бойынша берілетін бағдарламалар мен авторлық бағдарлама сәйкестігі салыстырыла келе, жобаны қорғау ұйымдастырылады. Сол қорғауда ең шешімді пікірді оппоненттер айтатын болады. Ал

жоба қорғаушылар олардың айтқан сын-ескертпелеріне жауап беру арқылы өз деңгейлерін көрсетеді.

Қазіргі кезде мектеп бітірушілердің емтиханды жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып тапсыру тәжірибесі де кез-десіп жүр. Бұл да білімді жаңаша бағалаудың көрінісі болып са-налады.

Жалпы жаңа заманға лайық оқытудың негізіне алынатын инновациялық үрдістер білім берудің барлық салаларын қамтып, қанат жайып, әр түрлі қырынан танылып келеді. Қазіргі инновациялық үрдістер В.И.Загвязинскийдің сөзімен айтқанда, білім бе-рудің мынадай салаларында қамтылады [39] :

1) Білім беретін түрлі оқу орындарындағы білім мазмұнында қамтылады.

2) Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиясын, ұстанымдарын, әдістерін, формаларын, тәсілдері мен амалдарын қарастырады.

3) Оқу-тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру жолдарын анықтайды.

4) Мектепті басқару жүйесін жаңашаландыру жолдарын зерттейді.

Жаңа технологиямен оқыту, оқытудың жоғары белсенді түрін дамытудың мүмкіндігі техникалық және электрондық құралдарды тиімді қолданғанда тіпті арта түседі. Жобалай оқыту технологиясы студенттердің қазақ тілін танып-білуінің тиімді құралы ретінде алынғанда, осы оқыту әдісінің үлкен жүйе құра алатын қасиеті ерекше танылады. Бұл жерде «жобалау» деген сөздің ішкі мағынасындағы айырмашылықта болатын екі саланы айырып тани білу керек.

Оның біріншісінде «жоба» әрекеттің жемісі ретінде танылса, екіншісінде «жоба» таным әрекетін ұйымдастыратын басты әдіс ретінде танылады.

«Жоба» әдіс ретінде қолданылғанда, алға танылып-анықталуы тиіс белгілі бір проблеманы қойып, оны шешуге жеке студентті немесе студенттер тобын жұмылдыру үдерісі ұйымдастырылады. Сонымен қатар, бір жоба әдісі арқылы бір сабақта да, сабақтар сериясы бойы да жұмыс ұйымдастырып, көздеген нәтижеге жетуге болады.

Жобалай оқыту арқылы алға қойылған проблеманы шешу барысында студенттердің өз бетімен білім алуын қалыптастыра отырып, қазақ тілін практикада қолдану дағдылары дамытылады.

Бұл жердегі ізденімдік әдістердің нәтижесінде студенттердің өз алдына берілген тақырып туралы белгілі бір дәрежедегі ақпараттар мазмұнын жинақтауға, оны шешу туралы болжам жасауға, қазақша сөйлеу тілін жаттықтыра отырып, сөйлемдер құруға үйренуге, сол арқылы қазақша ойлауға дағдылана бастайды.

Қазақ тілін үйретуде бұл әдістерді жүйелі түрде жоспарлап, жобалай оқыту технологиясында қолдана отырып, оқытушы алдындағы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ғылыми нәтиже алу үшін ізденудің оптималды түрлерін өз бетімен таба білуіне бағдар береді де олардың танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Мұндай ізденіс бағытындағы жұмыстарды өз деңгейінде жасауы нәтижесінде студенттердің жауапкершілік қасиеті мен көздеген мақсатына жету сезімдерін қалыптастырудың оңтайлы жолы танылады.

Бұл ретте «Қазақ тілі» пәні оқытушысының міндеті – студенттердің әрқайсысын ізденім жолындағы белсенді таным қызметін шеберлікпен ұйымдастыра білуі.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы аясында жүзеге асырылатын оқу-танымдық әрекеттің мазмұндық құралымын мынадай кесте түрінде (7-кесте) көрсетуге болады:

7-кесте

Жобалай оқыту технологиясын қолдану арқылы қазақ тілін меңгертудегі оқу-танымдық әрекеттер жүйесі

Оқу-танымдық әрекеттің құраушы бөлшектері	Оқытушының алға қойған міндеті мен әрекеттері
1. Алға қойылған мақсат	- студенттермен біріге отырып, алға қойылған мақсатқа жету жолын анықтау
2. Қазақ тілін оқып-білу мотиві	- студенттердің бойындағы оқу және әлеуметтік мотивтерін тірек етіп, соларға сүйену
3. Қазақ тілін жобалай	- көздеген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін

оқытудың құралдары	оқу құралдарын студенттермен біріге отырып таңдау
4. Қазақ тілін жобалай оқыту аясындағы оқу әрекеттері	- оқу-таным әрекеттерінің вариативтілігі, студенттің жеке басының ізденім қабілетіне сай әрекет түрін таңдау мүмкіндігі
5. Нәтиже	- студентке бағалы болып саналатын нәтижеге қол жеткізуі; оқытушы үшін студенттің ішкі жан-дүниесіндегі оң өзгерістердің дамуы
6. Бағалау	- студенттердің өзінің қол жеткізген нәтижесін өзі бағалай білуіне үйрету

Осы жүйемен құрылған қазақ тілін оқыту үдерісінің көз-деген нәтижеге қол жеткізер мүмкіндіктері мол деп саналады. Жобалай оқыту технологиясы арқылы тілді меңгерту – қазақ тілін гуманитарлық бөлім студенттеріне оқытудың өте икемді моделі. Бұл технологияның негізгі ұстанған бағдары – студенттерге қазақ тілін оқыту арқылы олардың шығармашылық әлеуетін мүмкіндігінше мол дамыту, олардың физикалық және интеллект-туалдық дамуын жүзеге асыру.

Студенттер жобаларды орындауы барысында өздерінің ерік және шығармашылық қабілеттерінің жетіле түсетініне өздері де куә бола алады. Әрине, негізінен оқытушының басқаруымен, жетекшілігімен жүріп отыратын жобалай оқыту технологиясын қолдану арқылы білімді меңгертуде объективтік және субъективтік жаңашылдық басым болып келеді.

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та пай-да болған жобалай оқыту технологиясының бастау көзі саналатын «жобалау әдісінің» теориялық негізі «прагматикалық педагогика» болып саналады. Ол «прагматикалық педагогиканың» философиялық іргетасын қалаған Джон Дьюи екені де жоғарыда айтылған болатын.

Айтылған ойлар мен талданған тиімді әдістерді жинақтай отырып, жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің тұжырымдық негіздерін былайша пайымдауға болады:

- тек практикалық нәтиже арқылы алынатын білім ғана ақиқат және құнды болып табылады;
- адам баласы онтогенезде өзін қоршаған ортаны танып-білуі барысында жүріп өткен адамзаттың жолын қайталайды;

- оқу-таным үдерісінде студент те осы жолды қайталай отырып, жекеден → жалпыға қарай жүру жолын, яғни индуктивтік жолдан → дедукцияға қарай жүру жолын ұстанады;

- қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы оқып-меңгеру студент үшін оқытушы тарапынан басқарылып отырылғанымен, негізінен, студенттің ерік-жігеріне көбірек сүйенетін, сол қасиеттерді дамытуға бағытталған үдеріс болып табылады;

- студент өзінің қазақ тілі туралы білім алу қажеттілігін практикалық тұрғыдан анықтап қана осы тілді меңгеруге белсенділікпен кірісе алады;

- сол үдерісте студент қазақ тілін оқып-білудің орталық әрі белсенді субъектісіне айналады;

- қазақ тілінен берілетін білім мазмұнын студенттерге проблемалық оқыту тұрғысынан меңгерту үдерісі ұйымдастырылады;

- студенттердің танымдық белсенділігі жобаны орындау үдерісінде жоғары деңгейде болады;

- студенттердің қазақ тілін оқып-білу үдерісі осы технологияны қолдану нәтижесінде оның өмірімен тікелей байланыста болады;

- қазақ тілін оқыту үдерісі оқу әрекеті теориясы тұрғысынан ойын, еңбек, жанды үдеріс түрінде ұйымдастырылады.

Бекіту сұрақтары:

1. Жобалай оқыту технологиясы бойынша істелетін жұмыстарға қойылатын талаптарды атаңыз.

2. Жобалау технологиясы арқылы орындалатын жұмыстардың типтерін атаңыз.

3. Ғылыми-ізденіс жобаларын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдер жүйесі қандай?

4. Қолданбалы-практикалық жобалар арқылы қалыптасатын жеке тұлғаның бойындағы қасиеттерді атаңыз.

5. Жобаны орындау барысында қолданылатын ойынның атқаратын қызметтерінің ерекшеліктері.
6. Іскерлік ойынды өткізу жүйесі қандай кезеңдерден тұрады?
7. Жобалай оқыту технологиясын қолдану арқылы қазақ тілін меңгертудегі оқу-танымдық әрекеттер жүйесін түсіндіріңіз.
8. Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің тұжырымдық негіздерін атаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Жобалай оқыту технологиясының мақсаты қандай?
2. Жобалай оқыту технологиясының ерекшелігі мен мәнін анықтаныз.
3. Жобалай оқыту технологиясының антропологиялық тұғырларын нақтылаңыз.
4. Жобалай оқыту технологиясының нәтижесінде қалыптасатын тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерді саралаңыз.
5. Қазақ тілін меңгертуде жобалай оқыту технологиясы түрлерін жүзеге асырудың ұтымды амал-тәсілдері мен әдістерін атаңыз.
6. Жобалай оқыту технологиясының сапалы білім берудегі тиімділігі немен байланысты анықталады?
7. Жобалай оқыту технологияның артықшылығы неде?
8. Жобалай оқыту технологиясы студенттің білім деңгейін дамытуға қалай көмектеседі?
9. Жобалай оқыту технологиясы шығармашылық белсенділікті қалай дамытады?
10. Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі қандай?
11. Жобалай оқыту технологиясы арқылы мемлекеттік тілді меңгертудің арнайы ұстанымдары қандай?
12. Жобалай оқыту технологиясы негізінде қазақ тілін меңгертуде қандай құзыреттіліктер қалыптастырылады?
13. Ғылыми-ізденістік жоба түрлеріне қандай жобалар жатады?
14. Қолданбалы-практикалық жоба түрлеріне қандай жобалар жатады?
15. Жобалай оқыту технологиясын жүзеге асыруда қолданылатын әдістерді атаңыз.

16. Жобалай оқыту технологиясы бойынша істелетін жұмыстарға қандай талаптар қойылады?

СТУДЕНТТІҢ ОРЫНДАЙТЫН ӨЗІНДІК ОЙБӨЛІС ТАПСЫРМАЛАРЫ

1.«Оқыту технологиясы дегеніміз бұл – педагогикалық практикада психологиялық жегістіктерін қолдану». Бұл кімнің тұжырымы екенін айтыңыз және оған дәйектеме жасаңыз. Ойыңызды қағазға түсіріңіз.

2.«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім» / М.Әуезов /«Адам адам болу үшін оған білім қажет» / Я.А.Коменский / Ғалымдардың осы пікірлеріне сүйене отырып, оқытудың әлеуметтік мәнін ашыңыз.

3.Төменде берілген ойбөліс оралымдары бойынша оқытудың жаңа технологияларының мәнін ашыңыз:

- «білген сайын келеді біле бергім...»
- «білімсіздік туралы білім» жағдаятына талдау;
- ұсынылған ойбөліс оралымдарын талдап, бағалаудың шешімін жазбаша түрде табыңыз.

4. Технологиялылықтың басты өлшемдері: тұғырнамалығы; жүйелілігі; басқарымдылығы; нәтижелілігі; өнімділігі.

5.Қазақ тілін оқытудың жаңа технологияларының шығу тегі және құрамдас бөліктері / әлеуметтік өзгерістер, жаңа педагогикалық ойлау т.б. /

6.Төменде аталған ұғымдарға өзіңіздің пайымдауыңыз негізінде анықтама беріңіз:

- қазақ тілін оқыту технологиясы дегеніміз... –
- қазақ тілін оқыту жүйесі.....
- қазақ тілін оқыту әдістемесі.....
- жалпы оқыту технологиясы.....

Осы ұғымдардың бір –бірінен айырмашылығы қандай?

7.Төменде берілген тұжырымдардың ішінен технологиялық ұстанымын айқындайтын тұжырымды таңдап алыңыз: тұғырнамалығы; жүйелілігі; нәтижелілігі; басқарымдылығы; бұқаралы-

лығы; нәтиженің белгісіздігі; вариативтігі; экономиялылығы; өнімділігі; ұзақтығы; көпфакторлылығы; күрделілігі.

8. Оқу процесін ұйымдастыру, оқыту әдістері мен формалары, оқытушы мен оқушы әрекеті, оқыту болжамы – бұлардың бәрі....тән. Ойыңызды жазбаша мысалдармен дәлелденіз.

9. Төмендегі анықтамалардың ішінен оқыту технологиясы ұғымының мәнін ашатын тұжырымды жазбаша атап көрсетіңіз:

- Оқыту технологиясы - бұл оқытуды жоспарлау, жобалау, ұйымдастырып өткізу бойынша біріккен педагогикалық әрекеттің әрбір деталі ойластырылған моделі / В.М.Монахов/.

- Жаңа технология оқу процесін іске асыратын және мұғалім іс-әрекетін жоспарлайтын модульдердің жобасын жасауды көрсетеді / Ә.Қабдықайырұлы/.

- Оқыту технологиясы дегеніміз – дидактикалық жүйенің құрамдас процессуальды бөлігі /М.Чошанов/.

- Технология – оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету процесі / И.П.Волков/.

- Педагогикалық технология – бұл оқу процесін жүзеге асыратын мазмұнды техника / В.А.Беспалько /

- Технология – бұл белгілі бір өнерде, шеберлікке қолданатын тәсілдер жиынтығы;

10. Оқытудың жаңа технологияларын классификациялау кезінде тұлғаға бағыттылығы амалы қалай жүзеге асады?

11. Оқыту технологиясы ұстанымы қалай жүзеге асатынын көрсетіңіз.

12. Танымдық әрекетті басқаруы мен ұйымдастыруы бойынша бір типке жататын технологиялық топты сипаттап жазыңыз.

13. Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялары қандай нышандар бойынша жіктелген:

а/ қолдану деңгейі бойынша;

ә/ психологиялық негізі бойынша;

б/ философиялық негізі бойынша;

в/ оқушылар категориясы бойынша;

14. Баламалы технологиялардың негізінде қандай идея жатыр?

15. Ізгілендіре оқыту технологиясының мәні неде және оның ынтымақтастық технологиясынан айырмашылығы қандай?

16. Ынтымақтастық технологиясының мәнін ашатын зерттеулер.

17. Дәстүрлі әдістеменің класс – сабақ жүйесінде оқушыны зерттеу.
18. «Педагог- оқушы» қатынасы жүйесіндегі оқушыға көзқарас технологиясы туралы мақсаттың қойылуы.
19. Қандай технологияны антропоцентрлік деп атайды және оның авторитарлық және дидактоцентрлік технологиядан айырмашылығы неде екендігін сипаттап жазыңыз?
20. Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы негізінде оқушының тұлғалық моделіне сипаттама беріңіз.
21. Оқушының жеке қасиетінің қалыптасу деңгейін анықтайтын диагностиканың тиімділігі неде?
22. «Қазақ тілі» пәні оқытушысының портреті қандай?
23. «Қазақ тілі» оқытушысының кәсіби қалпы туралы пікір.
24. Психолого- педагогикалық диагностика туралы не айта аласыз?
25. Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялық жүйесіндегі оқытушының тұлғалық моделі туралы жазбаша пікір.
26. Жаңашыл оқытушылардың технологиялары /Қ.Нұрғалиев, К.Айқалиев, А.Ысқақов, Г.Айдаралиева, К.Бітібаева. т.б/
27. Жаңашыл педагогтардың оқыту технологиясы туралы ой - тұжырымдар, шығармашылық әрекет.
28. Өзіңіз тұратын жердегі /қала, ауыл, т.б./ жаңаша оқыту технологияларымен танысып, зерттеу жүргіздіңіз бе?
29. Қазақ тілін қатысымдық әдіспен оқыту технологиясы...
30. Оқыту технологиясы мен тәрбиелеу өнерінің айырмашылығы неде?
31. Оқыту өнері мен оқыту технологиясының айырмашылығы бар ма?
32. Қазақ тілін оқытудың жаңа технологияларының құрылымы туралы тұжырымыңыз.
33. Қазақ тілін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту технологияларының процессуальды компоненті...
34. Қазақ тілін модуль арқылы оқыту технологиясының мазмұндық компоненті...
35. Сабақ моделін құру технологиясының ережесін жасап, қорғаңыз.
36. Қазақ тілінен дәстүрден тыс сабақтың жоспарын жасап, қорғаңыз/ лексика саласы бойынша/.

37. Қазақ тілі сабағының моделін құрып / морфология/, қорғаңыз.
38. Қазақ тілін модуль арқылы оқыту технологиясы бойынша сабақтың ақпараттық картасын жасап / сөзжасам/, қорғаңыз.
39. Қазақ тілінің синтаксисі курсы бойынша технологиялық карта дайындап, қорғаңыз.
40. Деңгейлік оқыту технологиясы бойынша сабақ моделін дайындап, қорғаңыз.
41. Білім деңгейін бақылау диагностикасы, рейтингілік жүйе.
42. Компьютер арқылы оқыту технологиясы.
43. Студенттер білімін бақылау түрлері: ағымдық, аралық, қорытынды, тақырыптық.
44. Тест - оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың ұтымды әдісі.
45. Тест және оның дамуы, ұтымды түрлері мен формаларынан не білесіз?

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- 1. Білім беру жүйесінің басты мақсаты**
 - А) ұлттық білім моделін жасау
 - В) дамыта оқыту
 - С) ақпарат беру
 - Д) компьютерлік білім беру
 - Е) түсінік-ұғым
- 2. «Әдістеме» пәнінің қарастыратын нысаны**

- A) оқыту үрдісі
- B) тіл білімі
- C) пән мазмұны
- D) дағды мен іскерлік
- E) бағыт беру

3. «Әдістеме» пәнінің әдіснамалық негізі

- A) лингвистика
- B) философия, дидактика
- C) логика
- D) кибернетика
- E) парадигма

4. Фонетиканы оқыту ұстанымдары

- A) дыбысты морфеманың құрамына қарау
- B) көрнекілік
- C) саналылық
- D) экстралингвистикалық
- E) когнитология

5. Сөзжасамды оқыту ұстанымдары

- A) мотивациялық , құрылымдық
- B) ғылымилық
- C) белсенділік
- D) ақыл-ойын дамыту
- E) сөздік қырын дамыту

6. Морфологияны оқыту ұстанымдары

- A) парадигмалық
- B) көрнекілік
- C) теорияны практикамен ұштастыру
- D) алдын-ала болжау
- E) сөз тұлғалары

7. Педагогикалық сұрақтың түрлері

- A) әңгімелесу
- B) аналитикалық, синтетикалық
- C) репродуктивті
- D) іздену

Е) ақпараттық

8. Оқыту әдістері

- А) репродуктивті әдіс
- В) танымдық
- С) практикалық
- Д) дидактикалық материалдар
- Е) ізденушілік

9. Жоспардың түрлері

